

«Асыл мұра» орталығы  
Центр «Асыл мұра» («Золотое наследие»)

**ҰСТАЗ  
МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ  
ӘЛКЕТАНУШЫ**

**ПЕДАГОГ  
ДЕЯТЕЛЬ КУЛЬТУРЫ  
КРАЕВЕД**

Қызылжар, 2012 жыл  
Петропавловск, 2012 год

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз.-7

Ұ 81

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы.  
«Асыл мұра» орталығы

Ақылдастар алқасы: Таңат Сүгірбаев, Социал Жұмабаев,  
Қайролла Мұқанов.

Северо-Казахстанский областной  
историко-краеведческий музей.  
Центр «Асыл мұра» («Золотое наследие»)

Редколлегия: Таңат Сугурбаев, Социал Жұмабаев, Қайролла Мұқанов.

Ұ 81

**Ұстаз. Мәдениет қайраткері. Өлкетанушы/Күраст.: Олжас Мұқанов.**  
– Қызылжар, 2012. - 260 б.

**Педагог. Деятель культуры. Краевед/ Сост.: Олжас Мұқанов. –**  
Петропавловск, 2012. - 260 с.

ISBN 978-601-7029-55-5

Өнірімізге белгілі ұстаз, мәдениет қайраткері, өлкетанушы, тарихшы, қарымды қаламгер-журналист Қайролла Мұқанұлы Мұқановтың 80 жылдығына орай құрастырылған кітап. Қалың оқырманға арналған.

Книга подготовлена к 80-летию известного в области педагога, деятеля культуры, журналиста, краеведа, историка Кайроллы Мукановича Муканова. Для широкого круга читателей.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз.-7

ISBN 978-601-7029-55-5

© «Асыл мұра» орталығы  
Центр «Асыл мұра» («Золотое наследие»), 2012

*Күн артынан күн туар  
Бір күн дамыл еткізбес.  
Ой артынан ой туар  
Желге мінсең жеткізбес.*

**Абай**



*Өз орныңды ерте табу – шын бақыт  
Орны-орнына кімді қоймас бұл уақыт.*

**Мұзафар Әлімбаев**



*Уақыт емес, біздер өтіп барамыз,  
Бәсекелес қарбаласқа қараңыз.  
Артта қалар ошпес белгі тастауга  
Адамишылық бір кірпішін қалаңыз.*

**Қәкімбек Салықов**



## ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ



Қайролла Мұқанұлы Мұқанов 1932 жылдың 26 қыркүйегінде қазіргі Тимирязев ауданындағы «Ынтымак» ауылында туған. Ауыл бастауыш мектебін қазақ тілінде соғыстың қайнап тұрған кезінде 1942 жылғы жазда бітірді. Әкесі және оның үш інісі бірдей әскерге және әскери зауытқа жұмысқа алынғаннан кейін отбасында тек көрі әжесі мен жеңгесі қалды. Тұрмыс қын болды. Жақын жерде қазақ орталau не орта мектебі болмады. Осындай қыыншылықтарға байланысты ол бір жыл ешқайда оқи алмады. Тек 1943 жылы наурыз айында әкесінің інісі Хамза әскерден жарапанып келгеннен кейін ғана окуға мүмкіндік туды. 1943-1944 оку жылдарында Хамза ағасы оны жақын жердегі Дмитриевка селосындағы орыс жетіжылдық мектебіне окуға орналастырды. Ол кезде жасөспірім Қайролла орыс тілін мүлде білмейтін еді, сондықтан оны мектеп басшылары 2-ші сыныпқа отырғызды. Алғашқы кезде тіл білмегендіктен біраз қыыншылықтар болды. Кейін ол тілді менгеріп жақсы оқи бастады. Барлық қыыншылықтарға қарамастан 1949 жылы осы мектепті жақсы бітіріп, сол кездегі Октябрь ауданындағы орталығындағы Марьевка орта мектебіне окуға түсті. Бұл мектепті күміс медальмен тәмамдал 1952 жылы Алматы қаласындағы С.М. Киров (қазір әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің философия бөліміне окуға қабылданды. З-ші курста бұл бөлім жабылғаннан кейін сол университеттің тарих факультетінде оқуын жалғастырды. 1957 жылғы жазда осы факультетті тәмамдал елге оралды.

Еңбек жолын Қайролла Мұқанұлы Октябрь ауданында (қазіргі Тимирязев ауданында) тың игеру кезінде жаңа құрылған Хрушев (кейін «Восход» совхозы деп аталды) совхозының орта мектебінде тарих пәннің оқытушысы болып бастады. Келесі 1958-1959 оку жылы сол мектептің оку ісінің менгерушісі болып тағайындалды. 1959 жылдың тамызы айында Октябрь аудандық оку бөлімі (менгерушісі В.Д. Кузнецов) оны сол ауданындағы (қазір Шал ақын ауданы) Городецкий сегізжылдық мектебіне директор етіп жіберді. Городецкое үлкен село болғанымен мектебі нашар екен. Ескі мектептің жаңынан саман кірпіштен жаңа мектеп салынып жатыр екен. Екі ай бойы құлағалы тұрған ескі тар мектепте жұмыс істеуге тұра келді. Әйтеуір қараша айында жаңа мектеп дайын болды. 1967 жылдың сегізжылдық мектеп орта мектепке айналды. Қайролла Мұқанов осы мектепті 12 жыл басқарды. Мектеп аудан ішінде абырайлы болды. 1971 жылдың 10-шы желтоқсанында Қайролла Мұқанұлы Солтүстік Қазақстан облыстық оку бөлімінің менгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметте ол үздіксіз 23 жыл істеді. 1995 жылдың басынан бастап 6 жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер әрі аға оқытушы қызметін атқарды. Ол 1993 жылды зейнеткерлікке шықса да жұмыссыз қарап отырмады. 2001 жылғы 1-ші ақпаннан бастап осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының жаңынан құрылған «Асыл мұра» ғылыми-зерттеу орталығында белсенді қызмет істеп келеді.

Қ. Мұқанов негізгі қызметімен қатар көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды. 1972-1995 үздіксіз Халық ағарту ғылым істері жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподак комитетінің Президиумының мүшесі, Облыстық атқару комитетінің жаңындағы байқау комиссиясының, Облыстық табиғатты қорғау қоғамы Президиумының мүшесі болды.

1992 жылдан бастап осы күнге дейін облыстық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, 1990 жылдан 2005 жылға дейін облыстық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасының орынбасары, 1995 жылдан осы күнге дейін облыстық Сәбит Мұқанов атындағы әмбебап кітапханадағы өлкетанушылар клубының мүшесі болып істеп келеді. Соңғы жылдары ол Петропавл қалалық ономастикалық комиссиясының мүшесі болды.

Қ. Мұқанов сонау 1943 жылдан бері аудандық, облыстық, республикалық газеттерге әр тақырыпта мақалалар жазып келеді. Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін әсіресе өлкетану жұмысымен көбірек айналысада. Өзіміздің Солтүстік Қазақстан өнірінің атақты адамдарының өмір жолын зерттеп, материалдар жинап баспасөз бетінде жариялаумен шұғылданады. Ол үшін Солтүстік Қазақстан облыстық, Алматыдағы Орталық республикалық және Омбы, Тобыл қалаларындағы мұрағаттарды зерттеп көптеген құжаттарды сарапап, бұрын белгісіз болған бірсыныра материалдар жинады. Сонымен қатар өлкеміздің зиялыш қарт адамдарымен сұхбаттасып, олардан да біраз тарихи материалдар, естеліктер, шежіре т.б. жазып алды. Оның үстінен көптеген кітаптардан, газет-журналдардан да қажетті материалдар жинады. Соларды пайдаланып, баспасөз беттерінде қазақ, орыс тілдерінде көптеген мақалалар жарияладап, бірнеше кітаптар шығарды.


Қ. Мұқанов әріптесі Социал Жұмабаев екеуі бірігіп атақты жерлесіміз Тоқсан би туралы, революционер Баймағамбет Ізтөлин туралы («Арманды ақын»), Барлыбаевтар әулеті туралы («Бір әулеттің тарихы»). Ал марқұм Фалым Қадырәлинмен бірігіп Қазақ КСР-на еңбек сіңірген ұстаз Шияп Садықов туралы, белгілі оқытушы Қайреш Қоспанов туралы, бұрынғы «Союзцелинвод» тресінің бастығы Қаттай Кеншінбаев туралы кітаптар шығарды. Бұларға қоса үшеуі бірігіп Серіз сері Шақшақовтың 2

томдық, Қожаберген жыраудың бір томдық шығармалар жинағын тағы басқа кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов жеке өзі өлкеміздің зиялы азаматтарының бірі Абылай қажы Рамазанов туралы («Елін сүйген азамат»), Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз Қағида Базарбаева туралы («Ұлағатты ұстаз»), Қызылжар қаласындағы қазақ педагогикалық техникумының тұңғыш директоры, «Алаш» партиясының мүшесі, журналист, дәрігер Жұмағали Тлеулин туралы орыс тілінде («Жумагали Тлеулин – деятель Алаш Орды»), өзінің туған ауылы туралы («Ынтымақ ауылы»), өніріміздегі қыздардың арасынан алғаш жоғары діни білім алған, бірақ сол кездегі байлардың зорлығымен арманына жете алмай қыршынынан қыылған Ұмсын сұлу Жұсыпқызы туралы («Ұмсын сұлу»), өлкеміздің белгілі зиялы азаматтары туралы («Өлкө тұлғалары»), т.б. кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов облыс мектептері мен халық ағарту органдарында жалпы алғанда 44 жыл еңбек етті. Ол осы уақыт аралығында халық ағарту ісінде көрсеткен жетістіктері үшін көптеген медальдармен, ордендермен, мақтау қағаздармен, құрмет грамоталармен марапатталған.

# КАЙРОЛЛА МУКАНОВ



Кайролла Муканович Муканов родился 26 сентября 1932 года в крестьянской семье в ауле Ынтымак бывшего Октябрьского (ныне Тимирязевского) района Северо-Казахстанской области. После окончания аульной начальной школы на родном казахском продолжил учебу на русском языке вначале в Дмитриевской семилетней, затем в Марьевской средней школе. Окончив Марьевскую среднюю школу с серебряной медалью, в 1952 году поступил в Казахский государственный университет имени С.М. Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы).

После окончания исторического факультета КазГУ в 1957 г. начал трудовую деятельность учителем истории в средней школе Целинского совхоза имени Н.С. Хрущева Октябрьского района Северо-Казахстанской области. В 1958-1959 учебном году работал завучем этой же школы. А в августе 1959 г. был назначен директором Городецкой восьмилетней школы того же района. Чуть позже школа была преобразована в среднюю. В этой школе Кайролла Муканович проработал директором 12 лет.

В декабре 1971 г. он был назначен заместителем заведующего Северо-Казахстанским областным отделом народного образования (облОНО). С 1 февраля 1995 г. до 1 февраля 2001 г. работал старшим преподавателем кафедры инновационных педагогических технологий областного Института усовершенствования учителей (ИУУ).

С 1 февраля 2001 г. до сегодняшнего дня К. Муканов работает сотрудником научного литературно-исторического

методического центра «Асыл мұра» («Золотое наследие») при Северо-Казахстанском областном краеведческом музее.

Кайролла Муканович - активный общественник. С августа 1972 г. по август 1995 г. являлся активным членом Президиума Северо-Казахстанского обкома профсоюза просвещения и науки. Член областной наблюдательной комиссии при исполнкоме областного Совета народных депутатов. В это же время он - член президиума областного Общества охраны природы. С 1992 года по настоящее время член областного совета ветеранов. С 1990 по 1995 гг. работал заместителем председателя областного общества «Қазақ тілі» на общественных началах. С 1995 г. по настоящее время К.М. Муканов является активным членом клуба краеведов при областной библиотеке им. С. Муканова.

Кайролла Муканов систематически занимается творческой работой. Он еще в школьные годы писал заметки, стихи, делал зарисовки в школьную стенгазету, затем в районную и областную газеты. Работая директором школы, затем заместителем заведующего облОНО и сотрудником ИУУ, К.М. Муканов опубликовал в областных газетах «Ленин Туы» и «Ленинское знамя», республиканских газетах «Қазақстан мұғалімі» и «Учитель Казахстана», журнале «Қазақстан мектебі» большое количество статей на педагогические темы.

После выхода на пенсию (1993 г.) Кайролла Муканович продолжает работать. В этот период он много занимается краеведческой работой. Собирает материалы о знаменитых земляках-североказахстанцах в областных, республиканских архивах, Государственном архиве Омской области, архиве г. Тобольска и др. Беседуя со старожилами, пополняет свои знания о прошлом области. В результате такого неустранного труда, им написаны статьи о творчестве академика Евнея Арстановича Букетова, академика Аманжола Коша-

нова, поэта Какимбека Салыкова, архитектора Шоты Валиханова, писателей-земляков Сабита Муканова, Габита Мусрепова, Ивана Шухова, Сафуана Шаймерденова, Герольда Бельгера, Кожабергена жырау, Сегиз Сери Шакшакова, Магжана Жумабаева, Миржакыпа Дулатова, Ахмета Байтурсынова и др.

Кайролла Муканов совместно с Социалом Жумабаевым подготовил и издал книгу о знаменитом бие XIX века, уроженце Северного Казахстана Токсане Жабайулы (Токсан би), книгу «Арманды ақын» о поэте-революционере Баймагамбете Изтолине. К.М. Муканов собрал огромный материал и выпустил в 2003 г. книгу под названием «Елін сүйген азamat» («Человек, любивший свой народ») о знаменитом земляке, члене партии «Алаш», репрессированном в 1928-1931 гг. Аблае Рамазанове и др. И сегодня он продолжает исследовательскую краеведческую работу о знаменитых земляках, по истории области.

За 44 года неустанной работы Кайролла Муканов внес значительный вклад в дело развития и совершенствования народного образования области. За большие заслуги в этой сфере он награжден многочисленными орденами, знаками отличия, медалями, почетными грамотами, благодарственными письмами.



# МЕНИҚ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫМ

«Өзге емес, өзім айтам өз жайымды»  
Қасым Аманжолов



Өмірде әр адам әр түрлі өмір сүреді. Біреулер аз жасап өмірден ерте озады. Біреулер көп жасайды. Адам өзі қанша өмір сүретінін білмейді. Адамдардың мінездері де, білімі, ой-қабиғеті де әртүрлі. Біреулері ширак, еңбеккор болса, біреулері керісінше, жалқау келеді.

Абай атамызы Отыз жетінші сезінде: «Дүние – ұлкен көл, заман – соққан жел, алдындағы толқын – агалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», - депті. Шынында да солай. Біздің алдымызда қаншама аталарымыз, агаларымыз өмірден өтті. Енді міне біз де аға, тіпті ата болдық. Бізден кейін інілеріміз, балаларымыз, немерелеріміз өсіп келеді. Өмір осылай жалғаса береді. Алдыңғы толқын – агалар кейінгі толқынға, кейінгі ұрпаққа өз көргендері мен білгендерін тым болмаса өз өмірі арқылы қалдырып отырғаны дұрыс қой деймін. Биыл мениң сексенге келерімді білген жиенім Олжас өз ынтасымен «Ата, сіз туралы кітап шығарайық. Сіз өз өміrbаяныңызды жазыңыз, мен сізді жақсы білетін достарыңыздан, жолдастарыңыздан, әріптестеріңізден, шәкірттеріңізден, ағайын-туыстарыңыздан сіз туралы пікір жаздырып алайын. Сейтіп, сіздің мерейтойыңызға бір кітап құрастырып шығарайық», - деп ұсыныс жасады. Мен ойланып барып бұған келістім. Сейтіп, осы қысқаша өміrbаяндық мәліметтерді жазып отырмын, ағайын. Әрине, мұнда 80 жылдық

өмірде бастаң кешкендер, көрген-білгендер түгел қамтылмайды. Менің өмірім мен еңбек жолымның кейбір сзықтарын осы кітапта көлтірілген жұрттың мен туралы жазған пікірлері толықтырап деп ойлаймын.

Сонымен, енді сонау Ашамайлы Керейден бастап өзімнің өмір жолымды қысқаша баяндауға көшейін.

Мен Ашамайлы Керей Танаш бидің кенжесі Тарышыдан бастау алатын Самайға, оның ішінде «Шұбарат Самайға» қарайтын Жанбура әзулетіне жатамын. Жанбурадан Құдайқұл, одан Кенжетай, Кенжетайдан – Ақбота, Ақботадан – Шабан, Шабаннан – Найман, Найманнан – Сыздық, Сыздықтан – Мұқан, Мұқаннан – мен Қайролла. Сонда Жанбура менің сегізінші атам екен.

Менің қазіргі құжаттарда туған күнім 26 қыркүйек 1932 жыл деп көрсетілген. Ал марқұм әжем Сарбит Жаншолақ-қызының айтуынша, мен жылқы жылы туыптын. Олай болса мен 1930 жылы туған боламын. Осы дұрыс сияқты.

Менің шешем Мағрыш дуниеден өткенде мен 3-4 жаста болсам керек. Мен оны анық білмеймін. Жасынан әжемнің бауырында өстім. Әже деп отырғаным әкем Мұқаннның шешесі. Әжем мен оның жолдасы Сыздық Найманұлында 5 ұл болыпты: Ахметжан, Мұхаметжан (Мұқан), Құрман, Омар, Хамза. Ахметжан жастай қайтыс болыпты. Сыздық та ерте өмірден өтіпті. Сөйтіп бұл үйдің ендігі үлкені менің әкем Мұқан болып қалған екен. Мен ес білгелі Ынтымақ ауылындағы кең шым үйде әжеммен бірге үш ұлы: Мұқан, Омар, Хамза тұрды. Ал Құрман өз отбасымен бөлек бір кеңшарда тұрды. Менің шешем қайтқаннан кейін біраз жыл әкем үйленген жок. Омар бойдақ, колхозда әртүрлі жұмыста болды. Оны сол кезде Ақмола-Қарталы, Мойынты-Шу темір жолының құрылышына жіберіп, ол сол жағтарда біраз уақыт жұмыс істеп келгені есімде қалыпты. Ол керемет балажан еді, мені сондай жақсы көріп, еркелететін. Сол алыстағы

жұмыстан келгенде маған әртүрлі киім-кешек, тағы басқа сыйлықтар әкелетін. Әжемнің кенже ұлы Хамзаның мен ес білгенде Төлеу деген келіншегі болды. Бірақ ол ауырып ерте қайтыс болды. Міне, осында отбасында мен жалғыз бала болғандықтан ерке болып өсіппін. Әжем Сарбит ақылды, парасатты, мейірлі, қайырымды кісі болыпты. Сондықтан ол тек ағайын-туғандар арасындаған емес, бүкіл ауылға беделді, сыйлы болыпты. Оны бүкіл ауыл адамдары «Әйә» дейтін, ал біздің үйді «Әйәң үйі» дейтін еді. Мұны мен өсе келе өзім де байқадым. Әжемнің арқасында мен шешемнің жоғын да аса байқамадым. Әжемді сыйлаған ауыл адамдары мені де жақсы көріп еркелететін. Қазір есімде жоқ кім үйреткені, мен кішкентай кезімде-ақ жеті атамды жаттап алыппын. Үйге келген кісілер қызық көріп, «Кәне жеті атаңды айтшы», дегенде, сауылдатып айтып беретінмін. Сондай-ақ «Кімнің құлышың, кімнің үмбетісің?» - деген сұрақтарға кідірмей, «Құдайдың құлышын, Мұхаметтің үмбетімін», - деп жауап беретінмін. Жасымда өз тендерестеріммен еркін асық, топ, айғөлек, т.б. ойындар ойнадым. Мен кішкентай кезімде маңайдағы ағайындардың үйіне кетіп қалады екем, кейде олар қызық көріп өздері үйлеріне алып кететін. Артынан шешем Мағрыштың ізден келе жатқанын көріп, олар мені тығып қоятын. Енді Мағрыш шешем келіп «Қайрөш!» десе, «Мен мұндамын», - деп шыға келетін көрінем. Айтпақшы әжем мені еркелетіп «Қайрөш» десе, бүкіл ауыл адамдары да солай «Қайрөш» деп атайдын. Үйдегілер түгел күлкіге батып қалады екен. Мұны кейін маған Қабиев Зейнолла ағай, тағы басқа соны көргендер айтты.

Мен сауатымды ерте, мектепке бармай тұрып аштым. Ол былай болды. Біздің үйдің жанында бапам (Тілеуберді) үйі болды. Ол үйдің есіктері бөлек екі бөлмесі болды. Соның шағын бөлмесінде ауылдағы бастауыш мектептің мұғалімі Бекпасов Төлеміс отбасымен тұрды. Оның Куаныш деген

інісі бірінші сыныпты бітірген кезі. Сол Қуаныш газеттерді оқығанын көріп, мен оған қызығып, оның қай әріпті қалай дауыстап оқығанын байқап өзім де оқи бастадым. Біраздан кейін түгел әріптерді біліп, еркін оқуға айналдым. Менің мектепке бармай тұрып газет оқығанымды көріп жұрт таң қалды. Кейбіреулері қызық көріп, «мынаны оқыши», - деп газеттің кез келген жерінен оқытатын еді.

Мен ауылдағы бастауыш мектептің 1-ші класына 1938 жылдың 1-ші қыркүйегінде бардым. Мектеп ауылдың Мерген селосы жақ шетіндегі саман кірпіштен салынған үйдің бір бөлмесінде болды. Екінші бөлмесінде дүкен болды. Онда Сманов Жаппас дүкенші еді. Ол дүкенде темір, шыны ыдыстар, ат әбзелдері, печенье, көмпіт, қант, кітап, дәптер тағы басқа бұйымдар болды. Мектептің жалғыз бөлмесінде 1-3 кластарды «Жалтыр» ауылының жігіті Жиентаев Фаббас, ал 2-4-ші кластарды мектеп менгерушісі Хасенов Шәріп деген мосқалдау кісі түстен кейін оқытты. Бұл кезде Бекбасов Төлеміс басқа жаққа ауысып көшіп кеткен. Менімен бірге 1-ші класта Жарылғапов Қабдрахман, Әжімұратов Кәрім, Сейдахметова Айман, Қайроллина Мәриәм, Дайыров Серік, Мешелов Елеу, Бектұров Нұрғожа, Дәстенова Қәмар, Ағыбаев Баттал т.б. оқыды. Мен 1-ші класты мақтау грамотасымен аяқтадым. 2-ші класта бізді «Көктерек» ауылының тумасы Нұрқанов Таласпай, 3-ші класта сол ауылдан келген Шайхин Бекен оқытты. Біз 3-ші класты бітіргеннен кейін жазғы демалыста жүргенде Ұлы Отан Соғысы басталып кетті де көп адамдар, оның ішінде ерек мұғалімдер майданға аттанды. Біздің мектептен Шайхин Бекен және 2-4 кластарды оқытып жүрген мектеп менгерушісі Сәрсенов Жәміт майданға аттанып, содан қайтып оралмады. Енді ерек азаматтардың орнына әйелдер қызмет жасады. Біздің мектепте орта білімді Сағынай Қабиева жеңгеміз бен Мәптуқа Базарбаева мұғалім болды.

Солардың кезінде мен 4-ші класты 1942 жылғы мамырдың соңында бітірдім.

Бұл соғыстың қайнап тұрған кезі еді. Бұл кезде әкем Мұқан Қызылжар қаласында трудармияда Петр Резчик деген директор басқарған әскери зауытта жұмыста болды. Оның үш інісі – Құрман, Омар, Хамза соғыс майдандарында. Үйде әжем, Хамза ағамыздың жас жұбайы Сақып Ауғанбайқызы және Құрманның әйелі Кәпия мен екі баласы – Шәріп (1936 жылғы) пен Қайыржан (1 жаста) алтаумыз тұрамыз. Тұрмыс нашарлап кетті. Кәпия жеңгеміз ауырып төсек тартып жатып қалды. Ақыры сол жатқаннан тұрмай қайтыс болды. Оның екі баласы да әжемнің бауырында болды.

Ауылда бастауыш мектеп қана болғандықтан мен әрі қарай оқи алмадым. 1942-1943 оку жылы басталарда әскерден Ыбыраев Жұныс келіп мектепте 2-4 кластиғы балаларды оқытты. Мен жай отырмай, алғашқы кезде соның 4-ші класына барып жүрдім. Бірақ Жұныс ағай мұнымды қош көрмеді. Сондықтан оқуды біржола тастанап, колхозда әртүрлі жұмысқа қатыстым. Окуға деген ынтам күшті еді. Ауылдан соғысқа кеткен жігіттерге хат жазатын едім. Өйткені олардың ата-аналары, жұбайлары маған хат жазғызатын. Ал жігіттер менің хатымды алып туыстарының, жалпы ауылдың амандығын біліп қуанып қалдық деп жазған хаттарын алып оқығанда олардың туыстарымен бірге мен де қуанып қалатынмын.

Менің бағыма қарай 1943 жылдың наурыз айында майданнан бір иығы мен қолынан жарапаланып Хамза ағамыз келді. Біз оны «Кәбә» дейтінбіз. Ол жарапаланып келсе де жүдеп қалған біздің тұрмысымызды жақсартуға кірісті. Келгеннен кейін бір айдасын ол 7 км. жердегі Дмитриевка селосынан ауылға пошта тартатын болып орналасты. Колхоз оған пошта тартуға ат, шана, сайман берді. Тұрмысымыз еп-теп түзеле бастады. Айтпақшы, сол жылы жазда ғой деймін,

алыстағы бір ауылдан Кәпия жеңгеміздің экесі келіп, қайтыс болған қызына бата жасады да, кетерінде әжеммен сөйлесіп, еңбектеп жүрген Қайыржанды қалап, бала қыламын деп, (өздерінде басқа бала жоқ екен) алып кетті.

Сол 1943 жылдың 1-ші қыркүйегінде Кәбәм мені Дмитриевка жетіжылдық мектебіне апарып, оның директоры Григорий Иванович Глушковпен келісіп 2-ші класқа орналастырыды. Ол кезде мен орыс тілін білмейтінмін. Оқытушымыз Бычкарь Александра Кирилловна деген эйел менің орыс тілін білмейтініме қарамай басқалармен бірдей тапсырма беріп, сұрап отырды. Бірақ көмегін де аяған жоқ. Тіл білмегендіктен оқу алғашқы кезде маған өте қыын болды. Дегенмен өзім де тілді тезірек үйренуге тырысып бақтым. Орыс балаларымен ойнап жүріп, олардың сөйлескендеріне зер салдым. Орысша кітаптарды көп оқыдым. Сөйтіп, бірте-бірте тілді менгеріп алдым. Содан кейін оқу маған қыын болған жоқ. Тіпті келесі 3-ші класты мақтау грамотасымен бітірдім. Кәбәм мені орыс үйіне пәтерге қойған болатын. Ол үйде де орысша сейлескендерді мұқият тыңдал орыс тіліндегі сөз қорымды молайта бердім.

Ол кезде қайда болсын тұрмыс ауыр болды ғой. Содан да болар жетіжылдықты бітіргенше 5-6 жылда мен бес орыстың үйінде пәтерде тұрдым. Бәрінде де тәртіп сақтап тек оқумен айналыстым. Барлығы да мені жақсы көрді, көмектерін де аямады. Жаз айларында 7 шақырым ауылдан жаяу келіп оқып жүрдім. Қыста, әрине, пәтерде тұрып, демалыс күндері ғана ауылға барып келетінмін.

Мен 3-ші класта оқып жүргенде 1944 жылғы 6 қаңтарда әжем қайтыс болды. Оны жерлеуге әкем Қызылжардағы жұмысынан босап келе алмады. Соғыс кезі ғой, әскери зауытта тәртіп қатаң.

Жаз айларында колхоздың шөп шауып-жинау науқанына қатысып, ат граблясымен шөп жинадым, арқанмен керіп

шөмелелерді мая жасайтын жерге өгізбен апардық, тағы басқа әртүрлі жұмыстар істедік. Талай қынышылықтар болды. Дегенмен 1949 жылдың жазында Дмитриевка жетіжылдығын жақсы бағамен бітірдім. Бұл кезде майданнан бір қолынан жарапанып Құрман ағамыз да келген (1943 жылдың аяғында). Қызылжардан трудармиядан әкем Мұқан да келген (1946 жылы). Сол 1946 жылды әкем Қалия Шағманқызына үйленді. Мен ол кезде Дмитриевкада жетіжылдық мектебінде оқып жүргенмін. Ол кісі мені бөтенсінген жоқ, туған баласындаі көріп күтті. Мен де оны туған анамдай көріп кеттім. 1948 жылды інім Ғабдұлқапар (Қабылқайыр) дүниеге келді. Бұл оқиға бәрімізге қуаныш әкелді.

1949 жылдың 1-ші қыркүйегінде Октябрь ауданының орталығы Марьевка орта мектебінің 8-ші класына оқуға түстім. Бұл мектепте де жақсы оқыдым, 2 жыл бойы оқушылар комитетінің төрағасы (председатель учкома) болдым. Бұл жұмысты жақсы жүргіздім. Алғашқы кезде мектеп директоры Шашкин Павел Ильич дұрыс бағыт беріп көмектесті.

1952 жылды ғана мектепті күміс медальмен бітіріп, бір топ жолдастарыммен Алматыға барып С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетінің философия бөліміне оқуға түстім. Бұл бөлімде 25 студент оқыдық. Олардың ішінде майданнан келген Масақбаев Әбдірахман, Тайтелеев Әлирахым, Кузнецов Павел, судья болып істеген Сәрсенов Баймұрат, мұғалім болып істеген Шәріпов Миғаш сияқты сақа адамдармен қатар мектепті алтын, күміс медальмен бітіргендер болды. Бұл бөлімшені үкімет 3-ші курста оқып жүргенімізде жауып тастағаннан кейін, студенттер басқа факультеттерге ауысуға мәжбүр болды. Мен университеттің тарих факультетінің 3-ші курсына ауыстым. 5 жыл бойы тек қана беске оқып, жоғары стипендия алып жүрдім.

Осы факультетті 1957 жылы бітіріп, өзіміздің өнірімізге жолдама алдым. Еңбек жолымды өзіміздің Октябрь ауданында тың игеру кезінде жана құрылған Хрущев совхозының орта мектебінде тарих пәнінің оқытушысы болып бастадым.

Келесі 1958-1959 оку жылы сол мектепте оку ісінің менгерушісі (завуч) болып істедім. Мектеп директоры Юндин Иван Андреевич екеуміз қоян-қолтық жұмыс істедік. Мектеп аудан бойынша алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болды. Онда мұғалімдердің аудандық семинары өтіп, қатысуышылар жақсы баға берді.

1959 жылдың тамыз айында Октябрь аудандық оку бөлімінің менгерушісі В.Д. Кузнецов мені Городецкий сегізжылдық мектебіне директор етіп тағайындағы.

Осы тамыз айының 15-інде мен Құлзаги Ақанқызына үйлендім. Мен онымен алғаш рет Марьевка селосында Сейілбек ағамыздың үйінде танысқанмын. Бұл кезде ол Көкшетау облысындағы Қотыркөл селосындағы ветеринарлық техникумда оқып жүр екен. Кейін тағы осы Марьевка селосында бірнеше рет кездестік. Бір күні оның ағасы Серіkbай және шешесі Бәдіғұл бәрі Көкшетау облысынан көшіп келе жатқандарында тағы да сол Марьевкада кездесіп Жалтыр колхозының шоферы Райымқұлов Молдаштың грузовой машинасымен Чапаев селосына бірге келдік. Есте қалғаны селоға жақындағанда «Керім» ағашының бауырында жидек теріп жегеніміз. Хрущев мектебінде қызмет істеп жургенде Қулекенмен бірнеше рет Ишим совхозында (онда ол ветеринар болып қызмет атқаратын), Чапаев селосында кездесіп қосылып үй болу туралы кенесіп жүрдік. Бір жағынан кедейлік те қол байлау болды. Әйттеуір сәті түсіп сол 1959 жылдың 14-ші тамызында ауылдағы Оспанов Фаббастың жап-жана грузовой машинасымен Чапаевка Қулекенде алып келуге аттандық.

Бас құда Қапаш Сыздықов, ең кішіміз Айбастың баласы Төлеген. Тұнімен сонда болып, қонып, таңертең ауылға алып келдік. Шамамызша әжептәүір ойын-той жасадық. Сөйтіп, тамыздың 15-інде үйленіп жас жұбайымды әкешешемнің үйіне кіргіздім. З күндесін мен Городецкое селосының мектебін қабылдап, жұмысқа кірісуге кеттім. Құлән мен Городецкое селосынан үй алғанша ауылда әкешешемнің қолында тұрды. Кейін тұңғыш қызымыз Роза 1 жасқа толғаннан кейін ауылға апарып атасы мен әжесінің қолына бердік. Әжесі оны 6 жыл құтті. Біз оны өз үйімізге тек 1-ші сыныпқа оқуға баардаған әкеліп мектепке бердік. Сондықтан Роза басқа балаларға қарағанда атасы мен әжесіне жақынырақ болды.

Мен Городецк мектебіне келгенде оның бұрынғы директоры Григорий Сафонович Лисецкий жұмыстан босап кетіп қалыпты. Ескі мектептің үйі әбден тозған, тіпті сәкісі де жоқ, тар З бөлме және директордың кабинетіне арналған кішкене бөлме бар. Ескі мектеп үйінің жаңынан саманнан общежитие типті жаңа мектеп салынып жатыр екен. Әлі жұмысы көп көрінді. Мектептің бар мұғалімдерін жинап алып жаңа 1959-1960 оқу жылына дайындалу туралы әңгімелестім. Сондағы мұғалімдер мыналар: Чесенко Николай Корнеевич – еңбек және физкультура пәнінің мұғалімі, білімі – педучилище; Тимченко Николай Васильевич – бастауыш клас мұғалімі, білімі – педучилище; Родионова Мария Михайловна – биолог, әрі завуч, білімі – мұғалімдік институт; Чесенко Зоя Корнеевна – неміс тілінің мұғалімі, білімі – орта мектептің 10 класы; Жигулина Полина Дмитриевна – бастауыш клас мұғалімі, білімі – педучилище; Веряскина Александра Емельяновна – бастауыш клас мұғалімі, білімі – педучилище; Кротенко Мария Григорьевна - бастауыш клас мұғалімі, білімі – педучилище. Соңғы үшеуі – 1921-1923 жж. туғандар. Педстаждары көп. Міне,

бары осы және 2 техничка. Осы коллективпен жаңа оқу жылына дайындала бастадық. Мектепте ескі парталар мен мұғалімдердің үстелдерінен және ескі фанерден жасалған қара тақталардан басқа мебель жоқ. Ескі 10 шақты жағрапиялық карта ғана бар екен.

Сонымен 1-ші қыркүйек те келді. Мектептің алдына көп халық жиналды. Линейка өткізіп оқушыларды, мұғалімдерді, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтадым. 1-ші сыйыпқа 20 оқушы келді. 7 сыйыпта 7 оқушы болды. 1-ші сыйыпты Тимченко Н.В. оқытты. Жаңа корпус қазан айының аяғында ғана пайдалануға берілді. Ол корпус бұрынғыдан тәуір болғанымен типовой емес еді. Бірте-бірте районодан ақша бөлініп, парталар мен үстелдерді жаңарттық, көрнекі құралдар да ала бастадық.

Келесі жылдары оқушылар саны көбейді. 1-ші сыйыптың өзі екеу болды. 1960-1961 оқу жылында мектеп 8 жылдыққа айналды. 5-8 сыйып оқушылары да көбейе бастады. Нәтижесінде мұғалімдер де қосылды. Мысалы, кейінгі кезде математикадан Кротенко Нина Федоровна, орыс тілі мен әдебиеттен Горячкина-Панова Эльвира Ивановна, Гайдина Алла Павловна, жағрапия мен биологиядан Лебедева Екатерина Филимоновна сияқты жоғары білімді оқытушылар келді. Тимченко Н.В. Петропавл педагогіститутының жағрапия факультетін сырттай оқып бітірді. Ол енді мектептің оқу ісін басқарып завуч болды. 1967 жылы мектебіміз орта мектепке айналды. Бірақ мектеп ғимараты тарлық көрсете бастады. Городецкий совхозының директоры Халықов Қамит Аманжолұлы болып тұрған кезінде мектепке жаңадан әр қайсысында 3 сыйып бөлмесі бар екі корпус салынды. Осыдан бастап мектеп жұмысы бұрынғыдан да жақсарды. Аудандық оқу бөлімі біздің мектепте әр түрлі семинарлар өткізуге айналды.

Алғашқы кезде менде үй болған жоқ та. Бір айдай орманшы Сейдахметов Илиястың үйінде тұрдым. Ол үйде жағдай болмағасын еңбек сабагының оқытушысы Н.К.Чесенконың үйінде тұрдым. Әйттеуір аудандық оку бөлімі ақша бөліп, мектептің жанында тұрган З бөлмелі ескі ағаш үйді жөндөтіп, сол 1959 жылғы қазан айында Күлзаги көшіріп әкеліп сонда тұра бастадық. Атам (мен әкемді «атам» дейтінмін) бізге еншіге бір қара сиыр сатып әперді. Басқа дүние шамалы. Жастықтың арқасында Күлзаги екеуміз отау құрып тұра бастадық. Ол үй қысты құні салқындау болатын. Екі бірдей пешке көмір жақтық. Осы үйде Роза (1960), Сара (1962), Гүлнэр (1963) атты үш қызымыз дүниеге келді. Кейінірек совхоз директоры Халықов Қамит жас мамандарға үй салғанда бізге де сол қатардан 4 бөлмелі үй салғызып берді. Сол жаңа үйде 1968 жылғы 6 тамызда Марат атты ұлымыз туды.

Мен мектеп жұмысымен қатар қоғамдық жұмыстармен де көп айналысtım. Совхоз партбюросының мүшесі, әрі на-сихатшы, селолық совет депутаты, атқару комитетінің мүшесі міндеттерін атқардым. Осы селода қызмет істеп жүріп селоның тарихын жинастырып жаздым. Бұл істерге оқушыларды да қатыстырудым. Мектебіміздің озық жұмыстары облысқа белгілі бола бастады. Облыстық газеттерде мақалалар басылды.

Городецкое селосында тұрганда інілерім Жақсылық пен Қабылқайырды қолымызға алып мектепте оқыттық. Тіпті басқа ауыл балалары да (Ыбыраев Теміrbай, Оспанов Мақсұт т.б.) біздің үйде тұрып оқыды.

Кейін біз Петропавл қаласында тұрганда да Үңтимақ, Жалтыр ауылдарының бірталай ұлдары мен қыздары біздің үйде тұрып оқыды. Әйткені әке-шешелері біздің оларға көмектесетінімізді білді. Солар техникум, пединститут бітіріп, мамандық алып әр салада қызмет атқарып жүр.

Көргенде өздері де, ата-аналары да алғыстарын айтып, жылы шыраймен амандастып жатады.

Осы арада тағы бір айта кететін жай біздің ағайын-туystarмен қарым-қатынасымыз жақсы болды. Ағайындарымыз өздері де тату болып бірін-бірі қолдап, біріне-бірі көмектесіп отыратын. 60-70 жылдары ағайынның үлкендері дүние салды да, ағайын ішіндегі үлкені менің әкем Мұқан болып қалды. Сондықтан туыстар әр түрлі жағдайда сол кісімен ақылласатын. Тіпті оны бұл кезде бүкіл ауыл сыйлап отырды десем артық айтқаным емес. Тек 1973 жылы шешеміз Қалия қайтыс болып, әкеміз жалғызырап қалды. 1981 жылы өзі де бұл фәниден бақыға аттанып кетті. Ендігі үлкеніміз Зейнолла Қабиев ағамыз қазір 89 жаста, одан кейінгі үлкені мен болып қалдым. Құдайға шүкір, тәуба дейміз қазір де ағайын арасы тату, қарым-қатынасы жақсы. Кішілері үлкендерді сыйлайды, үлкендері кішілеріне ақыл-кеңесін айтып отырады. Ылайым солай бола бергей.

1971 жылғы желтоқсан айының басында мені облыстық оқу бөлімінің менгерушісі Сакун Виталий Иванович Қызылжарға шақыртып алды, өзінің орынбасары қызметін атқаруымды сұрады. Мен аз ойландым да келісімді бердім. Содан кейін ол мені сол кездегі обкомның 2-ші хатшысы Ә.Н. Шмановқа апарды. Әнуарбек Нәжмиденович менің өміrbаянымды сұрап танысқан соң келісімін беріп, құттықтады. Бұдан кейін В.И.Сакун Республикалық халық ағарту министрлігімен байланысып олардың келісімін алды. Сөйтіп, мен сол 1971 жылдың 10 желтоқсанынан бастап облыстық оқу бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметіне кіріспін кеттім.

Қызылжар қаласына келгесін зайыбым Құлзаги Петрович павл педагогиститутының биология факультетінде сырттай оқып бітіріп биология пәнінің оқытушысы дипломын алды шығып, мектепте мұғалім болып істеді. Балалар кішкентай

болғасын, солардың тәрбиелеп оқуларына көмектесу үшін бала-бақшада тәрбиеші болды. Кейін мектепте кітапханашы болып істеді. Жұмысын тыңғылықты істеп оқытушылар мен оқушылардың алғысына бөленді. Бірнеше рет мақтау грамоталарымен марапатталды. Сол жұмыстан құрметті демалысқа шықты. «Ветеран труда» («Еңбек ардагері») және тылда жұмыс істегені үшін медальдарына ие болды. Балалар да осы қалада орта мектепті үздік бітіріп, кейін жоғары білім алды. Қазір олар әр түрлі мамандықтары бойынша қызмет атқаруда.

Қызмет бабында Сакун Виталий Ивановичтен көп кеңес, көмек көрдім. Ол кісінің кеңестері маған көп жылға азық болды. Сакун 1978 жылы зейнет демалысына шықты да оның орнына обкомның инструкторы К.Г.Загореев келді. Ол білімі мол, бірақ адамгершілігі төмен адам еді. Ақыры 1981 жылғы мамыр айында обком мен білім министрлігі оны бұл қызметтен босатты. Көпке дейін бұл орын бос тұрды. Тек сол жылғы шілде айының аяғында қаладағы индустріалды-педагогикалық техникумның директоры И.И.Тимошенконы тағайыннады. Біз онымен жақсы жұмыс істедік. Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін бұл қызметке Петропавл педучилищесінің директоры болып істеп жүрген В.Н.Крайнов отырғызылды. Онымен да тіл табысып, бірге жақсы қызмет атқардық. 1993 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де сол облонода әлі екі жыл қызметте болдым. 1995 жылдан 2001 жылға дейін облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында аға оқытуши болып қызмет атқардым. Осында қызмет істеп жүріп тарих терминдерінің орысша-қазақша сөздігін жасадым және осы институттың тарихын зерттеп брошура шығардым.

Осы жылдары марқұм Ғалым Қадыралин екеуміз академик Евней Бекетов туралы материал жинап қаладағы ғылыми-техникалық кітапхананың директорымен келісіп,

кітапхананың бір бөлмесінде академикке арналған мұражай жасадық. Оның ашылуына қаламыздың бірқатар зиялы қауымы қатысты. Фалымның бастауымен Ебекен туралы оны көрген, білген адамдардың естеліктерін жинап, «Есімі ел есінде» деген кітап шығардық. Мұражайға келгендерге академиктің өмірі мен ғылыми еңбегі жөнінде айтып отырдық.

Бұдан кейін де мен академик ағамыздың еңбегі жөнінде көптеген мақалалар жазып баспасөз бетінде жарияладым, окушылармен, студенттермен кездесіп ол туралы айтып жүрдім. Ебекен туралы облыста өткізілген ғылыми-практикалық конференцияларға, дәңгелек үстелдерге, тағы басқа шараларға қатысып сез сөйледім, телеарналардан сұхбат бердім. Осы еңбектерім бағаланып, 2009 жылғы 23 қыркүйекте ҚР Минералдық қор академиясы төралқасының Алматыда өткен академик Евней Бекетовтың 85 жылдығына қарай өткізілген отырысында аталған қор академиясы президиумының шешімімен маған академик атындағы 2008 жылғы «Е.Бекетовтің шығармашылығы мен ғылыми мұрасын ел ішінде насиҳаттау» сыйлығы және Е.А.Бекетов медалі берілді.

Айтпақшы, 2009 жылдың 15-ші тамызында Күлзаги екеуміздің қосылып үйленгенімізге тұра 50 жыл толды. Осы айтулы күннің құрметіне екеуміз әдейі фотосуретке түстік. Мен бұл оқигаға арнап мынадай бір шумақ өлең шығардым:

Бүгін біздер қосылғалы 50 жыл,  
50 жылда айтылды ғой талай сыр.

Еңбек еттік, балаларды өсірдік,  
Алдымызда енді қанша өмір тұр.

Балаларымыз бәрі де жоғары оқу орындарын бітіріп шықты. Ең үлкені Роза қызымыз Қызылжардағы есеп-экономика техникумын және Алматыдағы халық шаруашылығы институтын қызыл дипломмен бітірді, қазір

Алматыда бір банкте қызмет істеп жүр. Ортаншы қызымыз Сара Қызылжардағы пединституттың тарих факультетін қызыл дипломмен бітірген, жоғары санатты оқытушысы. Кіші қызымыз Гүлнэр Алматыда Қазақ мемлекеттік әл-Фараби атындағы университеттің тарих факультетін бітіріп, сонда қызмет атқаруда. Ұлымыз Марат Ресейде жеке кәсіппен айналысада. Жиендеріміз: ең ұлкені Олжас – зангер, СҚО Халықта қызмет көрсету орталығында, Жұлдыз - Оңтүстік Кореяда, Гүлнәз - Алматыда банкте, Жанар да Алматыда, әуежайда жұмыс істеп жүр, Жадыгер СҚМУ-нің қаржы факультетінің 3-ші курс студенті.

2001 жылды Социал Жұмабаев екеуміз өніріміздің әйгілі біi болған Тоқсан бидің өмірі мен қызметін зерттеп «Тоқсан би» атты кітап шығардық. Сол 2001 жылдың 1-ші ақпанаңан бастап облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Асыл мұра» тарихи-зерттеу орталығын аштық. Оны ашуға Фалым Қадыралын көп еңбек сіңірді. Алғашында бұл орталықта Фалым екеуміз болдық та, көп ұзамай Социал Жұмабаевты қосып алдық. Осы орталықта істеп жүріп Социал екеуміз Омбы облыстық мұрағатында бірнеше рет болып нәтижесінде «Бір әулеттің тарихы» атты кітап шығардық. Бұдан кейін әрқайсымыз жеке және де бірігіп бірнеше кітап жаздық.

2007 жылғы 21 қарашада Фалым Қадыралын қайтыс болды. Оның орнына соның алдында зейнеткерлікке шыққан Пресновка селосынан қалаға көшіп келген Таңат Сүгірбаев келіп орналасты.

2011 жылғы 1-ші ақпанда «Асыл мұра» орталығының құрылғанына 10 жыл толды. Осыған орай дәл сол күні Сәбит Мұқанов атындағы облыстық кітапханада салтанатты жиналыш өткіздік. Оған облыс әкімінің орынбасары Ф.Ш. Куанғанов қатысып құттықтады да үшеуімізді облыс әкімінің құрмет грамотасымен марапаттады. Мен «Асыл

мұраның» он жылда жасаған жұмысы туралы баяндама жасадым. Сол күнге дейін «Асыл мұра» 50 кітап шығарған екен.

2011 жылғы 12 қыркүйек күні облыс әкімі С.С.Біләлов менің қеудеме «Мәдениет қайраткері» значогін қадап куәлігін тапсырды. Осы жылғы 6 желтоқсанда облыстық Н. Погодин атындағы орыс драма театрында мәдениет қызметкерлерінің үлкен жиналысында облыс әкімі С.С. Біләлов бір топ азаматтарға Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған медаль тапсырды. Солардың арасында «Асыл мұра» орталығының қызметкерлері Таңат Сүгірбаев, Социал Жұмабаев ушеумізге де тапсырды. Осы жылы облыстық ардагерлер кеңесінің құрмет грамотасымен және Президент Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Сонау 1943 жылдан бері әртүрлі газеттер мен журналдарға кез келген тақырыпта жүздеген мақала жазыппын. Одан басқа бірнеше кітаптарда әртүрлі мақалаларым орыс, қазақ тілдерінде шықты. Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясында көптеген мақалам жарияланды және осы энциклопедияны шығарушылардың бірі болдым.

Был сексеннің сенгіріне келсем де қаламымды әлі де пайдаланып еңбек ету демін. Денсаулық болса осы істі әлі де жалғастыра берерім хақ. Өйткені менің өмірлік ұстанымым Қасым Аманжоловтың украин ақыны Тарас Шевченкодан аударған мына шумағына негізделеді:

Ұйықтап өтсең өмірінде,  
Ұйқың ұдайы қанбаса,  
Тірлігің не, өлгенің не  
Ешбір ізің қалмаса.

Менің тағы бір ұстанымым мектепте оқып жүргеннен бастап кітапты көп оқыдым және өмірбойы дүние жинағам жоқ, кітап жинадым қазақ, орыс тілдерінде. Менің үйдегі

кітаптарымның саны 5 мыңдан асып кетті. Олар әрдайым менің шығармашылық жұмысыма көмекші болды.

Өкініштісі, қазіргі кездегі адамдар, әсіресе жастар кітап оқымайды, тек теледидарға қарайды да отырады, немесе керегін интернеттен алады. Енді қалған өмірімде кітаптарды оқуға уақыт жетпейді. Сондықтан кітапханамдағы кітаптарымды қаладағы мектептерге, мұражайларға таратудамын. Біреулері болмаса біреулері оқыр деген ниетпен.

Менің осылай көп жазып, көп жұмыс тындырып жүргенім, әрине, зайыбым Құлзағи Ақанқызының арқасы. Olsen әрдайым мені қолдап жұмысыма, қызметіме, шығармашылық жұмыспен айналысусыма қажетті жағдай жасап отырады. Осылай тылым берік болғасын мен еш алаңсыз шығармашылық жұмыспен айналыса беремін. Сондықтан Жаратқаннан осы бәйбішем аман жүрсе екен деп іштей ылғи тілеп жүремін. Осыған орай «Сенің арқаң» деген өлеңімді келтіре кетейін:

### **Сенің арқаң (Күлекеме)**

Сенің арқаң менің бұлай жүргенім,  
Еш алаңсыз еркін өмір сүргенім.  
Тұыстармен, жолдастармен әрқашан  
Таза көңіл, сыйластықты білгенім.

Сенің арқаң қызметте өскенім,  
Өзіңменен бақытты өмір кешкенім.  
Балаларды тәрбиелеп екеулеп  
Көргеніміз олардың да өскенін.

Сенің арқаң дәмді тамақ ішкенім,  
Білмесем де оның қалай піскенін.

Мезгілімен ұйқыны да қалдырмай  
Көп оқу мен көп жазуға түскенім.

Сенің арқаң еңбегімнің жанғаны  
Кітап болып жазғандарым қалғаны.  
Қандай жақсы сол кітаптар ішінде  
Сенің дағы еңбегіңің болғаны.

Сенің арқаң – жаман емес қүйіміз,  
Әрқашанда қонақжайлы үйіміз  
Үстік құшақ, шын ықылас беретін  
Қонақтарға біздің жақсы сыйымыз.

Сенің арқаң үйге келген әр кісі,  
Мейлі үлкен, мейлі болсын ол кіші.  
Алғыс айтып, риза боп кетеді  
Бітіріп ап бізге келген бар ісін.

Сенің арқаң берекелі үйіміз  
Сенсіз біздің не болар ед қүйіміз.  
Алда қандай қыын күндер болса да,  
Айрылмайық бірімізден біріміз.

Міне, біздің қысқаша жағдайымыз осындей. Аллаға шүкіршілік етіп, тәуба дейміз. Жұрттан асып та кеткеміз жоқ, артта қалып та қойғамыз жоқ.

Балаларым, немере, жиендерім, ағайын-туыстарымнан ешқандай жамандық қөргем жоқ. Бәрі де сыйлайды, сырттай қамқор болып жүреді. Оларына мың алғыс. Әлі де осылай бола берсін! Бәріне де амандық, денсаулық, жақсы көңіл-күй, еңбектеріне жеміс тілеймін! Мен туралы жылы лебіздерін білдіріп оң пікірлерін жазғандардың баршасына мың рахмет айтып зор ризашылығымды білдіремін.

## ПРОЙДЕННЫЙ ПУТЬ



Каждый человек проживает свою жизнь по-разному. Некоторые уходят из жизни рано, другие наоборот живут долго. Никто, кроме Всевышнего, не знает, сколько он проживет на этом свете. У каждого из нас свой характер, привычки, способности, уровень знаний. Кто-то трудолюбив, а кто и ленив.

Как сказал Абай в своем 37-м слове: «Жизнь - огромная река, время – ветер». И в самом деле, так оно и происходит. Сколько ушло из жизни наших старших братьев, отцов, дедов. Теперь мы сами стали стариками. На наших глазах подрастают дети, внуки, правнуки. Жизнь продолжается. Считаю, старшее поколение должно рассказывать младшим о своей жизни, пережитых радостях и горестях, приобретенных знаниях и опыте. Зная, что в этом году мне исполняется 80 лет, мой старший внук Олжас подошел ко мне с предложением написать книгу обо мне: «Ата, напишите о себе, а я соберу мнения о вас с ваших коллег, учеников, товарищей, друзей». Недолго думая, я согласился. И вот сейчас пишу эту повесть о себе. Конечно, в одну книгу не войдет все пережитое и увиденное. Думаю, мнения других людей обо мне восполнят этот пробел.

Итак, начну рассказ со своих предков. Мой род - Керей. Моя родословная берет начало от далекого предка Жанбуры. От Жанбуры - Кудайкул, от Кудайкула - Кенжетай, от Кенжетая - Акбота, от Акботы - Шабан, от Шабана - Найман, от Наймана - Сыздык, от Сыздыка - Мукан, от Мудана - я, Кайролла.

По документам я родился 26 сентября 1932 года. Хотя по словам покойной бабушки Сарбит я родился в год лошади, а значит в 1930-м. Думаю, это более верно.

Когда умерла моя мама Магрыш, мне было 3 или 4 года. Я практически не помню ее. С малых лет я воспитывался у бабушки. Бабушкой я называю мать моего отца Мукана Сарбит. У бабушки Сарбит и дедушки Сыздыка, сына Наймана, было 5 сыновей: Ахметжан, Мухаметжан (Мукин), Курман, Омар, Хамза. Ахметжан умер еще в детстве. Старшим из детей остался Мукин, мой отец. Что помню из детства: в просторном бабушкином доме вместе с матерью жили трое сыновей: Мукин, Омар, Хамза. Курман со своей семьей жил отдельно. После смерти моей матери отец долго не женился. Омар был в колхозе на разных работах. Долгое время он работал по направлению на строительстве железной дороги Акмола-Карталы, Мойынты-Шу. Он очень любил детей, постоянно меня баловал. Из дальних поездок всегда привозил мне одежду, подарки. В семье я остался единственным ребенком. Бабушка Сарбит была умной, добродушной, справедливой, дальновидной женщиной. Поэтому она пользовалась авторитетом не только среди родственников, но и у всего аула. Все называли ее «Эйэ», наш дом - домом «Эйэ». Благодаря бабушке я не замечал отсутствие матери. Люди, уважающие бабушку, любили и меня. Не помню, кто научил, но я знал наизусть имена своих семи дедов, как и положено любому казаху. Приходящие гости, желая проверить, всегда спрашивали меня об этом. На вопросы: «Чей ты раб, в чьей ты общине?» без промедления отвечал: «Я – раб Аллаха, из общины Мухаммада (да благословит его Аллах и приветствует)». С ровесниками я играл во все дворовые игры. Маленьким ходил в гости к родственникам, проживавшим в округе, иногда они сами забирали меня с собой. Увидев, что мама ищет меня, прятали. И только после того,

как мама крикнет: «Кайрош!», я высакивал с криком «Я здесь, я здесь!» Все в доме смеялись. Об этом мне потом рассказывал мой дядя Кабиев Зейнолла. Кстати, бабушка и аулчане называли меня ласково «Кайрош».

Тягу к знаниям я обнаружил у себя еще в детстве. Дело было так. Возле нас стоял дом нашего родственника Тлеуберды. В одной из комнат его дома жила семья учителя начальной школы Бекпасова Толемиса. Его младший брат Куаныш только закончил 1-й класс. Когда Куаныш читал газеты, я спрашивал его, как читается та или иная буква. Спустя некоторое время я мог уже свободно читать. Все очень удивились этому. Некоторые даже из любопытства прошли прочитать меня разные места из газет.

В 1-й класс начальной школы я пошел 1 сентября 1938 года. Школа располагалась в одной из комнат саманного дома. Во второй комнате был магазин Сманова Жаппаса. В продаже были: посуда, конская сбруя, печенье, конфеты, сахар, книги, тетради и т.д.

В школе уроки давали: до обеда - Жиентаев Габбас с аула Жалтыр классам с 1 по 3-й, после обеда - классам со 2 по 4-й заведующий школы Хасенов Шарип. В это время Бекбасов Толемис уже перевелся в другую местность. В 1-м классе со мной учились: Жарылгапов Кабдрахман, Ажмуратов Карим, Сейдахметова Айман, Кайроллина Мариям, Даиров Серик, Мешелов Елеу, Бектуров Нургожа, Дастанова Камар, Агыбаев Баттал и другие. 1-й класс я закончил с похвальной грамотой. Во 2-м классе нас учил уроженец аула Коктерек Нурканов Таласпай, в 3-м уроженец того же села Шайхин Бекен.

Во время летних каникул 41-го года началась Великая Отечественная война. Много людей, в том числе мужчины-учителя, ушли на фронт. С нашей школы Шайхин Бекен и учитель 2-4-х классов, заведующий школы Сарсенов Жамит

не вернулись с фронта. Вместо мужчин стали преподавать женщины. Учителями в нашей школе были наша сноха Кабиева Сагынай и Маптуха Базарбаева. При них в 1942 году я и закончил 4-й класс.

Горячая пора войны. В это время отец был в трудармии, работал на военном заводе Петра Резчика в Петропавловске. Его три младших брата: Курман, Омар, Хамза были на фронте. Живем в шестером: бабушка, жена Хамзы Сакып и Курмана Капия, двое детей - Шарип (1936 г.), Кайыржан (1941 г.). Положение наше ухудшилось. Вскоре наша сноха Капия, заболев, умерла. Ее двое детей также были на воспитании бабушки.

Так как в ауле была только начальная школа, дальше учиться не мог. В начале учебного 1942-1943 года во 2-4-х классах преподавал Ибраев Жунус, вернувшийся с войны. Чтобы не сидеть зря, я повторно ходил в 4-й класс, однако Ибраев не одобрял этого. Поэтому, бросив учебу, я брался за разную работу в колхозе.

Моя тяга к учебе была очень сильной. Родители, друзья, невестки ушедших на фронт просили меня писать им письма.

В конце марта 43-го с фронта вернулся Хамза, младший брат отца. Мы называли его «Кәбә». Несмотря на полученные на фронте ранения, он принялся всеми силами улучшать наш быт. Спустя месяц после возвращения он устраивается возить почту из села Дмитриевка, что находилось в 7 километрах от нашего аула. Для этого колхоз дал ему лошадь, сани, нужные инструменты. Жизнь постепенно стала налаживаться. Летом того же года из далекого аула приехал отец покойной Капии, нашей снохи, и забрал с собой ее сына Кайыржана с разрешения бабушки.

1 сентября 43-го Кәбә устроил меня во второй класс семилетней Дмитриевской школы, переговорив с директором

школы Григорием Ивановичем Глушковым. В то время я ни слова не знал по-русски. Несмотря на это учительница Бычкарь Александра Кирилловна спрашивала меня наравне с другими, помогая при этом. Вначале учеба давалась очень тяжело, именно по причине незнания русского языка. Для того, чтобы поскорее освоить незнакомый доселе для меня язык, я больше общался с русскими ребятами, играя с ними, прислушивался к их речи. Постепенно я своего добился. В итоге третий класс я закончил с похвальной грамотой.

Кэбэ устроил меня жить на квартире в русскую семью. Там я также с каждым днем пополнял свой словарный запас. За все время учебы я сменил 5 или 6 квартир. Занимался только учебой, не тратя свое время попусту. Люди, у которых я жил, помогали мне во всем. Летом на учебу ходил пешком (аул находился в 7 километрах от села), зимой же, конечно, домой уходил лишь по выходным.

6 января 44-го умерла моя бабушка. Я в то время учился в 3-м классе. Похоронить мать отца не отпустили, порядок на военном заводе был жестким.

Городецкийге келгенде.  
1965 ж.



3 класс  
Дмитриевской  
семилетней  
школы.  
Январь 1945 г.



Кәкімбек пен Шота Мәскеуден Алматыға келгенде. 11.09.1954 ж.



Қайролла, Күлзаги және Төлеген мен Мәриә,  
балалары Дәулет, Жомарт. Алматы



Қайролла,  
Городецкое мектебинің  
директоры,  
өз кабинетінде. 1960 ж.



Роза, папа, Гүлнэр, Сара



Ұлы Маратпен.  
Казан 1969 ж.



Біздің отбасымыз. 20.06.1976 ж. Қызылжар



Директор СШ № 41 В.И. Кондратова вручает  
похвальную грамоту Марату Муканову



Старший внук Олжас -  
призер чемпионата  
СКО по кикбоксингу



Жиені Жәдігермен.  
18.03.2000 ж.



Күлзаги мен  
Қайролла  
ұлы Марат,  
улкен немересі  
Олжаспен



Ағайын-туистар. Мерейтой иесінің 70 жылдығында



Ұлан, Қабылқайыр, Айтмағамбет



Марат пен Гүлнәр  
біздің ауылдағы ескі үйдің  
жанында. 23.07.2006 ж.



Жиендері: Гүлнәз, Жұлдыз, Жанар



Біз үйленгелі 50 жыл  
15.08.2009 ж.



“Асыл мұра” орталығының мүшелері:  
Социал Жұмабаев, Фалым Қадірәлі, Қайролла Мұқанов. 2006 ж.



“Асыл мұра” орталығының мүшелері:  
Таңат Сүтірбаев, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев. 2010 ж.



Зав. облОНО В.И. Сакун (в центре)  
и его заместители: К.М. Муканов  
и П.А. Сладкомедов. 1976 г.



К.М. Муканов, В.И. Крайнов.  
На крыльце конторы  
Новоникольского детдома



Делегаты Сергеевского района во время поездки по ленинским местам  
в честь 100-летия В.И. Ленина в Москве на Красной площади. 1969 г.



Участники областного совещания работников интернатных учреждений на крыльце Мамлютской санаторной школы-интерната.  
16.06.1977 г.



На территории областной станции юннатов. 12.07.1977 г.

одного образования!  Ҳалық ағарту қызметкерлерінің Рес



На республиканской научно-практической конференции работников народного образования, проходившей в г. Петропавловске.  
4-й слева Министр просвещения К.Б. Балахметов. 1979 г.



С делегатами Вознесенского района,  
участниками 6-го областного съезда учителей

Преподаватель СКГУ  
Гюльнар Муканова  
приветствует  
Президента РК Н.А. Назарбаева

У памятника Абылай хана.  
Слева направо: Танат Сугурбаев,  
Болатбек Насенов,  
Кайролла Муканов,  
Зейнолла Олжабаев,  
Социал Жумабаев. 2010 г.



На открытии памятника Манаша Козыбаева  
в связи с присвоением его имени СКГУ



Академик А.А. Жарменов вручает К.М. Муканову  
медаль академика Е.А. Букетова и диплом. 23.06.2009 г.



На открытии памятника Кожаберген жырау перед зданием  
Пресновской средней школы. 3.06.2010 г.



В музее Пресновской казахской СШ. 3.06.2010 г.



У памятника академику  
Е.А. Букетова. 23.03.2010 г.



Арыстанбаб кесенесінің алдында. 23.10.2010 ж.



На областном совещании работников народного образования



Аким области С.С. Билялов вручает К.М. Муханову  
знак “КР Мәдениет қайраткері”. 6.12.2011 г.



К.М. Муканова поздравляет с 70-летием  
его ученик К.А. Рыб, сентябрь 2002 г.



Одноклассники - выпускники Марьевской СШ  
Кайролла Муканов, Михаил Огий, Петр Демьяненко



В экономическом колледже: В.С. Лебедев, К.М. Муканов, Н.Д. Ухов



Дочь юбиляра Гюльнар с земляком,  
юристом Сабыром Касымовым



## У генеалогического древа Шоты Уалиханова



На выставке,  
посвященной  
80-летию  
Шоты Уалиханова



Бубнов Геннадий Михайлович,  
директор Городецкого совхоза,  
первый секретарь райкома партии,  
ветеран труда

## ПРЕКРАСНЫЙ ПЕДАГОГ, УВАЖАЕМЫЙ ЧЕЛОВЕК

*Превосходная должность –  
быть на Земле человеком!*  
М. Горький

По направлению, после окончания Ульяновского сельхозинститута, я проработал в Сергеевском районе почти 15 лет, с 1963 по 1978 год. Но с Мукановым Кайроллой Мукановичем встретился только в 1970 году, когда меня направили работать директором совхоза «Городецкий». При беседе в райкоме партии у Н.А. Болатбаева я высказывал свои сомнения в том, что справлюсь ли я с такой задачей, ссылаясь на молодость. В то время мне исполнилось только 29 лет, и для руководства большим хозяйством требовался определенный опыт работы с людьми. Но Нель Агдамович развеял мои сомнения, сказав, что в совхозе слаженный коллектив и старшие товарищи помогут быстро войти в колею. Так оно и получилось.

Трудовой коллектив был многонационален. В совхоз входило три населенных пункта: центральная усадьба с. Городецкое, аул Баганаты и с. Коноваловка (бывшая

центральная усадьба Коноваловской МТС). Из специалистов главный агроном и старший прораб по национальности казахи, главный инженер - немец, главный ветврач - татарин, остальные специалисты русские и украинцы. Это были не только хорошие специалисты, но самое главное - прекрасные люди во всех отношениях. Все по возрасту были старше директора, т.е. меня. Секретарь парткома хозяйства Н.А. Трофимов - даже участник Великой Отечественной войны, председатель рабочего комитета В.Г. Лебедев, замдиректора по хозчасти У.И. Ибраев, председатель сельского совета В.И. Боцвин встретили очень доброжелательно молодого директора.

Здесь впервые мы познакомились с директором средней школы Кайроллой Мукановичем Мукановым. Первое впечатление редко бывает обманчивым. На меня произвел очень хорошее впечатление этот невысокого роста скромного вида человек. В нем чувствовалась большая духовная сила и энергия, что и подтвердилось в дальнейшем. Человек проявляется в делах, во взаимодействии с коллективом. Коллектив руководителей и специалистов всех звеньев совхоза и школы был как единый механизм - касалось ли это работы, отдыха или воспитания молодежи. В единении школы и хозяйства большая заслуга К.М. Муканова, который пользовался вполне заслуженным авторитетом не только среди учащихся и педагогов, но и у всех жителей совхоза. Все мероприятия, в том числе и праздничные, не проходили без активного участия Кайроллы Мукановича. А традиции в совхозе были очень хорошие. Так, на проведение майских и октябрьских демонстраций собиралось все население - от малых до пожилых. Школьные и совхозные мероприятия готовились и проводились совместно. Тон задавал педагогический коллектив, руководимый К.М. Мукановым. Школьным

спортузалом пользовались не только школьники, но и молодежь села. На стадионах летом и ледовых катках зимой соревновались не только молодежь, но и взрослые. Закоперщиком и активным спортсменом был, как тогда казалось, в приличном 45-летнем возрасте секретарь парткома Н.А. Трофимов.

Специалисты совхоза и учителя жили в основном в благоустроенных квартирах с центральным отоплением и водопроводом. Все это в конечном итоге положительно сказалось на результатах хозяйственной и экономической деятельности совхоза и учебного процесса школы. Большие праздники, такие как весенний сабантуй, проводились с выездом на природу, где главным было не застолье, а чествование передовиков производства, ветеранов труда, лучших учителей. Все это сопровождалось концертами художественной самодеятельности, спортивными соревнованиями. Коллектив школы во главе с Кайроллой Мукановичем всегда в них принимал активное участие.

Я, как молодой руководитель, много полезного почерпнул у него для себя - это уважительное отношение к людям, умение работать с ними, находить компромиссы в сложных жизненных ситуациях, оказывать помощь нуждающимся.

В 2010 году отмечался 100-летний юбилей села Городецкое, и среди почетных гостей был К.М. Муканов. В числе почетных гостей он был не просто, потому что когда-то был директором Городецкой школы, а именно как человек, отдавший много сил и труда воспитанию подрастающего поколения. При нем школа была в числе лучших школ района и области. К нему обращались за помощью с вопросами и по житейским проблемам. Всегда спокойный и уравновешенный, он мог выслушать жалобы и просьбы жителей села, содействовать в оказании помощи.

Ведь он был еще и депутатом сельского и районного советов. То есть был не просто хорошим педагогом, но и человеком, которого ценили, уважали, любили и которому доверяли. Жаль, что совместно с таким замечательным человеком пришлось поработать не очень долго. В декабре 1971 года Кайроллу Мукановича с повышением перевели на должность заместителя заведующего в областной отдел народного образования. Но и после этого мы постоянно при встречах, как старые друзья, интересовались делами и здоровьем друг друга. Всегда доставляет истинное удовольствие повстречать на улице этого невысокого человека с приятным дружелюбным лицом и добrouй улыбкой. Даже на восьмидесятом году жизни он продолжает трудиться и приносить пользу людям. Я желаю ему крепкого здоровья, бодрости, счастья и радости!





Викторов Евгений Иванович,  
хозяйственный руководитель,  
первый секретарь райкома партии,  
первый заместитель председателя  
облисполкома

## **ВСЕ ЖИВОЕ ОСОБОЙ МЕТОЙ ОТМЕЧАЕТСЯ С РАННИХ ПОР...**

Подумать только: я знаю этого человека шестьдесят лет! Все меняется, не меняется только он, Кайролла Муканов: он всегда учится. С самого детства по сей день этот умный, образованнейший человек пополняет свои знания. И это, я думаю, отличает нашего Кайроллу Мукановича от тысяч других людей.

Когда я встречаю его, всегда вспоминаю 50-е годы...

Я ведь родом из Марьевки, а наша Марьевская школа была единственной средней школой на всю округу: к нам съезжались из окрестных сел все. Ребята жили на квартирах. Кайролла старше меня, он одноклассник моего старшего брата Вениамина.

Запомнился 1953 год - смерть Сталина, канун целинной эпопеи, потом хрущевская оттепель... Я всегда поражался тому, как они, эти ребята, были активны в такое непростое время. Все новые книги читали вместе, бурно обсуждали. Когда у нас появилась «Поднятая целина» Михаила Шолохова, то наш дом превратился в настоящую избучитальную: при керосиновой лампе читали книгу вслух. Я

тогда обратил внимание на Кайроллу, на его редкое умение слушать.

Класс, в котором учились Кайролла с Вениамином, был необыкновенным. Все выпускники, все до единого, поступили в высшие учебные заведения! Им покорились вузы всего Советского Союза. Кайролла поступил в главный университет Казахстана - КазГУ имени С.М. Кирова, мой брат - в Омский медицинский...

Став студентами, они приезжали на каникулы, организовали драмкружок, ставили концерты. Причем трудились всегда на одном энтузиазме, никто им, конечно, никаких денег за это не платил. Таким был дух времени, такими были они: сами повидавшие большие города, в которых довелось учиться, они не забывали про односельчан, считали своим долгом нести культуру в село.

Закончив институты, разъехались кто куда.

Кайролла Муканович приехал работать в Сергеевский район, в тогдашний совхоз имени Хрущева. Там как раз открылась первая средняя школа среди целинных совхозов. Директором был светлой памяти Иван Андреевич Юндин. Кайролла сначала учителяствовал, потом стал завучем этой школы.

Потом его направили директором школы в совхоз «Городецкий». Мы часто встречались, общались. Мне всегда было интересно, всегда поражали его интеллект, умение находить подход к людям, сдержанность, скромность.

Позже Кайролла Муканович переехал в Петропавловск.

И снова уникальный случай - он более двадцати лет работал заместителем заведующего областным отделом образования. Сменялись заведующие, а заместителем неизменно оставался он. За всю мою жизнь я знаю только два таких примера: Кайролла и мой дядя Александр

Васильевич Щербаков, два десятка лет замещавший министра образования республики. Долголетняя работа на таком посту говорит о многих ценных качествах человека.

Где бы ни трудился наш Кайролла, его всегда отличает редкое трудолюбие. Даже выйдя на пенсию, он наверняка не отдыхал ни одного дня: занимается общественной деятельностью, пишет книги, воспитывает подрастающее поколение.

И как всегда много читает, продолжает пополнять запас своих и без того обширных знаний.

Кстати, вспоминали наши земляки, которые учились с ним в Алма-Ате: «В свободное от учебы время мы разбегались кто куда: кто в кино, кто в театр, кто просто пивка попить. А Кайролла где? А Кайролла как всегда в библиотеке!»

Я думаю, Кайролла Муканович и сейчас все свое время проводит в библиотеке и архиве, занимаясь исследовательской деятельностью.

Долгих лет жизни, дорогой Кайролла Муканович! С юбилеем тебя! Здоровья, благополучия и творческих успехов!





Демьяненко Петр Николаевич,  
ветеран труда, одноклассник и  
друг юбиляра

## РАСТИТЬ НОВОЕ ПОКОЛЕНИЕ

С Кайроллой Мукановичем я знаком давно. Мы вместе учились в одном классе в с. Дмитриевка. Время было трудное, сложное. Школа располагалась в приспособленном помещении, которое называли «поповский дом».

Кайролла Муканов жил в ауле Ынтымак Октябрьского, ныне Тимирязевского, района, это в шести километрах от села Дмитриевка.

После окончания начальной аульной школы на казахском языке, решил учиться в русской Дмитриевской семилетней школе. Он был несколько старше нас, выделялся знанием учебных предметов, кругозором.

Директором школы был Литвинов Михаил Степанович. Учителя – Самойленко М.В., Ковтюх В.Т., Кулагин П.В. и др.

Казахский язык преподавал Кабиев Зейнолла Кабиевич.

В нашем классе лидером был всегда Кайролла, его уважали и считались с его мнением. Он каждый раз рассказывал что-то новое, интересное. Библиотеки в школе не было, в то время книга была редкостью, а он все же что-то читал, а потом рассказывал нам. Шли годы, мы заканчивали семилетку. Кайролла написал мне пожелание, несколько четверостиший:

## *На долгую вечную память*

Что ж качаешь предо мною  
Белокурой головой.  
Я давно пленен тобою,  
Друг мой милый, дорогой.

Услышишь, друг, мое признание,  
Моих надежд не обмани.  
Наша цель – получить знания  
В школьные юные дни.

*Март 1949 г.  
с. Дмитриевка  
Муканов К.*

Это послание я храню уже 63 года. Он уже в те годы имел склонность к журналистике.

Вот еще, как старший, меня наставлял: «Быть может, последний год учимся вместе, если в дальнейшем придется учиться порознь или еще что-нибудь, то пусть это послание останется тебе на добрую дружескую память, ты вспоминай меня, взглянув на этот листок бумаги». Я так и поступаю.

Кайролла Муканов – это мой верный бесценный друг. Он помогал мне в учебе и многому напутствовал меня в школьные годы.

Судьба распорядилась так, что мы оказались в одном 8 «А» классе Марьевской средней школы. В классе было 20 учащихся – 15 мальчиков, 5 девочек, а в классе «Б» - 15 девочек, 5 мальчиков.

Все годы до выпуска классным руководителем был Корпич Иван Илларионович, опытный педагог, воспитатель. В классе была дружеская атмосфера, по

успеваемости класс был в числе лучших среди старших классов. У нас в классе лидерами были Лукин и Мukanov.

Марьевка – большое село, центр Октябрьского района, в школе просторные классы, электрический свет, опытные учителя. Вот некоторые из них: Шумилин В.И., Рабинович В.Л., Антюфриева М.И., Шитикова Н.С.

Кайролла - общительный человек, быстро обрел школьных товарищей. Активно принимал участие в выпуске стенных газет, писал заметки, стихи.

Вот одно из них:

...Очень кстати совпадают

Имена их – Петр

Один группу собирает,

А другой – редактор.

Кто их не знает?

Петя Орешин выпускает

Газету «Юный писатель».

Мы все трое, как один,

Учимся как надо.

Если кто в беде один,

Мы поможем сразу.

Марьевскую среднюю школу Кайролла закончил с серебряной медалью в 1952 г., поступил в Казахский государственный университет имени Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби). Это престижное учебное заведение.

После окончания исторического факультета КазГУ в 1957 г., молодой выпускник Кайролла Мukanов начал трудовую деятельность – учителем истории средней школы Целинского совхоза имени Н.С. Хрущева Октябрьского района, а через год был назначен завучем этой же школы.

Как педагог, он подавал большие надежды. В 1959 г. назначен директором Городецкой восьмилетней школы того же района. В этой же школе Кайролла проработал

директором 12 лет. Учил детей понимать и любить историю.

Он твердо знает, что суть образования заключается в том, чтобы осознать заложенные в детях истины, которые помогут познать себя и окружающий мир.

Ученик всегда помнит своих учителей. Разными дорогами приходят в школу учителя, и по-разному складывается их судьба.

В декабре 1971 года Кайролла был назначен заместителем заведующего Северо-Казахстанским областным отделом народного образования. Далее, с 1 февраля 1995 года по 1 февраля 2001 года, работал старшим преподавателем кафедры инновационных педагогических технологий областного Института усовершенствования учителей.

Работая директором школы, затем заместителем заведующего облоно, сотрудником ИУУ, опубликовал в областных газетах «Ленин туы», «Ленинское знамя», республиканских газетах большое количество статей, очерков на педагогические темы.

За 44 года работы в сфере народного образования, Кайролла Муканов внес значительный вклад в дело развития и совершенствования отрасли. За большие заслуги в этом деле он награжден орденом «Знак Почета», значками «Отличник просвещения СССР», «Отличник народного образования Казахской ССР», медалью имени Ибрагя Алтынсарина, медалью «За трудовую доблесть» в ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина, Почетными грамотами Верховного Совета Казахстана, Министерства просвещения КазССР, Северо-Казахстанского обкома партии и облисполкома.

Кайролла Муканович – активный общественник. Был членом Президиума Северо-Казахстанского обкома

профсоюза работников просвещения и науки, членом областной наблюдательной комиссии при облисполкому, член Президиума областного общества охраны природы, член областного Совета ветеранов.

Является активным членом клуба краеведов при областной библиотеке имени Сабита Муканова.

После выхода на пенсию К.М. Муканов продолжает работать. Он много занимается краеведческой работой. Собирает материалы о земляках-североказахстанцах, работает сотрудником научного литературно-исторического методического центра «Асыл мура» при областном краеведческом музее. За время работы в центре издал ряд книг.

В периодической печати им опубликованы многочисленные статьи и очерки на педагогические, краеведческие и другие темы. И сегодня Кайролла Муканович продолжает исследовательскую краеведческую работу о людях родного края, об истории развития народного образования. Он – член Союза журналистов Казахстана.

Это было недавно, это было давно. Кайролла Муканович родился в 1932 году, сегодня 2012-й, у него юбилей – 80 лет.

Поздравляю с юбилеем, друг любезный!

Желаю доброго здоровья на долгие годы, творческих успехов!

Жизнь продолжается... И продолжает шагать по ней твердой поступью Кайролла Муканович – человек образованный и творческий.

Ергөбек Құлбек,

Қазақстан Жазушылар одағы  
басқармасының мүшесі,  
Халықаралық Алаш сыйлығының  
лауреаты, филология ғылымының  
докторы, профессор,  
Халықаралық Ш. Айтматов  
академиясының академигі



## **ЖАЗУЛЫ ХАТҚА АЙНАЛҒАН ҚАРИЯ**

Қайда барсам да халық сөзін айтатын кісі іздей жүретін әдетім. Қайролла Мұқанов есімін естігенде елең ете түстік. Өйткені, тұртінікеп ізденіп жүретін, тапқанын тиянақтап жаза білетін азамат. Республикалық баспасөз бетінен Қайрекеңнің мақалаларын талай оқығаным есіме орала кетті. Дастанқан басындағы өзара әңгіменің аяғы ол шығарған кітаптарды қолқалап, бұйымтай райында сұрауға барып ұласты. Ақсақал қармана жүріп өзінде қалған азын-аулақ кітаптарынан «Жұмағали Тлеулин – деятель Алаш Орды» («Жібек жолы», 2005 ж.), «Ұмсын сұлу: ақиқат пен аңыз» (Петропавл 2007 ж.), «Арнаулар» («Жібек жолы» 2004 ж.), «Өлкө тұлғалары» (Петропавл 2008 ж.), «Ақын ізі. След поэта» (Петропавл 2009 ж.) аталатын кітап болып басылған еңбектерін тауып берді. Оқып шыққан соң ол еңбектер мені қатты ойландырыды. «Ауылында қартың болса, жазулы хатпен тең...» деген сөздің ақиқатына көз жеткіздім. Қазақ елінің әр қырында қарапайым өмір сүріп, өнір, тіпті қазақ мәдениетіне әр деңгейде үлес қосатын өлкетанушылар тағдыры жайында ойланым. Қарапайым

мектеп мұғалімі Асантай Әлімов мектеп оқушыларымен бірге ауданның тарихи төбелеріне саяхаттай жүріп, жиналған экспонаттарды жинақтай келе Отырар ауданында даңқты «Отырар» мұражайының ашылуына себепкөр болғаны есіме түсті. Кеңес өкіметінің қаны жерге тимей тұрғанда В.И. Ленинді жамандап (әшкөрелеп) поэма жазып, оны тыңдаушылардың зәресі зәр түбіне кетіп үрейленіп, кейін кеңес өкіметі құлағаннан кейін «Апыр-ай, біздің Асантай мұғалім әулие екен-ау», деп жағасын ұстап отырған ауылдастарымның кейіп көз алдыма келді. Тамаша орыс жазушысы Д.Н. Граниннің «Обратный билет» аталағын повесі ұлы жазушы Ф.М. Достоевскийдің мұражайын ашуға мұрындық болған қарапайым мұғалім Семенов туралы екені, ұлы орыс ақыны А.С. Пушкиннің мұражайын ашып, оны ұзақ жыл басқарған, атақты «Пушкиногорьеңі» жазған Семен Гейченко еріксіз еске түсіп жатты. Өзімнің Түркістанда «Бейсембай Қенжебайұлының түркітану мұражайын», 20 мыңдық алуан тілді жеке кітапханамның негізінде «Түркітілдес халықтар кітапханасын» ашуым – осындай өлкетанушылардан алған тәлімімінің негізінде жүзеге асқанын іштей мойындал отырмын. Міне, осындай жағдайда Қызылжар өнірінің Қайролла Мұқанов, Таңат Сұгірбаев, Социал Жұмабаев сияқты азаматтарының бас біріктіріп, Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ішінен «Асыл мұра» орталығындағы ақсақалдардың тындырымды ісі бірсыпыра! Ал сол ақсақалдардың бірі – Қайролла Мұқановтың еңбектеріне риза болып, қолыма қалам алып отырған жайым бар.

Жұмагали Тлеулин туралы кітабы түп-түгелімен – мұрагаттық дерек жинауы, билетін кісілерге жолығып әңгімелесіп кейіпкер жайында мәлімет алуы, сөйтіп қайраткер өмірнамасын қалыптастырудан оның Алашорда қатарында болып халқына қызмет ету арналарына дейін

жинақтау және талдау негізінде жазылудымен ерекше ұнады. Тұындыгер қазақ тарихы ғылымына тұлғатану саласына осы еңбегімен үлес қосты деп айта аламын. Кітабындағы деректер тың, сол тың деректі бүгінгі зерделі көзқараспен қарап талдау қызықты. Өз басым, Жұмағали Тілеулин туралы кітабын оқып отырып, бір жайды көңілге мықтап түйген жайым бар.

Бір қараганда Жұмағали Тілеулин – өнірдегі денсаулық сақтау саласында орта деңгейлі қызмет атқарған адам. Ал Алашорда өкілдерімен байланысып, қазақ ұлты туралы атқарып жүрген істері ұланасыр. Ақыр-аяғы денсаулық сақтау туралы қалам тарта отырып, медициналық қаншама терминдер алып келген, түсініктеп жасаған десеніші?! Оның Алашорданың ірі-ірі өкілдерімен бір деңгейде ісі қаралып, солармен иықтас тұрып сотталуы да көп жайды аңғартқандай. Орта дәрежелі ғана қызмет атқарған осындай адамның туған ұлты туралы, оның болашағы жайлы ойлары үлкен, ойларынан туған әрекеті ірі. Бүгінгі күні билік басындағы көп азаматтан азаматтық ойы, ұлттық болмысы анағұрлым жоғары тұр. Соған қарап қайраткерлік, ұлтшылдық азаматтың қызметіне емес, жан байлығына, дүниетанымына байланысты еken-ay деген ойға келесің. Жұмағалидің жазған мақалалары қазақ халқының елдігіне барып сабактасып жатады еken. Қандай тамаша! Бүгінгі әр деңгейде қызмет атқарып жүрген қазақ азаматтарына осындай көзқарас, осындай жан байлығы, осындай зерделілік жетпейді ғой. Демек, ұлт қайраткері болу үшін адамға қызмет-дәреже, мансаптың үлкендігі шарт емес, ұлттық ойы, ұлтшылдық әрекеті болуы шарт еken-ay деген ойға еріксіз берілесің. Автор өзі тірнектеп дерек жиып, соны зерек қорытып жазған кітабына осындай ой-өрісі, қайраткерлік болмысы қызметіне байланып қалмаған Алаш ардақтысын «тірілтіп» отыр. Оқыған кісі кешегі тарихтан

аңы сабак алып қана қоймайды, бүгін ұлттымызды ұшпаққа шығарады деп жүрген билік басындағы не ана тілін дұрыс білмейтін, не ұлт тағдырына жаны ашымайтын «ас ішіп, аяқ босатумен» келе жатқан азаматтар жайында еріксіз шамырқана ойлайды. Осы орайда Қайролла Мұқановтың «Жумагали Тлеулин – деятель «Алаш-Орды» аталатын кітабы оқырманын ойға батыратын, санамызыға тарихи сапа бітіретін еңбек деп айтамын. Апыр-ай, деп ойлайсың, азаттық ансаған Алашорда үйымында ұлттық болмысы майда азаматтар жоқ екен-ау... Ұлттық болмыс, ұлттық намыс екен гой оларды ұлттық тәуелсіздікке бастаған.

Қайролла Мұқановтың халқымыздың ғажап ақыны – Мағжан Жұмабаев туралы қазақ және орыс тілдерінде жазған еңбегі де ұнады. Әрине, кешегі кеңестік кезенде Мағжанды кінәлап құстанаушылар, жазғаңдарын сынап «ит сілікіссін» шығарушылар, ит жеккенге айдатушылар, озі атының кеткен соң ақталған ақынды «азаматтық ақталу рухани ақталуға жатпайды» деп, әдеби мұрасының ортамызға оралуына қарсы болғандар бірсыпыра. Көзін көрген, алдынан тәлім алып, Мәскеуде үйінде жиі болып, қоңіліне өшпестей етіп, келбетін қалыптаған Бейсембай Кенжебайұлы сынды бірепп-сарап азаматтар ғана кеңестік кезеңшің өзінде естелік мақала жазып, оны ақтап алу үшін жаңиярлық әрекеттерге бара алды. Жанынан қорқып Ғабит Мұсірепов ағамыз ақын жары – Зылиханы үйіне кіргізбегендеге Бейсекең жылап қарсы алып, женге тұтып төріне оздырып күткениңе күә болғанбыз. Бүгінде жүрттың бәрі Мағжаншыл Кеңестік кезенде Мағжанға қарсы болған азаматтардың тәуелсіздіктен соң әзелден Мағжаншыл болып сөйлегенін, алға түсіп, мадақтап мақала жазғаның да көзіміз көрді. Бертінде ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев жайында бірсыпыра көңіл көншітерлік еңбектер жазылды. Ал Қайролла Мұқановтың ұлы ақынымыз жайындағы еңбегі

түп-түгел жаңалық деп айта алмаспсыз. Алайда, ақын өмірі мен шығармашылығын бар деректер негізінде дұрыс баяндаған, кей сәттері Омбыдағы өміrbаяны жайында мұрагаттан тапқан тың деректерін қоса, көз-көргендердің естелік (олар да тың) материалдарын ғылыми айналымға түсіре сөйлеумен «Ақын ізі. След поэта» өзін-өзі ақтайтын, аса қажет енбек болып шығыпты. Қазақша жазылған ойлардың кейбірін тұжыра орысша жазып кетуі – Қайрекендей азаматтың артықшылығы дер едік.

Оз басым, жарты ғұмырымды қазақтың Сәбит Мұқановты жазушысының өмір тарихын, шығармашылық лабораториясын зерттеуге жұмсаған адаммын. Ол қаламгердің өмір жолы, шығармашылығына қатысты қызықты тағдыр иелеріне бейтарап қарай алмаймын. Ұмсын сұлу – Сәбенә жаза бастап аяғына жеткізбей қалдырған бір кейінкері. «Өмір мектебінде» Ұмсын сұлу жөнінде, Құләмай жайында бірсыныра қызықты әңгімелер айтылады. Сәбенә баяндайтын Ұмсын сұлу сюжеті өрістеп, композициялық шешімге ие болған дербес көркем туынды деуге келмейтін. Ауызекі әңгіменің шебері саналған Сәбенің мемуарлық шығармасында баяндалған тағдыр өзінің қызығылтылығымен дербес жазатын тақырып екен-ау дегізері хақ. Сәбенә жарықтық өміrbаяндық шығармасында эпизодтық кейінкер ретінде әңгімеленетін Ұмсын сұлудың дербес көркемшығармалық тақырып екенін аңгарып кейін либретто жазған. Ол әдебиетте айтыла бермейді. Белгісіз туындылары қатарында қалып келеді. Мұрагаттан көрген соң айтып отырмыз. Қайролла Мұқановтың қолына да ол шығарма түсе қоймаған екен. Аталған кітапта кездеспей отыр.

Сәбит Мұқанов «Ұмсын сұлуды» неге жариялатпады? Шамасы жазушының өз шығармасына көңілі толмаған болуы керек. Кейін оралып ширатармын деген туындыны

қайта оралуға мүмкіндігі болмады ма, әлде қажетсінбеді ме, әйтеуір, Қазақстан Республикасы Орталық мұрағатында сақталатын жеке қорына өткізіп жіберген. Біз сол қордан таныстық. Ол дербес мәселе. Тақырыпқа қатысты болған соң жол-жөнекей әңгімелеп отырмыз. Ал мына қолымыздың кітапта («Ұмысын сұлу») Қ. Мұқанов ізденісі оқырманың тың деректерімен қызықтыра түседі. Ол бір білімді жаратылып, бірақ бағы жанбай өткен мұндық тағдыр.

«Өлкө тұлғалары» - еліміздің солтүстік өңірінде тіршілік кешкен үлкенді-кішілі тағдыр иелері жайында деректі очерктерден бас құрапты. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтан бастап заманымыздың тамаша ғалымы, дарындылығы үшін-ақ қуғын көрген Ебіней Бекетовке дейін атын естіsek естіген, тіпті атын да естімеген небір айтұлы азаматтар жайында тың мәліметтер аламыз. Өмірбаяндық очерктерге ол өзінің ағартушылық ойларын, өлкетанушылық ұсыныстарын да қосып отырыпты. Қай-қайсысы да оқырманың ойландырады.

Ағартушылық дегеннен шығады, Қайролла Мұқанов зейнеткерлікке шыққанға дейін қарапайым мұғалімнен мектеп директорлығына дейін, облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасарлығына дейін өсе қызмет атқарған жан екен. Жазу – жандуниенді ап-айқын көрсететін айна іспетті өнер. Жазбаларына қарап Қайрекеңнің шынайы ұстаз болғанына, шын ағартушы бола алғанына күмән қалмайды. Орта мектеп, ұлт мектептері проблемасын Қайрекең қандай нәзік түсініп, буынынан ұстап тұрып көтереді дейсің. Жан Жак Руссоның: «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өз уақытынды аямау, өзгенің бақытын аялау» дейтін қанатты сөзі көпке мәлім шығар. Шамасы, ұзақ жыл ағартушылық (ағартушы сөзін арзандатып алғанымызға көп болды, мен бұл сөзді сол ескі де есті мағынасында

қолданып отырын) міндетінде болған Қайрекең талай жас өркеннің бағын ашқан-ақ шығар. Енді, міне, зейнет демалысына шығып алып, өлкетанушылық міндетіне жегіліп келеді екен. Біле-білген кісіге өлкетанушылық – жан байлығы мол, білімді азamat қана атқара алатын мамандық. Оған бір саланың ғана емес, әр саланың білімі қажет. Ол тарихтан туындал жазушылыққа ұласып, өшпес өнеге, тозбас тағылым туғызып жатуы керек. Әңгімені өлкетанушылардан бастап, солтүстік өнірдің бір зиялды – Қайролла Мұқанов қаламынан туған еңбектерге сабақтастыра сөйлеуімізде үлкен мән бар. Қайролла Мұқанов өзі өмір сүріп, тіршілік кешіп келе жатқан Қызылжар өнірі тарихын қаузап, оның ұлылы-кішілі тұлғалары тағылымын жинақтай әңгімелегуімен-ақ тұтас қазақ еліне жұғысатын тағылымды іс тындырып отыр. Біз соған сүйсінеміз. Өлкетанушы райында ол тарихқа қызығып әңгіме бастап, қолына түскен материалды филологша талдайтындығымен сүйсіндіреді.

Қолымыздығы еңбектеріне қарап отырып, Қайролла Мұқановты өз басым, қалыптасқан тарихши, кәнігі әдебиет зерттеушісі деп танимын. Жазулы хатқа айналып, халқына қолқанат қызмет жасап келе жатқан қарияның қолынан қаламы түспесін!





Жұмабаев Социал Жұмабайұлы,  
оку-ағарту ісінің ардагері,  
«Асыл мұра» орталығының  
белсенді мүшесі,  
журналист, өлкетанушы

## ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ҚАЙРЕКЕҢ

Облыс орыс-қазақ баспасөзі оқырмандарының Қайролла Мұқановтың есімін білмейтіндері жоқ десем артық айтпаған болар едім. Оқырмандары түрлі тақырыптарға өндіре жазылып жатқан мақалаларын, зерттеулерін қызыға оқып жүргенмен авторы жайлы жеке тұлға ретінде аз білуі, немесе білмеулері де мүмкін. Осыны ескеріп мерейтойы қарсаңында Қайрекең туралы мақала көлемінде көнірек жазуға тырыстық.

Қайрекең 26 қыркүйек 1932 жылы сол кездегі Октябрь ауданы «Ынтымақ» («Он үш жылдық» колхозы) ауылында дүниеге келген. Бастауыш мектепті ауылда бітіргесін туыстары жақын маңайда одан әрі окуға қазақ мектебі болмағандықтан, бір жағынан орысша білсін деп көрші село Дмитриевка жетіжүлдік мектебінің екінші сыныбына окуга береді. «Ауылдың бастауыш мектебін (ол кезде төртжылдық қой) оку озаты болып бітірсем де орыс тілін білмегендіктен алғашқыда екінші сыныптың тіл сабактарын оку қыынға түсті. Дегенмен аз уақытта орыс тілін менгеріп кеттім», - дейді Қайрекең балалық шағын еске түсіріп.

Қайрекеңнің балалық шағы Ұлы Отан соғысы кезеңіне келіп, ерте есейді, үлкендермен бірге масақ терді, егіннің

арам шөбін жұлды, сегіз жасынан бастап лобогрейкеге жегілген аттың басына мінді. Осындағы қызын жағдайға қарамай Дмитриевка орыс жетіжкілдің мектебін үздік бітіріп, 1949 жылы сол кездегі Октябрь ауданының орталығы Марьевка орыс орта мектебінде оқуын жалғастырады.

Марьевка орыс орта мектебін 1952 жылы медальға бітіріп Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университеттіне қабылдау емтиханынсыз түседі. Университеттің тарих факультетін үздік бітірген Қайрекен 1957 жылы облысының Октябрь ауданына қарасты Н.С.Хрущев атындағы совхоз орыс орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, бір жылдан кейін осы мектептің оқу ісінің менгерушісі болып тағайындалады.

1959 жылы осы ауданың Городецкий сегізжылдық мектебінің директорлығына ауыстырылады. Бірер жылдан кейін бұл мектеп орта мектеп болып құрылады.

1971 жылдың желтоқсан айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы оқу бөлімі менгерушісінің бірінші орынбасары болып тағайындалады. Бұл қызметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін атқарды. 1995-2001 жылдар арасында облыстық білім жетілдіру институтының инновациялы педагогика технология кафедрасының аға оқытушысы, 2001 жылдың ақпан айынан бастап Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері болып істеп келеді.

Қайрекенмен таныс-білістігіміз сонау 1971 жылдан басталып кейін жолдастыққа ұласты. Жұмысты қатар істедік, сапарлас болып Омбы, Тобыл, Алматы архивтерінде жұмалап жұмыс істеген уақыттарымыз да болды. «Тоқсан би», «Бір әулеттің тарихы» кітаптарын бірігіп жаздық. «Асыл мұра» орталығынан шыққан отыздан астам зерттеу кітаптарын Фалым Қадірәлі үшеуміз бірігіп жаздық.

Қазақтың риза болған адамына «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтін ұшқыр сөзі бар, біз де осы сөзді Қайрекене арнай отыра бүл кісінің қадір-қасиетін сегізге бөліп жаздық.

### **Бірінші қыры – улағатты ұстаз.**

Қайрекенің ұстаздық қабілеті, ұстаздық қасиеті Городецкий орыс орта мектебінде директор болып жүргендे танылды. Бүл мектеп Қайрекен басқарған аз уақыт ішінде аудан ғана емес, облыс бойынша алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болды. Мектеп басқару істәжірибесі облыс мектеп директорларына таратылды. Мектеп аудандағы методикалық тірек мектебі болып, көптеген методикалық бірлестіктердің мәжілісі осы мектепте өтіп отыратын. Сондықтан да облыстық оқу бөлімі менгерушісі орынбасары қызметіне таңдау Қайролла Мұқанұлына түсті.

Бүл уақыт облысымында қазақ мектептерінің қайраңдап, жаппай жабыла бастаған тұсы еді. Қазақ мектептерінің жабылуына барынша тосқауыл қойып, жанашыры бола білді. Облысымында оқу-ағарту ісін басқаруда, ұйымдастыруда көп еңбек сінірді. Ұстаздық саладағы 44 жыл қызметі ескерусіз қалмады. «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл», «Ыбырай Алтынсарин» медальдарымен, «СССР оқу-ағарту қызметкерлерінің үздігі», «Қазақ ССР оқу-ағарту қызметкерлерінің үздігі» белгілерімен, Қазақстан Жоғарғы Советінің, Қазақстан білім министрлігі, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті мен атқару комитеттерінің мақтау қағаздарымен марапатталды.

**Екінші қыры – жорналшы.** Қайрекен – Қазақстан жорналшылар одағының мүшесі. Облыстық орыс-қазақ баспасөздерінде айында емес, жұмасына бір мақаласы шығып тұрады деуге болады. Газеттерге мақала жазу ісімен ерте араласқан. «Ленин туы» газетінің 1943 жылғы

тігіндісінен ауыл тұрмысы жайлы мақалаларын кездестіргеніміз бар.

Бұл істе де Қайрекеңнің басқалардан ерекшелігі бар. Біріншіден, баспа беттеріне өндіре жазса, екіншіден орыс-қазақ тілдерінде қатар жазады. Мақалаларының негізгі тақырыбы оқу-агарту істерін ұйымдастыру мен өлкеміздің тарихы. Өлкеміздің ұмыт бола бастаған көне тарихының көзін ашып, есімдері естен шығып бара жатқан тарихи тұлғалар жайлы жазады. Сондықтан газет оқырмандары тарихи танымы мол мақалаларын қызығып оқиды. Қатар жүрген құрбыластары жайлы арнау мақалалары да газет бетіне жиі басылады.

**Шінші қыры – өлкетанушы.** Қайрекең өлкетану ісіне зейнеткерлікке шыққан 1993 жылдан бастап түбегейлі кірісті деуге болады. Өлкеміздің тарихын Омбы, Тобыл, Алматы қалалары архивтерінен жұмалап жатып жинастыруды. Облыс тарихына орай жинап жүрген дүниелерін архив құжаттарымен бекітті. Нәтижесінде көлемді-көлемді зерттеу еңбектерін жазды. Алдымен Социал Жұмабаевпен бірігіп «Тоқсан би», «Бір әuletтің тарихы» кітаптарын жазды. Кейін атақты жерлесіміз, «Алаш» партиясының мүшесі Аблай Рамазанов туралы «Елін сүйген азамат», Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтардың ең жақын пікірлес достары, Петропавл қаласындағы қазақ педагогикалық техникумның тұңғыш директоры Жұмағали Тлеулин туралы «Жұмағали Тлеулин – «Алаш Орда» қайраткері» атты көлемді зерттеу кітаптары Алматы қаласында басылып шықты. Осы екі еңбегі Қазақстан Фылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және археология институтынан тиісті бағасын алғып, Қазақстан тарихына қосылған жаңалық деп танылды.

Қайрекенің «Ұмысын сұлу» атты зерттеу кітабы біздің өңірімізде XIX ғасырда өмір сүрген оқымысты қызы Ұмысын сұлу туралы жазылған. Кезінде Фабит Мұсірепов Ұмысын сұлу туралы арнайы кітап жазбақ болып материал жинастырған екен.

Өзінің туған ауылының тарихы жайлы жазылған «Ынтымақ ауылы» атты кітабы да өлкеміздің өткен тарихын қамти жазылған еңбек.

«Қазақ ССР-іне енбегі сінген мұғалім» атағын алған Қағида Базарбаева туралы жазылған «Ұлағатты ұстаз» атты енбегі ұстаз жайлы, сол кездегі облысымыздың оку-агарту саласына арналып жазылған еңбек. «Тарихи терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша сөздігі». «Солтүстік Қазақстан облыстық халық агарту бөлімі методикалық қызметінің тарихы» атты кітаптары да облыстың халық агарту саласы бойынша құнды зерттеулер.

Қайрекең бұдан басқа «Асыл мұра» орталығы мүшелерімен бірігіп Қожаберген жырау, Шал ақын, Сегіз сері жайлы зерттеу енбектер жазды. Баян батыр және Алаш орда мүшелері жайлы көптеген зерттеу мақалалары газет бетінде жарық көрді.

Соңғы кезде Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары облысымызда ел басқарған көрнекті тарихи тұлғалар жайлы «Тағдырлары Қызылжарда тоғысқан» атты көлемді зерттеу мақаласын жазды. Бұл енбегінде Жұмабай Шаяхметов (1902-1966), Мұқатай Жәнібеков (Угар) (1887-1932), Нығмет Сырғабеков (1900-1937), Жанайдар Садуақасов (1898-1938), Ұзақбай Құлымбетов (1891-1938), Әбдірахман Байділдин (1891-1931) тағы басқа Қызылжар өңірінде қызмет атқарған азаматтардың өмірдеректерімен таныстырған.

Атақты жерлесіміз Евней Букетов жайлы жазған зерттеулері де біраз дүние.

Қазір өлкетану ісін одан әрі жалғастыруда. Кезінде Қызылжар қаласының тарихын да кеңінен зерттеп жазған мақаласы да «Солтүстік Қазақстан» газеті бетінде басылған болатын.

Қайрекен орысша-қазақша басылып шыққан Солтүстік Қазақстан облысы энциклопедиясын құрастырушылар кеңесінің мүшесі. Осы энциклопедияға облыс тарихына байланысты жүзден аса дерек-мақалалар жазды.

**Төртінші қыры – әдебиетші.** Қайрекенің әдебиеттану жайлы зерттеулері бір төбе. Әсіресе, жерлес ақын-жазушыларымыз Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, Сафуан Шаймерденов, Иван Шухов, Герольд Бельгерлердің өмірдеректері, шығармашылықтары жайлы көптеген зерттеу мақалалары баспа беттерінде жарық қөрді. Мағжан Жұмабаевтың белгісіз өмірдеректері, шығармашылығы, педагогикалық көзқарасы жайында зерттеулерін жазды. Абай мен Пушкин шығармаларының рухани байланысы, Абайдың Пушкин шығармаларынан аудармасы жайында әдеби зерттеулер жазды.

2002 жылы Габит Мұсіреповтың 100 жылдық мерейтойы қарсанында «Егеменді Қазақстан» газетінің ұйымдастыруымен болған «Қызылжар – Жаңажол» жаяу марафоны болып, жолдағы ауылдарға Ғабенің әдеби мұрасы жайлы әңгіме өткізді. 200 шақырымдай осы жаяу марафонға үлғайған жасына қарамай Қайрекен де қатысқан болатын.

**Бесінші қыры – ақын.** Қайрекенің 2004 жылы Алматының «Жібек жолы» баспасынан «Арнаулар» атты өлеңдерінің жинағы шықты. Осы кітаптың алғы сөзінде өзінің ақындығы туралы былай деп жазды: «Мен кәсіпқой ақын емеспін. Дегенмен ақындарға еліктеп, мектепте оқып жүргенде ұсақ-түйек өлеңдер жаза бастадым. Соғыс кезінде майданда жүрген агаларға арнап біраз өлеңдер жаздым. Дмитриевка мектебінің 7-ші класында оқып жүргенімде

орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы М.В.Самойленко окушылардың аудандық көрмесіне бір топ өлеңдерімді жібергені бар. Марьевка орта мектебінде оқып жүргенде де әрқылы өлеңдерім орыс тілінде жазылды. Онда біздің класта «Юный поэт» атты газет шығарылатын еді. Сол газетте менің өлеңдерім де шығып тұрды».

Бұл жинақ «Арнаулар» деп аталғанмен әр жылдары әртүрлі тақырыпқа жазылған өлеңдері де бар. Қазақтың атақты шежірешілер үлгісімен өз ата-тегінің шежіресін 80 шумақтан тұратын өлеңмен жазған шежіресі де жинаққа енген. Жинаққа енген бір топ өлеңдері өзінің туған ауылы – «Ынтымақ» ауылына арналып жазылған .

Атыңнан айналайын «Ынтымағым»  
Көрмесем сені екі-үш ай ынтығамын.  
Жүрсем де сенен жырақ алыс жерде  
Өзінде мәңгі менің ынтық зарым.

Бауырында Саяғаштың Ынтымағым  
Жұртына сәүле берген күншуағым.  
Әлемнің қанша жерін көрсем дағы  
Өзіндей көре алмадым жер жұмағын, - деп жырлайды туған ауылын Қайрекен.

Алтыншы қыры – мінез әдемілігі, қарапайымдылығы. Ұлы Абай «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген сөзін дәл Қайрекене арнап айтқан сияқты болып көрінеді. Біраз қатарластарынан білімдарлығы жағынан озық тұрған Қайрекенің «мен білемін» деп асып-таспайтын мінезі де кездесе бермейтін мінез. «Құйса толмайтын, толса аспайтын», - дейтін ұшқыр сөзді де осы кісіге арнап айтуға болады. Әркімге жол бергіш Қайрекен осы сияқты мінездерімен де елге сыйлы, елдің құрметтісі.

**Жетінші қыры – белсенді қоғамшыл.** Қайрекеңнің облыстық деңгейдегі атқарған, атқарып келе жатқан қоғамдық қызметтеріне арнайы тоқтауға болады.

Кеңес үкіметі кезінде Солтүстік Қазақстан облыстық оку-агарту және ғылым саласы қызметкерлері кәсіподағы президиумының мүшесі, облыстық атқару комитеті жанындағы бақылау комиссиясының мүшесі, Облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумының мүшесі қызметтерін атқарды.

Кейін, жаңа заман кезінде 1990 жылдан 2006 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары, 1992 жылдан осы уақытқа дейін облыстық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, 1995 жылдан бері Сәбит Мұқанов атындағы облыстық кітапханасы жанындағы өлкетану клубының белсенді мүшесі қызметтерін атқарып келеді.

**Сегізінші қыры – еңбек сүйгіш.** Қайрекенмен қатар жүргенде тағы бір байқағанымыз – еңбеккерлігі. Үнемі іздену үстінде көресің, көп оқиды.

Облыс орталығындағы кітапханаларда, оқу орындарында өтіп жататын түрлі мерекелік жиындарға, телебаярларға облысқа танымал өлкетанушы, сыйлы азамат ретінде шақырылып жатады. Газет-журналдардан да тапсырмалар түсіп тұрады. Қайрекенің осының бәріне уақыт тауып қатынасып, өзінің ойларын бөлісіп жатқанын көресің.

Қайрекенің осы сияқты қоғамдық қызметтері ескеріліп «Женістің 60 жылдығы» және «Қазақстан Конституциясының 10 жылдығы» медальдарымен тағы басқа наградалармен марапатталды.

«Жолдастарыңның кім екенін айтшы, мен сенің өзіңнің кім екенініңді айттып берейін», - деп айтқандай. Қазақстанның көрнекті академик-ғалымдары тарих

ғылымының докторы Кеңес Нұрпейісов, экономика ғылымының докторы Аманжол Қошанов, кезінде Қазақстанның бас сәулетшісі болған Шота Уәлиханов, қоғам қайраткері, көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтар Қайрекенің ең жақын жолдастары, достары.

Күдай қосқан қосағың – жарты иманың. Әйел – қашанда отбасының ұйтқысы, ер азаматтың ажары, құт-берекесі болса – Қайрекенің жолдасы Құлзағи Ақанқызы дәл осындай адам.

Құлзағи жеңгей көп жыл ұстаздық қызмет атқарған, оқығаны да тоқығаны да көп адам. Үйге келіп жататын қонақтарды күтуден, үй шаруасынан қолы босай қалса, Қайрекенің шығармашылығына кеңесшілік қызмет те атқарады.

Отбасында төрт бала өсіп тәрбиеленді, бәрі де өмірден өз орындарын тапты. Ғұлнары әке жолын қып тарихшы мамандығын қалады. Тарих ғылымының кандидаты. Қазақстан-Қытай тарихының ара қатынасы туралы жазылған үлкен тарихи еңбектің авторы.

Гүлнар Қайроллақызы қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қызметте.

Сөз соңында өмірдеректері өнегелі боларлықтай Қайрекенің қарымды қаламынан әлі де талай туындылар жарық көретініне оқырмандарын сендіргім келеді.





Жунусов Хасым Жунусович,  
участник ВОВ,  
«Отличник народного  
просвещения КазССР»,  
заведующий отделом школ и науки  
обкома партии

## **ИНТЕЛЛИГЕНТНЫЙ, ЭРУДИРОВАННЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ**

С Кайроллой Мукановым я долгие годы трудился на ниве образования, просвещения и воспитания молодежи. В семидесятые годы заведующим областным отделом образования работал Виталий Иванович Сакун – очень авторитетный руководитель и хороший педагог. Так случилось, что к моему приходу на должность заведующим отделом науки и учебных заведений обкома партии не было заместителя заведующего облОНО. По рекомендации В.И. Сакуна перебрали несколько кандидатур. Все как-то не подходили. Во-первых, нужен был казах, с опытом работы на руководящих должностях в сфере образования, ну и определенные деловые и организаторские качества.

В общем, перебрали много людей. И вот В.И. Сакун предлагает кандидатуру К.М. Муканова – директора Городецкой средней школы Сергеевского района, которого представил как хорошего организатора и знающего педагога. Да, школа была на хорошем счету в районе.

Смущало лишь то, что директор школы, а надо руководить всей системой образования, хоть и в должности заместителя заведующего. Тем не менее, изучив его служебной список, отзывы сослуживцев, после бесед и встреч было решено утвердить его в этой должности. И мы не ошиблись.

Кайролла за долгие годы работы первым заместителем заведующего обладал своим трудолюбием, професионализмом среди педагогов области завоевал заслуженный авторитет и уважение. За годы работы в областном управлении он раскрылся его талант организатора педагогического труда, умелого руководителя коллектива.

Отмечая его приверженность к новаторству в организации и руководстве учебно-воспитательным процессом, выявление хорошего опыта и его распространение и внедрение в другие коллективы и школы. Одно из отличительных качеств Кайроллы – плановость и системность, последовательность в работе, стремление довести задуманную цель до логического конца, добиться результата.

И не случайно, что в 70-80-е годы в нашей области были достигнуты значительные успехи в работе школ и дошкольного обучения. Положительный опыт отдельных школ был известен в республике.

Большая работа была проведена по укреплению учебно-материальной базы школ и дошкольных учреждений. Во всех 159 совхозах и колхозах были построены современные учебные корпуса, оснащенные современной мебелью, укомплектованы учебно-наглядными пособиями, что улучшило постановку и проведение процесса обучения детей.

Кроме того, в эти годы была проведена большая работа по комплектованию школ квалифицированными учителями. Выпускники Петропавловского педагогического института

с большим желанием шли работать в сельские школы, их там ждали и создавались хорошие бытовые условия местными советскими и партийными органами и руководством хозяйств.

В это время наши школы переживали подъем. О достижениях наших учебных заведений по трудовому воспитанию говорит тот факт, что многие дети по окончании школ, техникумов оставались в родном селе, работали в полеводстве и животноводстве.

Положительные достижения и опыт изучали и внедряли в процесс обучения и трудового воспитания, в другие области республики. Например, опыт работы педагогических коллективов школ №№ 1, 5, 11, 35, 43 г. Петропавловска, а также средних школ: Чистовской, Николаевский, Боголюбовской, имени Ибраева, Смирновской, Киялинской, Советской, Соколовской и др.

Многие учителя, директоры школ за успехи в обучении и воспитании подрастающего поколения были удостоены высокого звания «Заслуженный учитель Казахстана» или «Отличник просвещения КазССР». А директор Николаевской СШ Аскар Игибаев удостоен высшей награды СССР – ордена Ленина. Директор СШ № 11 г. Петропавловска награждена орденом Октябрьской Революции. Правительственными наградами удостоены многие другие.

Я далек от мысли утверждать, что все достижения являются заслугой одного Кайроллы Муканова. Тем не менее он, являясь одним из руководителей областного отдела народного образования, своим трудом, организаторской работой во многом способствовал этому.

Кайролла, как руководитель, был требовательным, объективным в работе и общении с подчиненными, коллективами учителей. Он старался в людях прежде всего найти положительные качества, профессионализм,

стремление к новаторству и самое главное – любовь и преданность делу, которым они занимаются.

Я имел возможность общаться с ним и в неофициальной обстановке. Могу только сказать: от этих встреч имел лишь положительные эмоции. Он хороший собеседник, хорошо знающий жизнь.

В общении с ним чувствуется интеллигентный, эрудированный во многих областях истории, литературы человек. Последнее время он занимается краеведением, изучением деятелей далекого и не очень далекого прошлого. И здесь он достиг значительных успехов.

В канун его юбилея – 80-летия я, от имени семьи, которая его хорошо знает и уважает, и от себя лично поздравляю его с этим знаменательным событием.

Здоровья, успехов тебе и всей хорошей, дружной твоей семье. Долгих лет жизни, дорогой хороший человек!





Исқақов Жақсылық Ғабдоллаулы,  
партия және қоғам қайраткері,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
құрметті азаматы,  
Еңбек ардагері

## АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

«Біреулер кісілікке атасының басын өзгертумен, енді біреулері атасының басын менгерумен жетіп жүр. Өңгеруге болар бас болса, ол ешқайда кетпейді, ең абзалы ат басын менгере біл. Жігіт басыңа сын осы, шамаң келгенше елжұртқа, бас-көз бол, арзанға алданба. Бәріңе де айтарым осы» - деген екен Шұбыртпалы ер Ағыбай.

Бұл ұлағатты сөзді Ағыбай бабамыз Қайроллаға айтқандай, Қайролла өзінің ұзақ жылғы өмірін осы қағиданы орындаумен міне сексеннің сенгіріне де келіп қалды.

Еліміздің ең басты білім ордасы болған, әлі қунге дейін сол жұмысты орындал келе жатқан білімнің қара шаңырағы қазақтың мемлекеттік университетінен оқытуышылық білім алғып келген азамат осы уақытқа дейін болашақ елдің азаматтарын дайындауда маңдай терін, бойындағы бар ізгілік қасиеттерін жастарға білім беру, зиялды тәрбие беру жұмыстарымен айналысып келеді. Қайрекеңнің облыстық оқу бөлімінде қызмет еткен уақыттары қазақ тілінің құлдырап, ұмытылуға аз-ақ қалған уақыт еді, оған қарамай

Қайрекең елдегі мектептерде қазақ тілін жандандару үшін көптеген қызметтер атқарды.

Бірде-бір қазақ мектебі жоқ Тимирязев ауданында өзінің еңбек жолын бастаған жас маман «Восход» совхозындағы орта мектепте қазақ тілінен балалардың арасында жарыс жүргізіп, жергілікті Сәбен, Ғабен секілді ғұламалардың еңбектерін балаларға кеңінен таныстыруды. Сол уақытта басқа ұлт балаларынан қазақ әдебиетінің майталмандары Абайдан бастап Мұхтар Әуезовтың шығармаларын таныстырып қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын балалардың арасында кең таратты.

Қайрекең облыстық оқу бөлімі менгерушісінің орынбасары болып тұрған кезінде (1971-1995 жж.) қазақ ауылдарында бұрын орыс тілінде болған мектептерді қайтадан қазақ тіліне көшіруге көп күш жұмсады. Ақыры олар түгел қазақ тілінде жұмыс істейтін болды. Сонымен қатар орыс мектептерінде қазақ тілін жүргізуі де дамытты. Ол 1989 жылдан бастап облыстық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының (қоғамдық негізінде) орынбасары болды. Сол жылдары қазақ балаларын өзінің ана тілінде оқытуға да көп еңбектенді. Ата-аналарға балаларын қазақша оқытудың қажеттігін түсіндіру жұмысын ұйымдастыруды. Ол кезде көптеген сліді мекендерде және әсіресе Қызылжар қаласында ата-аналар балаларын орыс мектептерінде оқытатын. Облыстық оқу бөлімі мен «Қазақ тілі» қоғамының және ақсақалдар алқасының (Қайролла оның да мүшесі болатын) бірігіп жасаған жұмысының інтижссіндегі ата-аналар балаларын біртіндеп қазақ мектептеріне бере бастады. Қызылжар қаласында «Салтанат» балабақшасы қазақ тілінде ашылды. № 3 орыс орта мектебінде тұнғыш қазақ балаларының 1-ші класы ашылып оған 15 бала келді. Келесі жылдары қазақ тілінде оқытын балалар саны көбейіп, 2 қазақ мектебі ашылды (классикалық гимназия және №6

қазақ мектебі). Қазір, Құдайға шүкір, қаламызыда жаңа ашылған бес қазақ мектебі жұмыс істейді. Осыларда Қайрекенің де үлесі бар.

Қайролла соңғы уақыттарда елдің тарихын, жерлес ақын, жазушылардың, зиялы адамдардың еңбектерімен олардың өмірбаяндарымен жергілікті отандастарды ғылыми жөнінде таныстыруды, бұл жөнінде «Асыл мұраның» шығарған кітаптары, елдің ризашылығына бөленуде.

Көршілес Ресей облыстарына барып ондағы жерлес-қандастар арасында Қазақстанда жасалып жатқан жұмыстар жөнінде көптеген әңгімелер өткізіп оларды біздің істеп жатқан өнегелі жұмыстармен таныстырып қана қоймай, ол жерлерде қазақ тілінің дамуын, мектептерде қазақ тілін оқыту үшін оларды қазақ тілі оқулықтарымен қамтамасыз ету жұмыстарымен шүғылданды.

Қайролланың облыстық зейнеткерлер одағында да атқарып жүрген жұмыстары ұлан-ғайыр.

Өзінің кішіпейілдік, адами қасиеттерімен елдің сыйына бөленген азаматқа, ғұмырың ұзак, қаламың мұқалмай ел үшін қызмет істей бер демекшіміз.



Карабатырова Айна Кариевна,  
директор Института повышения  
квалификации учителей



## СЕЕТ РАЗУМНОЕ, ДОБРОЕ, ВЕЧНОЕ

*Исключительное счастье человека –  
быть при своем постоянном любимом деле*  
Народная мудрость

Учитель. Учитель-методист. Общественный деятель.  
Журналист. Отец. Дедушка.

Вот слагаемые судьбы и счастливые моменты уважаемого Кайроллы Мукановича Муканова, обладателя ордена «Знак почета», «Отличника просвещения СССР, Казахской ССР», Почетной грамоты Верховного Совета КазССР и множества других наград, автора более 150 научных статей, исследовательских работ, лирических стихов.

За скромными анкетными фактами биографии Кайроллы Мукановича Муканова скрыт каждодневный кропотливый труд. В своих работах он поднимает злободневные проблемы воспитания, обучения, экологии, роли личности в современном обществе и дает свою оценку происходящим вокруг событиям.

Особую значимость и ценность для педагогической общественности области представляет его книга «История

развития методической службы народного образования Северо-Казахстанской области». Работа посвящена становлению и развитию системы повышения квалификации педагогических кадров области, где автор прослеживает основные этапы развития методической службы народного образования, начиная с организации отдела (1919 г.) до настоящего времени.

Тщательное изучение автором немногочисленных архивно-документальных материалов фонда Государственного архива Северо-Казахстанской области, областного отдела народного образования и института усовершенствования учителей позволило создать уникальный документ, который послужит основой для создания Музея образования при Институте повышения квалификации педагогов.

По словам самого автора, «...его скромный труд все же окажет посильную помощь в деле методического роста и патриотического воспитания работников народного образования...».

Педагоги области знают его не только как профессионального руководителя, автора многих книг и статей, но и как замечательного лектора, который и сегодня выступает на курсах повышения квалификации, совещаниях и семинарах, научно-практических конференциях.

Работая старшим преподавателем в институте усовершенствования учителей (1995-2001 гг.), Кайролла Муканович в своих лекциях, беседах, многочисленных встречах с учителями постоянно подчеркивал особую роль семьи в воспитании детей, о непрерывном профессиональном развитии самого учителя на протяжении всей жизни.

Всем известно о том, что близлежащее и родное оказывает большое воспитательное воздействие, нежели далекое и малоизвестное.

Кайролла Муканович много занимается краеведческой работой. Его статьи об известных людях родного края, родного аула, родной природы воспитывают у сегодняшних школьников уважение и любовь ко всему окружающему, гордость за великих людей своего края.

К.М. Муканов – исключительно принципиальный, честный и добросовестный человек. Он неизменно сдержан, доброжелателен и отзывчив, глубоко уважаем всеми, кто знает его по совместной работе.

Вся жизнь Кайроллы Мукановича Муканова - труд, поиск, стремление превзойти себя вчерашнего. Он и сегодня полон творческих планов и замыслов.

Профessorско-преподавательский коллектив Института повышения квалификации педагогических работников по Северо-Казахстанской области искренне поздравляет Кайроллу Мукановича с юбилеем и желает неутомимому, самоотверженному исследователю, доброму и отзывчивому человеку, здоровья, терпения, сил на его трудном и радостном пути, научных поисков и открытий.





Клименко Владимир Иванович,  
ветеран педагогического труда

## ПЕДАГОГ, НАСТАВНИК, ИССЛЕДОВАТЕЛЬ- КРАЕВЕД

Сегодня в ходе масштабных позитивных изменений национальная модель образования на наших глазах обретает конкретные черты.

Возрос социальный статус учителя. Обрела привлекательность педагогическая профессия. В учебной деятельности утвердились информационно-коммуникативные технологии обучения.

Достижения наших учащихся на международных олимпиадах, творческих турнирах, конкурсах и соревнованиях сделали нашу область узнаваемой в мировом образовательном пространстве.

Однако современное образование возникло не на пустом месте. Его прочный и основательный фундамент заложен педагогами старшего поколения, которые при ограниченных научно-методических и материально-технических ресурсах переходного периода не только сохранили, но и умножили богатые традиции в системе образования региона.

К их числу, прежде всего, следует отнести Кайроллу Мукановича Муканова, бывшего заместителя заведующего областным отделом образования, прошедшего профессиональный путь от учителя сельской школы до руководителя областного масштаба.

В последней трети минувшего века в области сложился могучий корпус руководителей отделов образования, возглавляемый легендой просвещения Виталием Ивановичем Сакуном.

В эту славную когорту входили Кайролла Муканович Муканов, Павел Акимович Сладкомедов (заместители заведующего), Иван Андреевич Юндин (заведующий Петропавловским гороно), Михаил Федосеевич Коржов (заведующий Мамлютским райОО), Геннадий Федорович Дубовик (заведующий Булаевским райОО, ныне М. Жумабаева), Виктор Петрович Риттер (заведующий Возвышенским райОО, ныне входит в состав района М. Жумабаева), Виктор Кондратьевич Зеер (заведующий Соколовским райОО, ныне Кызылжарский), Бектурган Бекенович Бекенов (заведующий Советским райОО, ныне Аккайынский), Еркебай Сарсенбаевич Ахметов (заведующий Жамбылским райОО) и другие.

К горькому сожалению, многие из них ушли из жизни, оставив о себе добрую память и бессмертные дела.

Совместная деятельность с корифеями образования обогатила Кайроллу Мукановича не только в профессиональном, но и в личностном плане.

Замечательные способности руководителя, уважительное отношение к коллегам, компетентность и эрудированность, устремленность к исследовательской работе обеспечили ему уважение и признание педагогов и педагогической общественности области.

Любопытная деталь: после выхода на заслуженный отдых он посвятил себя исследовательской краеведческой работе. И на этом поприще сумел в полной мере реализовать свой творческий потенциал и внести весомый вклад в историю культуры и образования нашей области.

Эта книга о человеке, жизненный и профессиональный путь которого объективно отражает историю образования области и может служить примером беззаветной преданности делу, которое так необходимо нашему обществу.



Кондратова Валентина Ивановна,  
директор областной школы-  
интерната для детей-сирот,  
заслуженный учитель Казахстана

## С ЮБИЛЕЕМ, КАЙРОЛЛА МУКАНОВИЧ!

Кайролле Мукановичу – 80 лет! Не верится!

Кажется, еще недавно я писала ему стихотворение, посвященное его пятидесятилетию. А прошло уже столько лет!

Он является для меня и наставником, и руководителем, и методистом, и старшим товарищем.

Моя трудовая деятельность началась в далеком 1963 году в школе № 41 г. Петропавловска (ныне лицей № 1). В эту же школу пошли учиться и дети К.М. Муканова. Так состоялось наше первое знакомство. А когда вскоре меня назначили завучем, а затем и директором этой школы, то по всем возникающим вопросам я всегда консультировалась у Кайроллы Мукановика.

Спокойный, интеллигентный, эрудированный, досконально знающий все формы и ступени образования, он легко и доходчиво разъяснял любые проблемы.

В 1979 году меня назначили заведующей Кировским районом г. Петропавловска. Здесь уже К.М. Муканов стал моим непосредственным начальником. Его работа – это своеобразная учеба для начинающих руководителей. Он спрашивал строго, но корректно, никогда не унижая и не обижая.

В те годы нам часто приходилось ездить на съезды, слеты, семинары в разные города. И всегда чувствовалось, с

каким уважением относятся к Кайролле Мукановичу работники Министерства просвещения, республиканские коллеги. К его выступлениям всегда прислушивались. С его мнением считались.

Последние почти двадцать лет моей трудовой деятельности я работала директором областной школы-интерната для детей-сирот. Курировал интернатные учреждения от облоно К.М. Муканов. Здесь мне его помочь особенно пригодилась. Несмотря уже на большой мой педагогический стаж к этому времени, с работой интернатных заведений я не сталкивалась. Кайролла Муканович, всесторонне знающий эту работу, разъяснял, учил, наставлял, возил на семинары к прославленному в те годы директору Мамлютской школы-интерната «Народному учителю СССР» Г.М. Кубракову.

Благодаря наставничеству Кайроллы Мукановича школа-интернат для детей-сирот вскоре стала одной из лучших в республике. Ей было присвоено звание «Теплый дом». Я, как директор, за это время получила много наград. Несомненно, большая заслуга в этом и Кайроллы Мукановича, благодаря его таланту наставника, педагога, терпеливого и грамотного учителя.

Кайролла Муканович уже много лет на заслуженном отдыхе. Но праздно отдыхать этот человек не умеет. Его интереснейшие статьи на разные темы мы постоянно читаем в местных газетах. Он активно участвует в общественной жизни области. Его ценят и уважают.

Кайролла Муканович – прекрасный семьянин. Вместе с супругой Клавдией Акановной они воспитали четырех прекрасных детей. Все они получили высшее образование и являются уважаемыми людьми. Подрастают внуки. Жизнь продолжается.

Здоровья Вам, дорогой Кайролла Муканович! С юбилеем! Счастья Вам на долгие годы!!!



Қабиев Зейнолла Қабиұлы,  
ардагер ұстаз,  
мерейтой иесінің ағасы

## ҚАЙРОЛЛАНЫ ТУҒАН КЕЗІНЕН БІЛЕМІН

Біз Қойман, Найманның балаларымыз. Тоқсанға таяп қалсам да, Қайролла баладай әлі де есімде. Қайролланың шешесінің аты Мағрыш, әкесі Мұқан. Қайролла 1930 жылы қыркүйек айында туды. «Он үш жылдық» колхозында немесе қазіргі Ынтымақ ауылында дуниеге келді. Мұқан Сыздықтың баласы. Алдында екі баласы қайтады. Сондықтан Қайролла туғанда кіндігін кесуге «Жүкенді шақырып әкел, балтасын ала келсін» - деп, мені құдық басында ойнап жүргенде жұмсады. Мен ол кезде 7 жаста едім. Әлі есімде үй арасы жақын еді. Жүкен келіп кіндігін кесті. Туған баланың атын маған Зейноллаға ұйқас - Қайролла деп қойды. Жас баланы мен ойнаттым, күттім. 2-3 жасында екеуміз ойнап жүргенде, Мағрыш оны іздел келді, мен Қайролланы жиналып тұрған төсек арасына тығып койғам, анасы атын атап шақырғанда: «Мен мындамын, мен мындамын» - деп атып шығатын!

1931 жылы біз Степняк деген жерге көшіп кеттік, ал Қайролла осы ауылда қала берді. Кейін соғыс уақытында қайтып оралдық. Мен Петропавлда землеустроительный училищесінде оқып жүрген едім. Елде жұмыс істедім, соғыс

болғандықтан оқуды таstadtым. Ал Қайролла 3-ші сынып окушысы еді. Ауыл мектебінің қазақша төрт сыныбын бітіріп, Дмитриевка селосына барып оқуды қайтадан 2-ші сыныптан бастап енді орысша оқыды. Марьевка селосында он жылдық мектепті үздік бітірді. Алматыға оқуға жіберуге қаражаты болмағасын, біз экесі екеуміз ауылдан арзан бидай сатып алып Петропавлға апарып қымбатқа саттық. Сөйтіп, жоғары білім алды.

Анасына тартқан Қайролла мектепте оқып жүріп, шығармашылыққа бет бұрды. Ынталы, зейінқой оқыған Қайролла осы күнге дейін қызмет етіп жүр. Қаншама өлең, тақпақ жазып шығарды. Сондай ақылды, байсалды інім болғанын мақтан етем!

80-ге толған жасына, жас қосылып, жұбайы Құлзагимен бірге ұзақ өмір жасай берсін!





Қажымұратова Мәриә Мұслімқызы,  
биолог ғалым,  
құрметті зейнеткер

## ДОСЫМЫЗ ҚАЙРОЛЛАҒА!

Мен Қайролланың досы Төлегеннің атынан жүрек сезімдерімізді айтқым келеді.

Біздің достығымыз елу (50) жылдан асты. Біз кездескенде бір-бірімізді қуанышпен, сағынышпен қарсы алып жаңа көргендей болып тұрамыз. Жас күніміздегі өмірімізде болған қуанышты жағдайлар өте көп.

Төлегенім Қайролланы «Маркс», өзін «Энгельс» деуші еді. Сол сөзіне қарай Қайролла халқымыздың қалаулысы, еліміздің елеулі азаматы, үлкен ұстаз, тарихшы, жазушы, бірнеше кітаптың авторы.

Ол тәлім-тәрбиесін тек қана отбасына емес, қазақ халқының балаларына көп еңбек етіп жүрген азамат.

Менің екі балам: Жомарт, Дәүлет туған әкесіндегі көреді. Үнемі ол кісінің еңбегін, көп оқитынын, көп жазатынын мақтан етіп айтып отырады.

Мен ол кісінің атақ-дәрежесін айтпай қойып отырмын. Қайролла мен Төлеген бір-біріне жүрегімен берілген дос. Ондай достар аз кездеседі.

Төлеген жоқ болса да маган үзбей хат жазып, өлең шығарып отырады.

Қайролла туралы өте көп естеліктер жазуға болады. Көп еңбек сінірді, нағыз интеллигент деуге болады. Ол кісінің балалары да мен үшін өте қымбат. Роза, Сара, Гульнара, Марат.

Менің ойым, тілегім – балаларының қызығын көруге тоймасын. Қасындағы жары – Құлзаги мен ұзақ өмір сұрсін.

Құлзагидың бүлдірген теріп кездескен махаббаты шексіз болсын. Сонымен айтайын дегенім: сырымыз да жырымыз да бітпесін.



Қали Ожан Қалиұлы,  
жазушы, ақын,  
суретші, еңбек ардагері



## МҰҚАНОВ ҚАЙРОЛЛА – 80-ДЕ

Оу, Қайролла!  
«Ынтымақ» туған елден аталағысың,  
Атадан аруақты бата алығысың.  
Биғін еркे Есілдің жайланаған ел,  
Жоғарғы Самай-Керей атанағысың.  
Тұыпсың орман-тоғай ортасында,  
Сонан ба, көркемдік бар бір басында.  
Тағы да, тыңдал өскен сабыр бар-ая,  
Тәлімді тәрбиенің арқасында.  
Өсіпсің табиғаты тамаша елден,  
Жасыңдан жақсылардың соңына ерген.  
«Жерінде ат аунаған түк қалады» -,  
Деген бар бәрі дағы туған жерден.  
Мектебің өнерлі орта өріс болды,  
Сондықтан өнімі мол жеміс болды.  
Жүйелі білім алу арқасында,  
Меніңше көк жиегің тегіс болды.  
Өттіңіз өмірінде талай сыннан,  
Нәр алған түп-тегіңің жалғасынан.  
Жәй емес, төркінінде тек нәсіл бар,  
Шықтыңыз ғұламалар ордасынан.  
Жұққан бар Ебінейден өлең деген,

Жұққан бар Аманжолдан - ойың терең,  
Жүк артып қайда салсаң қайыспайтын,  
Жазудан жалықпайтын жасыл емен.  
Таңдадың өмір жолын санаң ұқты,  
Содан соң өршіл өжет талап мықты.  
Жасыңнан армандаған ақ көңілмен,  
Ұлағат тұтқан едің ұстаздықты.  
Аудардың шәкірттерге көңілінді,  
Арнадың жиырма жылдай өмірінді.  
Алдыңнан мың сан бала білім алып,  
Ақтадың армандаған сенімінді.  
Қайыспай қызындыққа жасымадың,  
Кездесken кедергіге тосылмадың.  
Биліктің биігіне шықсаң дағы,  
Кеуделеп, кеуде қағып тасымадың.  
Бұл деген адамшылық алға бастар,  
Құран да, хадистер де, Құдай қостар.  
Жүргенде ізгіліктің ізін танып,  
Әрқашан ақ жолынды Құдай қостар.  
Қашан да ізгі жолдың болар құны,  
Ескерді аудан, өңір елеп мұны.  
Көтерді облысқа билік қостап,  
Ұстазы мұғалімдер мұғалімі.  
Талпынған талабынды Құдай қолдай,  
Секіру шың басына болған сондай.  
Мектептен облысқа бір-ақ шығып,  
Басқардың мұны дағы жиырма жылдай.  
Келгенің басшылыққа дөп болғаны,  
Әкімдер, барша қауым көп қолдады.  
Бұйырған мұндай жерде көп отыру,  
Өйткені істерінде мін болмады.  
Қайролла қолға алса жұмысынды,  
Ескеріп ойға алмайды тұрмысынды.

Өйткені ту сыртында Құлзағидай,  
Сенімді серік түр ғой тумысында.  
Ежелден Құдай берген тылың мықты,  
Күлзаги жастайынан сырынды ұқты.  
Зырлайды дөңгелегің алға қарай,  
Берген ғой берік қылып мұрындықты.  
Білімді - әрқашанда, нұр сезімді,  
Түсірген жарық сәуле күн көзіндей.  
Ақтарған ақжаяулығың сансыз кітап,  
Сондықтан оқымысты дәл өзіндей...  
Жәй емес қатардағы ақ жаулығың,  
Өрбітті өріске айдан он саулығын.  
Көрікті, көркем сұлу, сыншы-мінші,  
Сондықтан мықты сенің денсаулығың.  
Сара, Роза дәл өзіндей ұстаз болды,  
Таңдаған тәрбиелі тура жолды.  
«Қыздардың қызығы мол деген» дейін,  
Кеңейген өрісіңде көніл толды.  
Гүлнәрің ғылым жолын қуалаған,  
Мәнерлеп өмір жолын сырғанаған.  
Тарихпен тамырланған Қыдыр ата,  
Тіл жағын шешендікке дуалаган.  
Мараты ата-ананың жолын ұқты,  
Окуға талабы зор болды мықты.  
Өнердің Құдай берген арқасында,  
Алып ел - Ресейден бірақ шықты.  
Әртіннен ақыл-оімен ақтарғаның,  
Өткеннен алтын аршып сақталғанын.  
Қопарып қажымастан қабат-қабат,  
Тарихтың шөгіп жатқан қатпарларын.  
Қыын ғой бүл жалғанда сөз өнері,  
Байқалар сөйлегенде өз кемері.  
Қай күнде қындықтан алып шығар,

Білімі, табиғаты, өз өнері...

Өлкені шолдың алыс дүрбіменен,  
Қыырлай қол ұстаса Қыдырменен.

Асырып жақсылықты аспандата,  
Шокпармен жамандықты гүржіледін.

Тарихқа сілтедін сен ұзын құрық,  
Кей-кейде жазасың-ау тізілдіріп.

Кітаптар қатарынан шығып жатыр,  
Қойғандай конвейерге тізілдіріп.

Бұл күнде адамдарды көп сынайды,  
Кейде бұрыс, кей-кейде дөп сынайды.

Ал сенің табиғатың мұлде бөлек,  
Сыпайы сыр мінезің көпке ұнайды.

Қайролла, осындай жан асыл маған,  
Көңілін ешкімнің де қалтырмаған.

Әлі де айтары мол айтылмаған,  
Қаймағы қалың тұрып, шайқалмаған.

Тарихы қандай қыын болсын мейлі,  
Қопарып тұп-тамырдан іріктеиді.

Анығын тауып алып архивтерден,  
Бошалап майын шағып, жіліктейді.

Қайрекең осы біздің болды қандай?  
Дегендер болса егер шөлі қанбай.

Сойғандай жаңа соғым ішін жарып,  
Айтайын шек-қарынын ақтарғандай.

Дәлдігі сөзге берік ант сияқты,  
Немістің ғұламасы - Кант сияқты.

Кім болса да, ол болсын еріп кетеді,  
Кесіп ап шайға салған қант сияқты.

Адал жан, ноқаттай бір қылауы жок,  
Сөздерге өркеш-өркеш алмайды кек.

Сондықтан артық сөзді айту обал,  
Парқына өз-өзіңнен тоясың тоқ.

Сөйлесе жайлап бағып, еппен сөйлер,  
Қаралар болса дағы өңкей дөйлер.  
Аспаннан ажал келсе асықпайды,  
Тау құлап, тасып жатса өзен, көлдер.  
Жүргенде салмақ сала екі аяққа,  
Ешқашан жалтақтамас екі жаққа.  
Бет алған бағытынан бір аумайды,  
Бұрыллып қарамайды кей саяққа.  
Күлгендеге еппен ғана езу тартар,  
Өзіне сабырлықтың жүгін артар.  
Көрінген жарқылдаққа қарамайды,  
Үйіне бұрылмaston тұра тартар.  
Іздесе бір мәселе түптең қазар,  
Қопарып қабаттарын – табан тозар.  
Көңілі көзі жетсе көншиді оның,  
Табылса сонда ғана тыным табар.  
Айтқанды бұл Қайрекен екі етпейді,  
Қыртысын ерінбестен өтектейді.  
Аманатқа қиянат болған емес,  
Анығы-танығына жетектейді.  
Таныса - ең әуелі жасың ұғар,  
Табылса - содан кейін досың сынар.  
Деймін-ау Құдай біледі деп айтайын,  
Қасың жоқ, барлығы да досың шығар.  
Бұл деген ақ жібектей мінезінен,  
Болжаймын, не болмаса төзімінен.  
Қаратын әр адамға әр қырынан,  
Көкірек көзі ашық көзіменен.  
Келсе де сексен жасқа жеңіл жүрет,  
Қандай ғана іс болсын жеңін түрет.  
Жер айынан жер майын жеткіз десен,  
Ойланbastan алар еді темір күрек.  
Өлкені аралады бір тынbastan,

Жерінде де болған гой сұр құм басқан.  
Ойы озық бәрі дағы алақанда,  
Танушы жоқ өнірді бұдан асқан.  
Сексенің құтты болсын келген бүгін,  
Өмірдің арқаладың талай жүгін.  
Бейнетпенен зейнеттен сарай соқтың,  
Ылайым ашық болғай келер күнің.  
Немене сексен деген – бұл бесін де,  
Көзді сал күн ертеңге келесіге.  
Сексеннен тоқсан асып жүзге қарай,  
Тарта бер тіршіліктің кемесінде.





Қанғожин

Мұтәллап Мұхаммединұлы,  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек сінірген  
мәдениет қайраткері, ақын

## ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРЕКЕМЕ

Тарихтың ақтаңдақ беттерін,  
Ашуға бел буды, мақсат қып.  
Қынға қаймықпай бетtedі,  
Бойына қайрат-күш қаптатып.  
Өлкемнің көп болған ерлері,  
Ғалымы, ақыны, жырауы.  
Тағдыры тануға берmedі,  
Болмады олардың сұрауы.  
Қазақтың аспанын айналып,  
Бақыттың құсы да қонды кеп.  
Тарихтың тыңына, сайланып,  
Қайрекен қарымын салды көп.  
Іздейді өткенді, кеткенді,  
Табады жылғасын, тамырын.  
Тарихқа жобалау өтпейді,  
Нақтылық қана оның Тәңірі.  
Қажымай, талмайтын еңбекшіл,  
Жазушы, ал кейде ол ақын да.  
Кіндігі байланған жерін де тербетсін,  
Қиялмен көгіне жақындал...

Жастарға көрсетер үлгісі,  
Ақылы, нақылы ғажап-ақ.  
Феномен дегенің - бұл кісі.  
Тылсымнан сыр тартар саралап.  
Денсаулық тілеймін мен саған  
Іске ассын ойлаған арманың.  
Қартайма, жасай бер, жақсы аға  
Өлкемнің бір туар тарланы.





Қошанов Аманжол Қошанұлы,  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Ғылым  
Академиясының академигі,  
Қазақстан Республикасы ғылым  
мен техникасына  
еңбек сінірген қайраткері

## **АҒАРТУШЫ – ҰСТАЗ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ**

50-ші жылдары КазГУ айтулы білім ордасы болатын. Соғыс жылдары эвакуацияға Қазақстанға келген белгілі философ, тарихшы ғалымдар сабак беріп, Панкратова, Вяткин, Бекмахановтардың дәстүрі, ұлы Әуезов мектебі білімге шөліркеген қазақ жастарына, кешегі 30-шы жылдардың нәубетінен кейін, жаңа кезең, жаңа дәуірдің есігін ашқандай-ды. Сол мүмкіндікке орай республикамыздың түпкір-түпкірінен талапты жастар астанамыз Алматыға, «түйенің танығаны жапырақ» дегендейін, білімге құштарлығына дәнекер боларлықтай орталықта тоғысатын. Тіпті сонау шалғайда бұратана халқымыз азайып қалған бір ауданымыздан Алматыда сол жылдары 60-қа тарта жастар оқыған еken. Солардың бәрі де кезінде орнықты білім алып, елімізге адал еңбегін арнап, сыйлы азаматтар қатарында танылыпты. Солардың бірі, бірегейі біздің бүгінгі ел ағасы, белгілі ұстаз, мәдениет, қоғам қайраткері Қайролла Мұқанұлы.

Менің өз басым Қайрекене деген көңіл-ықыласым ерекше. Себебі біз бір заманның (дәуірдің) түлегіміз, бір мектепте оқып, бір мұғалімдер ұжымынан тәлім-тәрбие

алдық. Одан бетер, әкелеріміз бір-бірімен сыйласып, өткен досшар адамдар болатын. Бір мектепте тәрбиеленіп, сол кезеңдегі басым идеологияның позитивті – ұранышыл тағылымдарына барынша сеніп, келешек бақыт кілті оқуда, білімде деген қағиданы толық қабылданап өсken жеткіншектер едік. Сол уақытта қалыптасқан қоғамшылдық бағыт, халыққа қызмет ету деген үрдіс (қазіргі әркім өзі үшін» деген қағидаға керегар) - шамасы бізben ажырамас саналық ұстаным болып кетері күмән туғызбаса керек.

Қайрекең тегінен қабілет дарыған әулеттеген болуы керек, мектепте санаулы дарынды оқушылар санатында болды. Онымен қатар жүдеп-жадап жүріп оқыса да (ол кездегі халықтың тұрмысы, ауылдан келіп оқыған балалардың жағдайы айтпаса да белгілі) ол сабакты ұқыпты, табиғатынан алымды зердесімен қабылданап, жүйелі пайымдайтын. Әлі есімде, орыс әдебиетінің Нина Степановна деген мұғалімі Қайрекеңнің «Софыс және бейбітшілік» (Л.Н. Толстойдың) романы бойынша жазған бір шығармасын таңырап, бір сынып жоғары оқыған бізге үлгі ретінде алдымызға тартқаны есімде қалыпты: «Ауылдан кеше келген «Кайралла» (өзі осылай атайдын оқушысын) қалай ғана соғыс алаңында жарапанып жатқан князь Куракиннің өлім мен өмір арасындағы қиял-арманына бойлап, терең түсінуіне таңқалмасқа, тіптен де таңданбасқа мүмкін емес» дейтін бір кезде бізге жаңа ұғым, сезім әлемінің есігін ашқан қарапайым селолық ұстаздарымыздың бірі.

Қайрекең окушы кезінен-ақ білім бұлағы кітапты көп жинап, оқитын. Біздің кезімізде теле-компьютер, ай-пад жүйелері мүлдем жоқ, тіпті радио-газеттің өзі тапшылық кезенде Ш. Айтматов айтпақшы: «Адамзаттың құндақталған рухани болмысының кілті – кітап әлемі» ғана шырағдан болатын көкірегі ояу жастарға. Қайрекеңнің үйінен әкелген ауызы құлыптаулы, тозығы жеткен ағаш

сандықшасы болатын, іші кітаптарға толы. Тесік қалтадағы соңғы тыындары дүкенге тұскен кітаптарға жұмсалатын. Тіпті бірде қазақ оқушылары жинап берген азын-аулақ ақшаның өзін (жалпы қажетке жұмсаймыз деген) С.Мұқановтың «Өмір мектебін» алуға жұмсап қойып, біздің «ашу шақырып» талқымызға да тұскені бар да. Қазір ойлап қарасақ, мектеп кітапханасы мен осы кітап әлеміне құмарлық жас азаматты келешекке бағыттаған рухани көпірлердің бірі болғаны күмән тұғызбаса керек.

Қайрекенің табиғи дарыны оқуда да, мектептегі (1200 оқушысы бар, аудан орталығындағы бүкіл аудан балалары 7 сыныптан кейін келіп оқитын жалғыз оқу орыны болатын) қоғамдық, ұйымдастыру қабілетімен де ерекше танылғанды. Онымен қатар біз – бір топ қазақ оқушылары ұлттық сезіміміз ерте оянып, мектеп қабырғасында «Абай атындағы жастар үйімін» құрып, оқуда, мектеп өмірінде алдыңғы шепте болуымыз керек деп ол кездегі «Жас гвардия» романы мен сол аттас киноға еліктеп – ант алғанымыз да есімде. Осының басы-қасында Қайрекен көшбасшы болатын. Келешектегі айтулы, ұлағатты педагогтың ұстаздық жолы осы бір жылымшы мөлдір бұлақтан бастау алды десек қателеспеген болармыз, сірәда.

Іә, Қайролла Мұқанұлы ең алдымен талантты, ғасыр қындығы мен озық ағартушылық идеяларды бойына сініріп, әрдайым өсу жолындағы қалыптастан ұстаз, педагог деп тануымыз қажет. Тіпті университет қабырғасында озат оқушылардың қатарында көбіне ұлгі болғанын менімен тете Қазақ ғылым академиясында қызметте болған айтулы ғалым-академик Кеңес Нұрпейісов, белгілі философ Марат Сужиков әрдайым реті келгенде Қайролла Мұқановты ілтипатпен еске алатын (әсіресе менің мектептес жолдасым екенін білгенде): «Ғалым болатын келешегі бар еді, шамасы

тұрмыстың құрмеуінен аспирантураға келе алмады-ау» деп шамалайтын.

Қайролла Мұқанұлының ғылымда, білімде өз таңдауы болды. Өзінің туған өлкесінде көп жылдар ұстаздық қызметте, ірі-ірі мектептерге басшылық етті, ширек ғасырға жуық облыс қолеміндегі оқу жүйесін басқарды. Абырайлы, халық құрметіне лайық ағартушы-ұстаз дәрежесіне көтерілді. Жалпы Қайролла Мұқанұлының ұстаздық тағылымы екі ғасыр тоғысындағы талай күрделі қызындыққа толы дәуірде, Шоқан Уәлиханов сөзімен айтқанда: «Шын мәнінде білім мен ғылым әр адамның санасын, ар-ожданын мен демейінше, ол халықтың бостандық пен тәуелсіздікке жетуі мүмкін емес» деген қағидаға жету жолындағы сирек кездесетін құрескер жолы. Соңғы 60 жылға таяу уақытта ұстаздық-педагогтік әлемде, Солтүстік өңірде жас ұрпақ тәрбиесіндегі Қайрекен тұлғасы өзінің айрықша жемісті үлгісімен ерекшеленеді десек қателеспейміз. Халықтың ұлы болмысы, келешегімен тікелей байланысты бұл қызметте Қайрекен үлгі-тәжірибесі мен үшін біздің өңірдегі ұлы ағартушылар Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Жантелин, Спандияр Қебеев, Бекет Өттөлеуовтердің рухани жалғасы іспетті. Әсіресе 60-80-жылдар аралығында өлкедегі қазақ мектептеріне тікелей қамқорлық жасап, жебеуі көптің көнілі мен жадында.

Қайрекенің табысты жылдары Республикасының тәуелсіздік алған жылдарымен сәйкес – өлкеміздің рухани-мәдени қазынасын зерттеп, халық иғілігіне жарату саласындағы жемісті еңбектері. Арнайы құрылған бастамашы топтың қызметі негізінде еліміздің мәдени, қоғам, тарихи қайраткерлерінің баға жетпес қазынасы халқымен қайыра көзайым болып қауышуда. Шал ақын, Қожаберген жырау, Құлеке, Мағжан ақын, Шоқан әuletін, Евней Бекетов сынды арманда кеткен ұлы азаматтарды,

кешегі XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы өлкеміздегі танымал қайраткер Қошан Жантілеуов жайында зерттеулер жаңа заман талабы, рухани сұранысымызға лайық. Міне осы еңбектері үшін Қайрекең кешегі Одақ кезеңіндегі байрақтарымен қатар Республикаға еңбегі сіңген қайраткер атағына ие болып, Евней Бекетов атындағы белгімен марапатталғанын біз, қазақ зиялыштары, дән разылық сезіммен қабылдадық.

Қайролла Мұқанұлымен арамызыдағы сыйластық, азаматтық достығымыз тағдырының өз алдына бізге дарытқан сыйы. Ақ пейіл, азаматтық қарым-қатынасымыз, сыйластығымыз, әкелеріміздің досшар көңілдерінің айғаында міне 60 жылдан аса еш кінәрәтсіз жалғасуда. Менің жеке архивімде осы жылдар ішінде, сонау студенттік шақтан, ең көп сақталған информация – шамасы Қайрекеңнің маған жолдаған хаттары. Бұл деректерде өмірдің әр кезеңіндегі әртүрлі тілек, қындықтар мен жетістіктер, достық ақыл-кеңестер, алдағы міндеттерге мәжбүрлеу, рухтандыру (Қайрекең ақыл-кеңес бағдар сызуға, шамасы, алдына жан салмайды, көбі оптимистік, позитив бағытта болады), т.б. қамқорлық жәйттер. Бұл әрине шын пейіл, бір-екі жас үлкендігін ескергенде – ағалық нұсқаулар іспетті.

Әкем Қошан Жантілеуұлына арагідік хат жолдап, менің жетістіктеріммен бөлісіп құттықтап қоятын кезінде. Ақ ниетпен жазылған хаттарды қабылдап, Тәтем (әкемізді осылай атайтынбыз) елге барғанымда разылық сезіммен: «Осы жолдасың жарайды. Жақсы лебіз жарым ырыс деген. Тегіне тартады ғой», - деп отыратын Тәтем.

Әкем Қошан ақсақалды етene танып, жақсы билгендіктен, ол кісінің Солтүстік өнірі алдындағы мемлекеттік, қоғамдық қызметі турасында арнайы естелік кітап шығару жөнінде Қайрекең көбінен есімізге салумен

болды. Әсіресе менің жан-жақты бітпейтін қызметім көп мұршамды келтірмей, тартқыншақтай берсем керек. Дегенмен биылғы жылы сәті түсіп, Қайрекең өзі бастамашы болып «Халқы қадірлеген қайраткер Қошан Жантілеуов» деген көлемді де келімді кітап жарық көрді. Қоғам, ел барынша разы, «тағы да бір өңіріміздің ұлағатты қайраткери тарихтағы өз орнын «қалауын тауып қаланды» дегендейін. Біз әulet өкілдері Қайрекең алғысымызды білдірудеміз.

Бұгінде Қайрекең сексеннің сенгіріне аяқ басып, сансалалы тынымды еңбегінің арқасында халқымыздың тандаулы азаматтарының санатында. Халық руханиятына арналған өмірдегі сапарыңыз ұзағынан болғай деген тілекпен академик - жолдасың Аманжол Қошанұлы.





Лебедева Татьяна Васильевна,  
директор Регионального центра  
переподготовки и повышения  
квалификации государственных  
служащих акимата СКО,  
ученица юбиляра

## УЧИТЕЛЬ С БОЛЬШОЙ БУКВЫ

Видимо, так устроен сельский быт, что каждый знает все друг о друге, о планах, и как-то сама собой течет жизнь села. А вот во второй половине 50-х годов ушедшего столетия село Городецкое тогда еще Октябрьского района (ныне район Шал ақына) взбудоражила новость: прислали нового учителя истории из самой Алма-Аты да еще и с высшим университетским образованием. Мальчишки и девчонки бегали к дому нового учителя, чтобы украдкой из-за забора или плетня посмотреть: какие они, новые жители села. Нужно заметить, что в с. Городецкое проживали преимущественно украинцы, русские, немцы, белорусы, казахских семей тогда было мало, только семьи главных специалистов. Зато второе отделение совхоза, находившегося в семи километрах - с. Баганаты, знаменито тем, что здесь родился и рос выдающийся академик Е.А. Букетов и практически было населено только казахами.

Семья Мукановых Кайроллы и Кульзаги, благодаря своей коммуникабельности, легко вошла в круг сельчан, к ней тянулись как к чему-то большому и неизведанному, старались завести дружбу. Для простоты общения Кайролла Муканович представился: «Николай Муканович и моя

супруга Клавдия Акановна». Они так и прописаны в сердцах своих учеников и сельчан, как Николай Муканович и Клавдия Акановна.

Городецкая восьмилетняя школа располагалась в нескольких саманных бараках с печным отоплением около огромного совхозного сада. Учителем истории и директором школы Кайролла Муканович проработал без малого 12 лет. Ему как креативному лидеру, стратегу и мотиватору удалось не только решить бытовые проблемы, но создать и выпестовать высокоинтеллектуальный сплоченный учительский коллектив, из восьмилетней создать среднюю школу.

Учитель - главная фигура на селе, носитель идеологии, несущий огромный груз общественной работы. Николай Муканович как историк, как пытливый краевед, по крупицам восстановил историю села Городецкое, многие судьбы, его людей.

Как учитель он смог нас всех как-то сплотить, мотивировать на хорошие дела, приобщить к общественной жизни. Он всегда был образцом для подражания и Учителем, пред которым все выпускники Городецкой школы всегда готовы «смиленно преклонить колени»! Его мы не видели злым и крикливым, любой конфликт он гасил своей мудростью и признанным авторитетом. Идя в школу, мы могли не выучить что-то на немецком, что-то по математике или литературе, но не выучить урок истории было невозможно!

Николай Муканович - трудоголик, каких еще нужно поискать! Вот маленький штрих. Родившись в казахском ауле, окончив там школу на государственном языке, он слабо знал русский. Но, чтобы достичь совершенства, он переписывал целые тома Толстого, Горького, Пушкина! А в классе нас поражал своей эрудицией, он цитировал

классиков литературы, причем говорил: «Откройте страницу такую-то, третий абзац сверху начинался так...» и все совпадало, все было именно так.

Кайролла Муканович смог своим личным примером привить любовь к учительскому делу, и многие его ученики стали педагогами, директорами школ, гимназий и даже учеными.

Он всегда в эпицентре событий, а как общественный деятель, исследователь и краевед, своими трудами дополнил и восстановил историю Северо-Казахстанской области, судьбы и факты.

Мы гордились, когда Кайроллу Мукановича из села, из глубинки перевели в город заместителем заведующего облОНО. Радовались, когда в областном институте усовершенствования учителей он наделял своей мудростью учителей области.

Сегодня из-под его пера выходят исторические очерки, издаются книги, где он автор или соавтор. Кайролла Муканович не знает покоя, он идет, чтобы вести за собой всех, кого он учил и кто по сей день учится у него - Человечности, Мудрости, Жизни!

Нашему учителю - 80 лет. Не верится! Он молод душой, открыт всем ветрам, он и по сей день в строю нашей бурной жизни.

Здоровья Вам, дорогой Кайролла Муканович, спасибо за то, что наша учительская семья Лебедевых и Бондаренко состоялась благодаря Вам!





Мәлікова Сәуле Зейноллақызы,  
облыстық мемлекеттік  
мұрағатының директоры,  
тарих ғылымының кандидаты

## **ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНҰЛЫ МҰҚАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ**

Қайролла Мұқанұлы Мұқанов 1932 жылы 26 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь (қазіргі Тимирязев) ауданы «Ынтымақ» ауылында туған. Ауылдағы қазақ бастауыш мектебін бітірген соң, Дмитриевка жетіжүйлік орыс мектебінде оқып, кейін Марьевка селосындағы орта мектепте білімін жалғастырады. Марьевка орта мектебін күміс медальмен бітірген соң, оқу-білімге құмар талапты жас 1952 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі.

1957 жылы ҚазМУ-дың тарих факультетін тәмамдағаннан кейін, еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысы сол кездегі Октябрь ауданы Хрущев атындағы (қазіргі Комсомол) орта мектепте тарих пәнінің оқытушысы болып бастайды. 1958-1959 жылдары сол мектепте оқу ісінің менгерушісі, ал 1959 жылдың тамыз айында сол аудандағы Городецкое сегізжылдық мектебінің директоры болып тағайындалады. Кейін ол мектеп орта мектеп болып өзгертіліп, К. Мұқанов сол мектепте 12 жыл мектеп директоры болып қызмет етті.

1971-1995 жылдары облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарады, ал 1995 жылдан бастап облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының инновациялық педагогикалық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек етеді.

2001 жылдан қазіргі уақытқа дейін ол облыстық мұражайлар бірлестігі жанындағы «Асыл мұра» тарихи-ағарту орталығының ғылыми қызметкері.

Халыққа білім беру саласында 44 жыл еңбек еткен Қайролла Мұқанов облыстағы білім беру саласын дамыту және жетілдіру ісіне зор үлес қосқан жан. Осы саладағы қажырлы еңбегі үшін ол «Құрмет белгісі» орденімен, «КСРО оқу-ағарту үздігі», «Қазақ КСР білім беру үздігі» белгісімен, медальдармен, мақтау грамоталарымен марапатталған.

Қ.Мұқанов азамат болып қалыптасқан шағынан бастап ел өміріне қатысты қоғамдық істерден тыс қалған емес. Ана тілінің жанашыры ретінде 1990 жылдан бастап облыстық «Қазақ тілі» қоғамы тәрағасының орынбасары қызметін атқарады. 1972-1995 жылдарар аралығында Солтүстік Қазақстан облыстық ағарту және ғылыми кәсіподак комитеті Президиумының белсенді мүшесі. Облыстық халық депутаттары кеңесінің атқарушы комитеті жанындағы облыстық бақылау комиссиясының мүшесі. 1972-1995 жылдары облыстық табиғатты қорғау қоғамы Президиумының мүшесі. 1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Ұстаздық пен шығармашылық жолды қатар алғып жүрген Қайролла Мұқанұлы өмірі өзгеге үлгі болар азамат. Ол мектеп қабырғасында жүргенде өлең жазып, қабырға газетіне сурет салумен айналысқан. Өрелі жастың ең алғашкы тырнақалды мақаласы 1943 жылы «Ленин туы» газетінде жарық көреді. Білім саласында абырайлы еңбек ете жүріп, облыстық «Ленин туы» мен «Ленинское знамя»

газеттерінде, республикалық «Қазақстан мұғалімі», «Учитель Казахстана» газеттері мен «Қазақстан мектебі» журналында жариялаған мақалаларында тәрбие, білім беру мәселелеріне айрықша көңіл аударды.

1993 жылы құрметті демалысқа шыққан ардагер ұстаз еңбек етуін тоқтатпай, өлкетану ісімен айналысып, облыстық, республикалық мұрағаттардан, Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты мен Тобыл қаласының мұрағатынан жерлес солтүстікқазақстандықтар жайында айтылмаған тың деректерді жарыққа шығарып, бірқатар құнды жұмыстар атқарды. Осындай қажырлы еңбектің арқасында Қожаберген жырау, Сегіз сері Шақшакұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынов, академик Ебіней Арыстанұлы Бекетов, Аманжол Қошанов, ақын Кәкімбек Салықов, сәулетші Шота Уәлиханов, жерлес-жазушылар Сәбит Мұқанов, Фабит Мұсірепов, Иван Шухов, Сафуан Шаймерденов, Герольд Бельгердің шығармашылықтары жайында мақалалары жарық көрді.

Өлкетану саласында да өз қолтаңбасымен танылған Қайролла Мұқанов Социал Жұмабаевпен бірлесе отырып XIX ғ. атақты би, Солтүстік Қазақстанның тумасы Тоқсан Жабайұлы (Тоқсан би) туралы, ақын-революционер Баймағамбет Ізтөлин жайында «Арманды ақын» атты кітап дайындал шығарды.

Осы жасында ұшқыр қаламын қолынан бір сәт те тастамаған зерттеуші ағамыз кеңестік кезеңде саяси себептерге байланысты зерттелмей қалған еліміздің теріскей аймағындағы қазақ ұлтына, жеріне қатысты тарихы мен қазақтың маңдайалды азаматтары жайлы іздестіріп, тарихтың ақтандақ беттерін толтыруға зор үлесін қосып келеді және осы Ұлы дала перзенттерін жарыққа шығара отырып келешек ұрпаққа қандай ұлттың ұрпағы екеніне көзін жеткізді. Осы орайда, Қ.Мұқанов 1928-1938 жж.

қуғын-сүргінге ұшыраған атақты жерлестеріміз Алаш орда қайраткерлері Жұмағали Тілеулин мен Абылай Рамазанов туралы мол деректер жинап, кітап қылып шығарды. Сондай-ақ, «Қожаберген жырау», «Жыр жұлдызы» «Ынтымақ ауылы», «Ұмысын сұлу» және т.б. кітаптары жарық көрді.

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, өлкетану саласының майталманы атанған Қайролла Мұқанұлы ұлқызы, немерелер тәрбиелеп отырған үлгілі шаңырақ иесі.

Кейінгі жылдардағы белсененді шығармашылық жұмысы үшін Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қайролла Мұқанов «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына 60 жыл» медалімен, «Қазақстан Конституциясының 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен, «Ұлы Жеңістің 65 жылдығы» медалімен марапатталып, академик Е.А.Бекетов атындағы медалі мен сыйлығының дипломына ие болды.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты Қ.М. Мұқановтың өмірі мен шығармашылық жолын сипаттайтын құнды құжаттардан құралған қолемі жағынан ауқымды жеке қорын (98 сақтау бірлігі) қалыптастыруды бастағы.

Осынау сексен жасты бағындырып, саналы ғұмырыңызды ұлт мұддесі, халық тілегіне арнаған Сіздей биік тұлғалы, үлкен жүректі ел азаматының кемелденген шағындызда үлгі боларлық істеріңіз әлі мол екеніне сенеміз. Алдағы уақытта Сіздің бойыңызға қуат, ойыңызға шабыт, отбасыңызға береке-бірлік, жемісті ғұмыр тілейміз!





Муканова  
Гюльнар Кайроллиновна,  
доцент КазНУ  
имени аль-Фараби,  
кандидат исторических наук,  
средняя дочь юбиляра

## «ЛЭЙЛЭ». ПАПА. АТА ҚАЙРОЛЛА

С высоты возраста дети воспринимают своих родителей – у нашего народа так принято, – с особым пietетом: оставшееся время хочется их беречь, создать достойные условия, лишний раз не тревожить и внимать: беседе, предпочтениям, многолетним привычкам, пожеланиям.

С легкой грустью вспоминаются детские годы, невинные шалости, взросление, – и бесконечная опека папы и мамы. Забота была незаметной, бодрящей, мимолетной (оба работали), на положительных примерах. Впрочем, как и в большинстве типичных советских «ячейках общества».

Скудный, но теплый быт, чистая атмосфера дома, игры на открытом воздухе, вплоть до футбола, в который мы, три девочки, могли играть до упаду, снежки, каток и горка во дворе. С появлением братика Марата в квартире появлялись постепенно боксерские и хоккейные принадлежности.

Шахматы были всегда. Помню, как папа делал замысловатый ход и, пока я «соображала», потихоньку устранился и снова садился за деловые бумаги.

Письменный стол папы – это некий символ его трудолюбия и извечной влюблённости в поиск, который передался детям и внукам.

Искренним проникновением в свои истоки и постоянным «проживанием» судьбы «малой родины» - аула Ынтымак (она же – «13-я годовщина») ныне Тимирязевского района области, какой бы пост он ни занимал, в любом возрасте, сколько я себя помню, папа заслужил трепет и уважение родных.

Его двоюродные братья и сестренки, аулчане (многие со временем покинули аул и трудятся либо на заслуженном отдыхе) ласково зовут его «Ләйлә» - так в детстве кто-то из них выговаривал трудное имя «Қайролла».

Для нас имя папы было и остается путеводной звездой: в детстве, попадая в незнакомый аул, будучи прижат к сморщенным загорелым щекам какой-либо апашки или аташки, на вопрос: «Кімнің баласысың?» - честно отвечали «Қайролланың». И – словно распахивались ворота рая, светлели лица стариков, они одобрительно кивали, накрывался дастархан, начинались расспросы, вручались сладости. Теперь понимаешь, что такое признание дорогого стоит, ведь наш папа по жизни помог очень многим: в получении образования, трудоустройстве, выборе профессии, просто советом а, если надо было, - строгим «мужским разговором».

На фоне «именитых» и «маститых» современников, папина судьба может казаться простой и невычурной, но показательно одно то, что Городецкую школу он вывел в число образцовых, - а было ему тогда столько, сколько сейчас старшему внуку Олжасу – 27(!).

Об остальной его многолетней отдаче на ниве просвещения и говорить не приходится! Папины межчеловеческие контакты, телефонные диалоги, приемы гостей с обязательным последующим обсуждением новых книг, поездок, най-

денных материалов, - из всех детей я, живя долгое время рядом, «вкусила» этого больше остальных, и не жалею об этом.

Знающий собеседник, попутчик, соискатель, от академика до студента, ему интересны и воспринимаются как дар судьбы. А вот «пустомели», бахвалы и «прожигатели жизни» вызывают у него недоумение и сожаление о потерянном времени, потому что световой день его самого распределен до минуты.

Папа на отдыхе – это либо дача, где он с лопатой (граблями, топором, молотком) в руках, до обгоревшей спины, работает не замечая времени, либо – с книгой и карандашом для подчеркивания неважно где: в поезде, гостинице, дома.

Чтение – предпочтение изысканное (не детективы, разумеется), драгоценное, со вкусом. Прочитанное и отчеркнутое карандашом уже не забывалось, а служило еще долго - для новых творений, сопоставлений, переписки, публичных выступлений в СМИ, на телевидении и радио.

Редкое качество папы: он не смущается и естествен перед объективом, микрофоном; он просто делает свою работу – просвещает, передает новые знания, честно служит своему народу.

В детстве папа устраивал для нас разные творческие конкурсы (рисунков), игры (лото и др.) В качестве призов были вожделенные плитки шоколада небольших размеров серии «Цирк» и другие поощрения: карандаши, например.

Вообще, папа умеет сочетать требовательность с похвалой; возвращаясь из поездок, он подробно излагает увиденное и свои впечатления от встреч, кто помогал, кто как себя вел и чем запомнился. В таких пересказах много пользы: словно на ладони - характеры персонажей, их сильные и слабые стороны, народные обычаи и смешные истории. Словно в театре видишь жизнь со стороны.

Умение удивляться папино – тоже хорошее качество, значит человек не пресыщен, позитивен.

Справедливость и прозорливость папы – вне конкуренции. Ему постоянно звонят, его разыскивают знакомые и незнакомые, чтобы получить разумный совет. Кажется, нет вопроса, на который он не знал бы ответа.

Деловитость, собранность и бесконечная вежливость характеризуют нашего папу как человека целостного, общественного и, наверное, очень счастливого, - потому что он видит результаты своего труда: в талантливых учениках и последователях таких как Костя Рыб или Ажар Абильтаева (Баешова) и многих других, в действующих казахских школах и детских садах, улицах и учебных заведениях, носящих имена Евнея Букетова, Магжана Жумабаева, Габита Мусрепова и др., его книгах и статьях по истории просвещения в регионе, о батырах и жырау, о родном Ынтымаке, в объемной «Энциклопедии СКО», где сотни статей принадлежат его перу, наконец - в детях и внуках, посаженных деревьях и выведенных им из незаслуженного забытъя именах и биографиях репрессированных земляков, о которых он может рассказывать часами.

Благодаря папиной библиотеке, книголюбию и увлеченности нам, детям, передалось почтение к Слову, его смыслу и, что немаловажно – практика созидательного ненасилия. К этому выводу я пришла недавно, выстраивая мысленно сюжет этого материала и думая, с кем же можно сравнить папу.

Случайно перечитав высказывания Махатмы Ганди, вдруг поняла, что папе удалось сделать много полезного своему народу ненасильственным сопротивлением или «вопреки»: тискам застоя, закрытию национальных школ и редакций, возрасту и болезням, но - делал и делает он это тонко и последовательно.

Характер его, можно догадываться, закалился еще в подростковом возрасте в предвоенные годы и военное лихолетье, студенческий полуголодный период в Алматы (наверное с тех пор у папы привычка до блеска вычищать обувь и беречь одежду), затем - на этапе работы в сельской глубинке и позже – на ответственном участке в областном центре.

Знание психологии, уважение к личности собеседников, такт и юношеский азарт к жизни, отношение к бытию как движению и закономерной череде приобретений и потерь, мудрое уместное сопереживание и сострадание в трудные минуты, - всех качеств не перечесть.

Труд, саморазвитие, уважение к коллегам и друзьям, семейственность и верность данному слову, – как и у большинства поколения, которое относят к категории «тружеников тыла» и первоцелинников, - настолько в крови всех Мукановых, что этого уже у нас не отнять.

Медали, почетные грамоты, благодарственные письма, - таких традиционных знаков отличия у папы очень много. Он трепетно относится ко всему, что составляет его жизнь.

Вот в этой атмосфере тепла и дома – полной чаши, нам так представлялось, где большую часть площади всегда занимают книжные шкафы, разной конфигурации стеллажи, этажерки, - отец с мамой ставили нас «на крыло» своим примером.

Возможно, получилось сумбурно и хронологически не последовательно. Местами обливаясь слезами и вновь собираясь волевым усилием, по настоянию сына, я изложила по возможности кратко эту сагу, в надежде, что ее когда-нибудь прочтет самая младшая пока из внучек - Надия, и всем им, младшим, пригодятся жизненные уроки нашего самого чудного и чуткого педагога: «Лэйлэ», папы, деда Кайроллы.

Долгих лет жизни! Твердого пера, папа!



Мұқанова (Ақанова)

Күлзаги Ақанқызы,

Қайролланың көлеңкесінде жүріп,  
соның сүрініп кетпеуін  
тілеген зайбы

## **ЖОЛДАСЫМ ҚАЙРОЛЛА ТУРАЛЫ АЗ-МҰЗ СЫР**

«Өз ұлынды өзің бағалап, ардақтамасаң сені өзге жүрт  
қалай құрметтеп, қалай қадірлемек?» - деген екен ғұлама  
Мұхтар Әуезов бір сөзінде.

Сол сияқты, міне, биыл біздер бір-бірімізді біліп  
танысқалы - 56 жыл. Отбасын құрғанымызға - 53 жыл.  
Ыстық-сүйкіты, ауыр-жекіл тұрмысты, бастан өткізіп, бір-  
бірімізді аз сөзben түсініп өмір сүріп келеміз.

Халықта лайық ұл - қараша үйде ғана туады деген бар.  
Елде туып-өскенимізді мақтан етеміз, арланбаймыз. Ел  
ішіндегі тұрмыс-тауқымет түгел басымыздан өтті. Біреу  
ине, біреу түйме жасайды дегендей, әркім өз әлінше еңбек  
етті, отын әкеп, шөп шауып, мал бағып, қол диірмен үктік.  
Әкелеріміз әскерде, шешелеріміз колхоздың жұмысында.  
Сүйтіп жүріп өмірдің не екенін жақсы білдік. Үлкендер:  
оқысаң ғана адам боласың, әйтпесе мына біз сияқты мал  
сауып, қара жұмыстан шығалмай қаласындар дейтін.

Елден, Жалтыр жеті жылдық мектебін ойдағыдай аяқтап, Ленин орта мектебіне 7-8 бала окуға бардық. Ішінде өзімнің немере інілерім: Жәмсап, Қаби, Сапар, Нәби, Төлеміс бар. Уш жыл тұрған жеріміз-үйіміз Сақат деген ұлken атасың ескі үйі болды. Ер балалар даладан керек отын-су әкеледі, ал біздер - қыз балалар, Овсянникова Валя, Еленбаева Шөки, мен үй ішіндегі жабдыққа көмектесеміз.

Біздің жақтың балаларының оқулары өте жақсы болды. Қоғамдық жұмысқа барғаннан араласып кеттік. 1955 оқу жылында мектепті аяқтап, майрагай-тайрағай қуанып елге келдік. Жәмсап - алтын, Қаби - күміс медальдар алды. Қалада оқыған өзіміздің Мусин Серік - алтын әкелді. Сөйтіп, бір жылда ауылдың 3 баласы медальға бітірді.

Ендігі тағдырымыз қандай?

Мен жасымнан армандаған, келешекке таңдаған мамандығым - медицина болатын. Қарағандыға тарттым, немере ағамызы - Алдабергенов Шарифолла шахтер еді, сол үйде бір айдан артық болдым. Документ тапсырып, дайындыққа кірістім. Конкурс күшті, өтетін балл – 18 (төрт сабактан). Төрт пәнді де түгел тапсырдым, алған балым «17» ғана болып, конкурстан өте алмай, жылай-жылай елге келдім.

Өзімнің жалғыз туған ағам Серіkbай жолдамамен Көкшетау облысының Щучье ауданындағы қазақ облыстық мектеп-интернатта математикадан сабак беріп жүрген. Сонда барып аудандық газетті қарап отырсам: кімде-кім (abituriyentter) институтқа түсे алмай келсе, егер қолдарында емтихан қағазы болса, емтихансыз Қотыркөл зооветтехникумына қабылдаймыз деген хабарландыруды оқыдым. Бардым да сол техникумға документтерімді тапсырып, бірден III-курсқа қабылдалап, соны 2,5 жылда жақсы аяқтап, диплом алып шықтыйм.

Адам емдеймін деп армандаған басым, 2,5-3 жылдай мал емдедім, бірақ мойымадым... Жұмысым жақсы, жүрген

жерімे жағымды болдым. Алғашқы жұмыс істеген орнын – «Ишим» совхозы. Директоры Социалистік Еңбек Ері Гайдуков.

Екінші жұмыс істеген жерім - Марьевка совхозы. Директоры – Әуелбеков Еркін Нұржанұлы. Бұл 1956-58 жылдар еді. Табиғаттың тылсым күші ме, Қайролла мені сырттан біліп алып, қайда барсам алдымды орап, кездесуге тырысты... Бірақ, екеуміз де кедей үйден болған соң ба, тез қосылып, үйленудің сәті түспеді.

Менің аға-жеңгем өздеріне үй салып, ол үй бітпей қалып, тағы бір жылға шыдауға тұра келді.

Сонымен бұйрық болып, 1959 жылдың 14 тамыз күні қосылдық. Екі жақта шама-шарқысына қарай ойын-той жасады. Маған еріп келген туыстар да, басшы-қосшы болып жүрген адамдар да ақ көңілден тілектерін білдіріп көңілді тараасты.

Жарқырап бақ жұлдызым маңдайыма,  
Көтердім қыындықтың қандайын да.  
Керемет азаматқа жар болсам деп,  
Ойлаумен жүрдім әр кез армандауда.  
Жан едің жаның жайсан, шамалы үркек,  
Айтылар өзің жайлы әлі жыр көп.  
Бір күні менің тосқан азаматым,  
Қуантты ата-анасын мені алып кеп.  
Ашылып жүре берді аспан біздің,  
Бәрі есте бақыт гүлін ашқан күздің,  
Жүрегім толып арман әуеніне,  
Бірі едім бетке ұстаған ел қызының.  
Аққудай еркесі едім Жалтыр көлдің,  
Ақырын айналаға дыбыс бердің.  
Жарынды қадірлеген ағайынның,  
Бәрін де мен өзіме туыс көрдім.

Біз үйленгенде 4-сынып бітірген інісі Қабылқайырды өзімізбен бірге Городецкийге ала кеттік. Бізге берген үйі - сельсоветтің ескі конторы, үлкен үш бөлме, дүние деген шамалы, қаңырап бос тұрды. Інішегім өзіме серік болды, өйткені Қайролла күнде – күнара Марьевка, Қызылжар, кейде тіпті Алматыға жұмыс бабымен шапқылауда болды. Немесе школдың ремонтына құрылыс материал іздейді; кейбір предметниктер болмай шықты мектепте. Әйтеуір, «шешінген судан тайынбас» деген бар, сеніп тапсырған соң 1-қыркүйекке дейін жамап-жасқап, жобаға келтіріп, мұғалімдерге де күшті талап қойыла бастады. Бәрі де жайбарақат жайылған дүние, ешкімге ештеңе керек емес, бейнеуі кеткен ескі деревня. Ер мұғалімдердің бар әңгімесі - құс атып, аң аулау, ал әйелдері – тек ішімдік қайнату... Біз қайда душар болдық? - деп таң қалдық.

Аз уақыттың ішінде олар да жағдайды – талапты сезді. Етек-жендерін жиып, жұмысқа мезгілінде келіп, уақытында кететіндей тәртіпке икемденді. Бұл талапты сезген ата-аналар қуанып, келешекте балаларының дұрыс білім алышып, жақсы оқуларына күш салысқандай, кейбіреулері мектептің маңайына жұмысқа сұранып (әйелдер), енді тәртіп болады деп іштей тілекестіктерін білдіріп жүрді.

Мектепте «полугорка» жүк таситын машина бар екен, оны Чесенко Николай Корнеевич иемденіп, көбіне сол кісінің қарамағында болса керек. Мектептің ішкі-сиртқы шаруасына пайдаланып, күзге дейін керек отын-көмірлерін жиып алды. Біртінде бәрі орнына келді...

Мен енді сельхоз-работник емес, педагогикаға икемделуім керек болды. Уақытша мектепте бірер жыл лаборант болып істедім. Одан жаңа совхоз ашылып Городецк селосы центральная усадьба болды. Мықтымықты бас мамандар келе бастады. Олардың да отбасылары бар, оқушы бала саны көбейді. Бағанаты ауылы бізге қарап

№2 бөлімше болды. Олардың да оқушылары бізге келіп оқып, 4-5 жылдың ішінде мектеп он жылдық болды. Бала саны көбейген соң параллельный сыныптар ашылды. Мен завуч Тимченко Николай Васильевичпен келісіп, ол 4 «А» сыныбын, мен 4 «Б» сыныбын алдым. Ол кісі сол кезде пед.институттың география факультетінде сырттай оқытын... Сол сылтау, қалаға жиі кетіп қалады, немесе бастықтардың көзі тайса, аң аулауга кетеді, әйтеуір шапқылауы көп болды. Оқушыларын маган тапсырады: Клавдия Акановна, задание беріп оқыта салыңыз деп.

Түбінде екі сыныптың арасында қандай да бір жарыс болса, менің сыныбым үздік болып жүрді. Бірер жылдан кейін өзіміз де балалы болып, тұңғыш қызымыз – Розаны бір жастан асқан соң, елге кемпір-шалға апарып таstadtық. Алғашқыда: қалай бағамыз, өлтіріп аламыз ғой деген кісілер, енді мектепке береміз, алып кетеміз дегенде – қимай жылап, енді біз қалай отырамыз, қаңғыр жоқ, күнгір жоқ, не болдық деп қалды.

Ол кезде Қабылқайыр қаладан сельхозтехникумды бітіріп, әскерге кеткен. Одан келген соң сырттай Омскінің институтын бітіріп инженер болды.

«Кәбә» дейтін едік, атам Мұқанның кіші інісін. Үйге - бізге оқуга Жақсылық, Айтмағамбет деген балаларын өзі алып келіп, оқытындар деп тапсырып кетті. Отбасымыз есті, мен тағы бір қыз тауып алдым, атын Сара деп қойдық.

Городецкіде 12 жыл қызмет істегендे, соңғы 7-8 жылда благоустроенный үйде тұрдық, ой рахат-ай! Совхоз директоры – Халықов Қамит Аманжолович ағаға мың да бір рахмет! Совхоздың барлық мамандарына жаңа бір көше ашып, центральное отопление, суы - бәрі ішінде. Бұрынғыдай көмір тасып, от жақпай рахаттанып жүргенде (1971 ж), шақырып жатыр облоно деп Қайролла кетіп еді, біз ойлагамыз бұрынғыдай жиналыш бірдеңе шығар деп. Бірер

құндесін келді де: мені облоноға қызметке шақырып жатыр, әлі ешкімге айтқам жоқ, сен қалай қарайсың деп, бетіме қарады. Мен: «Қазір мектепке бар да, В.И.Сакунға звонда, «Даю согласие» де. Уақытты өткізбе, ондағы отырғандар сенен білімді деймісің», - дедім. Кешке жұмыстан келген соң әңкүр-мәңкүрше тергеп жатырмын...(ептеп жымындейды); «Мектепте әзірше ешкімге айтқам жоқ», - деді. Ертең завучқа мектепті тапсыр, Сергеевканың районосына өзіміз звондаймыз деді бастық Сакун В.Н. деп жөнін айтты...

Сол кеткеннен мол кетті, дайын пәтер жоқ. Екі ай Жарылғаповтардың үйінде қонақ болып жүрді. Ара-тұра мектепке звондал қояды: Үйде әлі телефон орнаған жоқ та. Айтқан сәлемін Тимченко Николай Васильевич маған таңертең жұмысқа барғанда айтып отырады.

Ол кезде үш қызыым да бастауыш мектепте оқитын. Маратым балабақшага барады. Қорада тауықтармен жалғыз сиыр бар. Өзім жайлаймын. Сөйтіп жүргенде 2-3 айдан соң Чайковский көшесінде жаңа салынып жатқан үй бітіп, үшінші қабаттан 3 бөлмелі пәтер алып, Қайролла бізді көшіріп әкетуге 2-3 күнге келді. Мектеп ұжымы мен совхоздың бас мамандарын шақырып, қоштасып, 1972 жылғы 2-ақпанда көштік. Міне, содан бері 40 жыл өтті.

«Бастық жиналыста, орынбасар қиналыста» дегендей, жұмысы ауыр, жазатын қағаздары көп, мойын сұнып келген соң, сыр білдірмей, 23 жыл облоно меңгерушісінің орынбасары болып істеді. Сол уақыттың ішінде 4 бастық ауысты.

Астында мінген көлігі де болған жоқ, тұскі асқа келгенде 20-30 минутта ішіп, қайта жүгіре тартатын. Сөйтіп жүріп денсаулығын да жоғалтты. Язва желудка болып бірнеше рет больнициға да түсіп жүрді. Соңғы кезде асқазаннан қан кетіп, ауыр жағдайда ауруханаға түсті. 4 см жарылған екен асқазан, хирург Ибраев: «Сіз операцияны көтере алмайсыз, ыстық укол береміз», - шыдаңыз деді...

Сол кезде үйдегі қыншылық менің мойнымда болды. Төрт бала да мектепте, өзім Александр Иванович Калиберданың кешкі-мектебінде кітапханашы болым. Өзіміздің пед. институттың биология факультетіне сырттай оқуға түстім. Табаны күректей бес жыл оқыдык.

Балалардың алды мектепті бітіріп, жан-жаққа оқуга бармақшы болып дайындалып жүрді. Оқулары жақсы болған соң үлкен қызымыз Роза Алматыдағы «Нархоз» институтына барып, тек жазбаша математикадан ғана бір емтихан тапсырып оқуға түсті. Одан кейін Гуля да алтын медальға бітіріп, КазГУ-ға құжат тапсырып, тек тарихтан ғана 1 емтихан тапсырып түсіп кетті. Сара өзіміздің пединститутты қызыл дипломға бітірді.

Марат болса, Ресейде жеке кәсіппен айналысада.

Төрт баладан – 6 немереміз бар. Үлкен жиеніміз Олжас-заңгер, Жұлдыз - корей тілі мамандығын алғып, Америкада, Кореяда стажировкада болған. Гүлнәз – экономист-банкир, Жанар – қытай тілін оқып бітірді, Қытайға да барып, практикан өтті. Қазір екінші мамандықты тағы окуда. Бәрі де «трехязычный». Кейде күліп сұраймыз: сол сен оқыған тілде нанды, етті т.б. қалай айтады еken деп, олар өздерінше күліп: былай дейді, былай дейді деп түсіндірген болады. «Ал өз тілінді ұмытпа», - деп айтудан жалықпаймыз. Бәрі де қазақша таза сөйлейді. Бесінші немереміз – жиеніміз Жәдігер өзіміздің университетте оқиды. Келешекте экономист-банкир болам деп жүр. «Әже, қап даярлап қой, сол кезде бәрінді ақшамен байытамын», - деп, мені көнілдендіреді.

Бұлардың бәрі де қазіргі уақытта өз тауқыметтерін өздері тартып, нандарын тауып жүргендеріне іштей куанып, «тәуба» деп отырамыз.

«Ұрпақтың тәрбиелеп саналысын, арманның ұшырдын-ау дара құсын. Қайролла, құтты болсын туған күнің, қарттық шақ – кемел шақ қой қазақ үшін», - деп кейде

шалымның шашбауын көтеріп, қолтығына су бүріккендей болам, бірақ ондайға селт ететін кісі емес; ерігіп отыр екенсің, мазамды алып, ойымды бөлме деп жазуын жалғастыра береді. Сосын қоям, осыған сүйкенбей-ақ қояйын деп, бірақ шыдай аласың ба, қозғалмастан 4-5 сағат отыруға бар; мұны орныннан көтерейтін деп; «шәйдің сәні қант пен май, бауырсақта; шәй ішпей жүре алмаймыз ауырсақ та», - деп, тағы да мазасын алып шәй ішейік», - деп шақырсаң, сықырлап, құнданып, әйтеуір келеді-ау. Бір күні маған арнап «Сенің арқаң» деген өлең жазып тастапты. Иштей рахметімді айттыйм да:

Сексенге келдің, шалым, еркін басып,  
Қарттыққа емес едің онша асық.

Жалынды жастық шақтың әр белесін,  
Бабымен өткізіп ең жайнап-тасып.

Әрине, «мен кішкентай адаммын, емес ақын. Болмасам да ұқсауға бар ғой хақым. Аяңшыл ат тайпалған жорға болар, жорғалардың жанында жүрсе жақын», - деген бар. Сөзден сарай соққан асыл қазынам, саған ауыр тимесе екен базынам, кейде келіп мазаладым қасыңа, «маған Құран» шығарма; таста, дем ал, құрысын бәрі деп сөйлемдім; Қанша өзім сиқыр сөздің сазына ғашық болсам да, көп оқуды ұнатсам да, сені аяған түрім ғой, ауыр алмашы көңіліңе деп жұбатам кей кезде.

Сарғайып қанша отырып жазсан да шаршадым деп айтпадың, Алла солай жаратқан, ерте тұрып, кеш жаттың, сезге сөздің көлеңкесін түсірмей, екеумізде ұғысуышы едік қабактан. Еңбегінді жырғып айттып жеткізуге, көп сөзді мен де өзіндей ұнатпаймын, тойыңа шашу етіп жазғаным ғой, білдіріп жүрек лебін өзіңе арнап. Кемпірің арнау сөзін ұсынып тұр, ұялып өлеңіне қысылып тұр. «Орамал тонға емес, жолға» деген, әзірге ат-шапаның осы боп тұр. Ата болдың ардақты, әже болдым салмақты, құндер өтіп, жастық шақ,

өмір осылай жалғасты. Кітап шығарам деп талпынған жиен-немереміз Олжас маған: «Әже егер сен естелік жазбасан, мен бұл кітапты шығармаймын, жаз-жаз», - деп өтінді. Қайдан білсін, біздің жүріп өткен жолымыз оған қызық па, әлде, біз бастан өткізген ауыр күндерден өзіне тәлім-тәжірибе алайын деді ме, әйтеуір, мен қысылдым: сексеннен асқан шалына, жетпіс жетіге келген кемпірі мінездеме жазып, - біреулерге құлқі боламын ба? - деп... Сол баланың өтініші бойынша, қағазды шимайлап, басымды қатырып отырмын. Кітабының дұрыс шығуына тілекtespіn!





Мұқанова Роза Қайроллақызы,  
мерейтой иесінің  
үлкен қызы, банкир

## ӨНЕГЕЛІ ТҰЛІҒА

Мен жас кезімде Ынтымақ ауылында атам Мұқан мен апам Ғалияның қолында өстім. Әр адамның ең бақытты күндері - осы балалық шағы. Әкем Қайролланың нағыз жақын туыстарының арасында жүріп өстім. Күн сайын атамыздың үйіне ауылдың адамдары әр себеппен келетін. Біреулер – өзінің шаруасына ақыл, көмек сұрап келсе, біреулері атама сәлем беруге кіріп шығатын.

Сол кезде Городецкий совхозынан әкем мен шешеміз келіп қалса, үйге ауылдың үлкендері, жастары да әкемізben амандаусуға келетін. Қазір ойласам, әкеміз әлі жас болса да, ауылымызда өте сыйлы болды, ауылдың қамқоршысы, азаматы ретінде танылатын. Үлкенге – іні, кішіге – аға болып жүретін. Інілері осы күнге дейін еркелетіп оны «Ләйлә» деп атайды.

Кейін, біздің отбасымыз Петропавл қаласына көшкенде, ауылдың адамдары үйге жиі-жиі келетін. Қалада оқып жүрген ауылдың жастары да біздің пәтерімізде тұратын. Сонда үлкендер ешқашан оларға қабағын түймейтін, өзіміздің бауырлар, туыс деп ақыл-кеңесін айтатын.

2006 жылы әкеміз өзінің туған, кіндік қаны тамған Ынтымақ ауылының адамдарына арнайы ізденіп, елдің тарихын тарқатып кітап жазып, оның тұсау кесер тойын өткіздік. Сонда аңғарғаным, ауылдас үлкені де, жасы да

әкеміздің өз қолынан кітапты алуға асығуда. Қебі өз және балаларының атына арнап әкеміздің қолтаңбасын қойғызыдырып әлек болды. Өте тамаша ұйымдастырылған мереке - сол күн баршамыздың есімізде қалатын болды. Себебі, бұл жай кітап емес – бұл еңбегінде Қайролла әкеміз ауылдағы әрбір әулеттің шежіресін, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихын, қайдан шыққан, тараған тегімізді қастерлеп жинап қағаз бетіне әдемі ғып түсіре білген. Осыған риза болған ауыл азаматтары ниеттерін, шын қуаныштарын, мақтанышын, тілектерін білдіріп жатты.

Жас кезімізден әкеміз бізге өтірік айтпау, уақытты босқа жібермеу, көп кітап оқу, адал еңбек ету туралы ақылын айтатын. Шешеміз Құлзағи екеуінің біздің әулетімізге ғана емес, басқа да туыстарға тер төккен еңбектері – ел алдында. Әкеміз ұстаз ретінде қанша ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие берген...

Ауылдан үйімізге кез-келген туыс келсе, шешеміздің асын, дәмді шәйін татпай кетпейді. Біреу ауруханаға түссе де, анамыз ет-сорпасын, сүт-қаймағын алып соның халін білуге жүгіреді. Үйге келген студент балаларды да тاماқтандырып, қолдан келген көмегін аямай, ақылын айтып жібереді. Осы қасиеттер: қыын жағдайда адамға қол созу, көмектесу, кісінің көңіліне қарап жәрдем жасау, ренжітпеуге тырысу, - ата-анамыздың бойына әбден сіңген қасиеттері бізге үлгі-өнеге болып қала бермек.

«Адам болып келіп өмірге, адам болып қалындар» деген қағиданы Құлзағи әже енді біздің балаларымызға қауышса да, телефон соқса да түсіндіріп айтып отырады. Абай данамыз отыз алтыншы сөзінде атап өткендей «Ұят кімде болса, иман сонда» дегендей, әке-шешеміз осыны бізге бала кезімізден миымызға қондыратын. Түзу жолмен жүріндер, адап ниетпен елге еңбек жасаңдар, сабырлы, ұятын толық

адам, қарапайым болындар; үлкенге – құрмет, кішіге – үлгі болуға тырысындар деп. А纳мыздың қағида сөздерінің, арасында орысшасы да кездеседі, біреуін мысалға келтірейін: әркім өзіне-өзі отчет беріп, кешке жатарда - мен күн бойы не істедім, не бітірдім, - деп әрдайым жүрулерің керек, «подтянутый» болындар дегендері қызық та тез жатталады. Қазір де міне асыл ақылдарын немерелеріне, жиендеріне хат жазып та, телефон арқылы да жеткізіп тұрады.

Әкеміз жұмыс бабымен, бір жабдықтармен арасында Алматыға келіп қалса, осында тұратын достары оны көруге куана-куана асығады. Бір-бірімен таң атқанша әңгімелесуге дайын, ән де айтылады, арнайы өлең де туады, бәрі де аса дарынды, студент болған жас шуақты құндерін еске алады. Бір-бірін үйлеріне шақырып әлек болып, бір серпіліп жақсы демалады.

Қолы босаса, әкеміз керек кітап, газет-журналдарды жазғызып, сатып та алыш, оқиды да ұнаған ақпаратты жинап сақтап жүреді. Алматыға келгенде көрген сайын менің қыздарыма: сабақты жақсы оқындар, жұмыста тек қана алда көрініндер деп ақылын айтып отырады. Шығармаларының бір данасын арнайы бізге қолтаңбасын жазып тарту етіп береді. Оларды оқып өзіміздің ата-тегімізді, ауылдың тарихын терең біліп, түсінетін болдық.

Бүгінгі құндері қадірлі әкеміз 80 жасқа толғалы отыр. Аяулы жанашыр әкемізге тілейтініміз – денсаулығы мықты болып, елге жасаған майталман еңбегініздің арқасында шынайы бақытқа бөленіп, а纳мызбен бірге ұзақ өмір жасаңыз! Біздер үшін сіздердің жымиып күлген жүздерінізден артық еш нәрсе жоқ!



Мұқанова Сара Қайроллақызы,  
Облыстық қазақ дарынды  
балалар гимназиясының тарих  
пәнінің жоғары санатты оқытушысы,  
мерейтой иесінің ортанышы қызы

## АТА-АНАМЫЗДАН ҮЛГІ АЛЫП ӨСТІК

Біздің ата-анамыз жас кезінен ашаршылықты, жетімдік-ті, соғыстың ауыр зардабын көріп өсken. Папамыздың туған жылы шын мәнінде 1930-шы, яғни елде ашаршылық қайнап тұрған жыл.

Нәрестесін ажалдың аузынан жұлдып алып құтқарған анасы үш-төрт жылдан кейін қайтыс болыпты. Ал мамамыздың бес жасында әкесі майданға аттанып, сонда хабарсыз кетіпти.

Бірақ жақын туыстары оларға қолдау көрсетіп, мектепте оқытып, жұрт қатарына қосылуға жәрдемдескен. Әкеміз бен шешеміз көптеген қыындықтарға шыдап, әрі қарай окуға түсіп, өмір бойы адал еңбек етіп, түзу жолмен жүрген адамдар. Олар өздерінің бойындағы тамаша адамгершілік қасиеттерімен ел ішінде сый-құрметке боленіп, төртеуімізге өмір сыйлап, осы күндері алты немере сүйіп, ортамызда аман-сау, тың, сабырлы өмір сүріп жатыр.

Біздің өсіп-жетуіміз үшін, біз сүйікті мамандық таңдал, оқып, адам болуымыз үшін өздерінің жандарын, денсаулығын аямай салған ата-анамыз әлі де біздерге, балаларымен

немерелеріне ақыл-кеңестері мен ақ баталарын беріп отырады, тіпті азын-аулақ зейнетақыларынан да жәрдем-десуге тырысады.

Үлкеніміз елуден асып, кішілеріміз елу жасқа жақындаған біз, қыздары мен ұлы, ата-анамыз үшін бәрібір баламыз. Біз де ортамызда әкеміз де, анамыз да аман-есен жүргендеріне қуанып, шүкіршілік айтамыз. Бізді өсіріп, білім беріп, адам етіп тәрбиелеп, қоғамға қосқандары үшін папамыз бен мамамызға зор рахметімізді айтамыз.

Ата-анамыз балалық шақтан бастап көрген қынышылықтарға тезіп, қамықпай, өмір бойы адал ұстаздық еңбек етті. Жұрттың баласын жақсы көріп, білімнің нәрін беріп, аса жоғары сабырлық сақтап, әр тентекті тәрбиеге үйретіп, солардың болашағына сеніп, ұлken жүректі ұстаз ретінде мындаған шәкірттер мен мұғалімдерді сондарынан ертіп, елдің беделді азаматтары етіп жетілдірді.

Осындайда «ұстазы мықтының, ұстанымы мықты» деген даналы сөз еске түседі. Ауыл-селолық шағын мектептерде, қала мектептері мен колledgeдерде, университеттерде сабак беретін, мекемелер мен ғылыми орталықтарда, қоғамдық ұйымдар мен халық шаруашылығында еңбек ететін ата-анамыздың шәкірттері - олардың білімдерінің жемісі, өмірлерінің жалғасы. Солардың ішінде Городецк мектебінің түлектері, алтын медаль иегерлері, Әбілтаева Ажар – бүгін химик-ғалым, ұстаз және Рыб Константин Андреевич – «ЛОРД» лицейінің директоры, физик-ұстаз, Лебедев Владимир мен Бондаренко Татьяна да мектепте жақсы оқып, өмір бойы ұстаз болып істеген адамдар. Олар мектепті бітіргенде мен әлі бастауыш мектепте оқытынмын. Ажар мен Костя папамыздың қолынан алтын медаль алғандары, Володя Маяковскийдің өлеңін жатқа айтып тұрғаны әлі есімде сақталды.

Ата-анамыз осындағы дарынды тұллектерін мақтан ететін. Бізге «жақсы оқындар, көп кітап оқындар, жан-жақты болындар, бізге ұят келтірмендер»,- деп айтатын. Бірінші сиңипта папам маған әдемі жазуды үйреткені, сабағымды сұрағаны есімде.

Папа қаладан үнемі бізге кітаптарды ала келіп, асықпай оқитын, сұрақтарымызға мұқият жауап беретін. Біздің үйде кітаптар, оның ішінде балаларға арналған кітаптар, қашанда көп болды. Оның үстіне ата-анамыз жылда газеттер мен журналдарды көп жаздырды. Теледидардан «Клуб кинопутешественников», «В мире животных», «Что? Где? Когда?» хабарларын қызықтап көріп тұрдық.

Кішкене кезімізде бізге диафильмдерді көрсеткенді жақсы көрдік. Ал әріптерді, сандарды танып, тезірек оқуды үйренуімізге «Азбука» атты оку көрнекі құралы үлкен септігін тигізді. Пластмассадан көк және қызыл түсті әріптер мен сандарды теріп, қосып, сөздерді, сөйлемдерді қосып-жазуды тез үйрендік. Әріптері бар кубиктер, балалар доминосы, лото, дойбы, шахмат ойындары, әдемі, шағын санау құралы – счеттер, ата-анамыз біздің ерте жетіліп, жан-жақты болуымыз үшін әпергені, үйреткені деп қазір түсінемін.

Мама бізге, үш қызға счетпен санауды үйреткені есімде сақталды. Ол бізге әр қайсымызға өзі әдемі де шағын да счетты әперіп, ал өзінің үлкен счетын өз алдына қойып, бізге сүйектерді солға-онға жылжытып, санауды асықпай үйретті.

Үлкен глобус пен әлемнің саяси картасынан елдерді іздең ойнадық. Үйде радиоприемник пен көп грампластинкалар, магнитофон болды. Ата-анамыз бізге дойбы, шахмат ойнауды үйретті, домбыра үйірмесіне барып үйрендік. Марат бокс секциясына қатысты.

Қалаға көшіп келгеннен кейін үйіміздің қасындағы «Авангард» стадионына барып, коньки тебуді жақсы көрдік.

Бір рет кішкентай Марат трибунаның астына құлап қалып, үшеуіміз оны «құтқарғанымыз» есімде. Гуля трибунаның астына түсіп, Маратты көтеріп, үстінде тұрған Роза екеуімізге қарай итерді. Әйтеуір, әбігерленіп, Маратты алып шықтық. Жылаған Мараттың бетінен сүйіп, құшақтап, қуанып, болған жайды ата-анамызыра айтпауға келістік. Қуанғаным сонша, мен «Ура!» деп қолымдағы қолғапты шешіп, аспанға қарай атамын, ал оның біреуі манағы трибунаның астына тағы түседі.

Бұл оқиға әлі көз алдында: біз төртеуіміз қуанып, құшақтасып, құліп тұрмыз. Олимпиада кезінде жеңіске жеткен чемпиондар секілді,

Біз, бір отбасынан шыққан бауырлас баламыз. Біз өмірге таза, пәк көңілмен қараймыз, ойнап жүреміз, әлі ештеңеге алаңдамаймыз, әлі бар өміріміз алда. Ата-анамызы қасымызыда, қарнымыз тоқ.

Осылай бақытты балалық шағымызды өткіздік. Балабақшаға барып, ұжымға үйрендік, ауладағы, сыныптағы балалармен тіл табыстық, достарды таптық. Ешқандай қынышылықты көрмей өстік. Керемет, шектен асып кеткен байлық болмады, отбасында төрт бала болғасын, ол қайдан болсын. Алайда қажеттінің барлығы болып, ата-ананың тәрбиесін алып, олардың күн сайын, таңнан кешке дейін, еңбек еткенін көріп өстік.

Рас, әкеміз бен шешеміздің уақытты босқа өткізгендерін көрдім деп айта алмаймын. Үйге қонақтар келгенде болмаса, олар үнемі, үйде болсын, дачада болсын, өмір бойы еңбек еткен, нағыз еңбеккор адамдар.

Осылай, осы күндері де, үйде папамыз бен мамамыз жай отырмайды. Бос уақыттарында кітап оқу, газет, журнал оқу болсын - бұл еңбегі ме, ермегі ме – өздері біледі. Әйтеуір, «ана жерім ауырады, мына жерім ауырады», - деп, тәсекте жатып бізге ешқашан айтпайды, қонаққа шапқылап жүре

бермейді, көшеде, базарда, мешітте еріккеннен жүре бермейді. Қашанда көрсем, папам «қабинетінде» ұстелдің басында бірнәрсөні оқып, жазып отырады.

1971 жылы Городецк орта мектебін басқарған папамызды қалаға облыстың оқу бөліміне менгерушінің бірінші орынбасары етіп ауыстырды. Ол кезде мен бастауыш мектептемін. Кейін, есейгенде, ойландым. Осындай биік мәртебелі лауазымға әркімді шақырмайды. Тек адал, үлкен жауапкершілікпен еңбек еткен, адамдармен ашық түрде, шынайы қарапайым түрде тіл табыса алатын, олардың көңілінен шығып, оларды шебер үйімдастыра алатын, оларға өзі үлгі бола алатын, өз білімі мен іс-тәжірибесінің арқасында олардың құрметіне бөленетін адамғана жоғары қызметке ұсынылады.

Менің папам сондай адам болғанын мен бүгін үлкен құрметпен және мақтанышпен айтамын. Ұзақ жыл бойы жоғары лауазымды қызметте болып, халықтың білім деңгейін көтеруге, облыс ауыл-село мектептерін сақтап қалуға, одан сайын өркендегуге, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жетілдіруге бар күшін, тіпті бар өмірін десем де, артық болмас, жұмсаған әкеміз - нағыз Адам. Ұстаз. Ұстаздардың ұстазы, патриот, азамат.

Еңбек етуден жалықпайтын, алдына мақсат қойып, соған сүрінбей жететін, нағыз трудоголик, ол мен үшін – білім деңгейі және беделі жоғары, үлгілі азамат, ұстаз.

Менің тарих пәні мұғалімі мамандығын таңдағаным жай, кездейсоқ емес. Әрине, папам «Мектепке бар, тарих сабағын бер» деп айтқан емес. Ондай нұсқау, қысым көрген емесспін. Папам берген тарих сабактарын да көргем жоқ, естігеним жоқ.

Біздің үйде көптеген кітаптардың ішінде көп кітап тарих тақырыбында болды. Соларды оқып, қызығушылығым ерте пайда болды, сірә.

Төртінші сыйныпта сабақта тарих мұғалімі кейбір сұрақтарыма жауап бере алмағанына ішімнен көңілім толмай, үйге келіп, сол кітаптың бірінен тапқанымды білемін. Содан «менің папам бәрін біледі, ол оқытын кітаптарда барлығы дұрыс жазылған» деген пікірім қалыптасты ма, әйтеір, тарих тақырыбында көп оқыдым. Гүлнэр де тарих факультетін таңдалған бітіріп шықты.

Кішкене кезімізде бір үлкен глобустан, әлемнің саяси картасынан елдерді іздеп ойнадық. Папамыз жинаған «Жизнь замечательных людей» атты сериясының кітаптары өте көп болды, әлі де бар. Мектепте, институтта, үйде іздеп табатынмын. Мамамыз да кітапханасынан қажетті кітаптарды әкеліп беретін. Ол кезде шығармаларды, рефераттарды жиі жазатынбыз, қазіргідей үйдегі Интернет жоқ.

Сондықтан, үйде біздер үшін барлық жағдай болды деп айтуға болады. Роза мен Гүлнэр Алматыда, Марат Новосибірде оқығанда ата-анамыз оларға ақша, тамақ, киім-кітап салып отыратын.

Папамыз Мәскеуден іссапардан келгенде бізге үшеуімізге, сары, көк, алқызыл түсті жазғы әдемі сарафан көйлек, джинс костюмдерді және «Не может быть», «Сигнатюр» атты духи ала келгені есімде бар. Ол кезде біздің жақта мұндай заттар «дефицит», дүкенде сатылмайды. Куанышымызға шек жоқ.

Біздің үйге кіслер көп келетін. Ауылдан атамыз, туган-тысқандар, олардың балалары жиі келетін. Жазда окуға түсуге келгенabitуриенттер. Папамыз соларға окуға түсуге, жатахана алуға, кейін жұмысқа орналасуға көмектесіп, бірінің де бетін қайтармады. «Үйге келген кісімен дұрыс амандасып, шай беріндер, күтіндер», - деп екеуі айтып кететін. Ал жұмыстан кейін келген кісіге көніл бөліп, әңгімелесіп, көмек беретін.

Ол кезде біз Городецкийден бастап, орыс тілінде оқыдық, қалада бір-ақ қана қазақ мектебі болды. Ал біздің жиендерімізді қазақ балабақшасына, ал кейін қазақ мектебіне беріндер деп ұсынған әке-шешеміз, Ата мен Әже. Атасы Жанарға қазақша өлеңдерді жазып, «Тілашар» атты тамаша өлең кітабын сыйлады, кейін де Жәдігер екеуіне қазақша басылған кітапшаларды, журналдарды беріп отырды. Жәдігер туғанда домбыра сыйлағаны біз үшін үлкен қуаныш болды.

«Келген кісімен қазақша сөйлесіндер, ұят болмасын. Орыстар бар жерде орысша сөйлесіп, үйде міндетті түрде өз тілімізде сөйлесіндер», - дейтін... «Қазақ газет-журналдарын, қазақша жазылған кітаптарды көп оқындар», - дегендерін ұмытпай, қазір өз балаларымызға да айттып отырамыз.





Мұсылман Кәрібай Иманжанұлы,  
СҚО әкімдігінің «Қызылжар-  
Ақпарат» ЖШС директоры,  
бас редакторы

## АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ АСҚАР ТАУДАЙ

«Кеудесі жақсылардың – алтын сандық» деген сөз бар. Қызылжар өнірінде сондай жақсы ағалар аз емес. Тек көпті көрген көнекөздеріміздің бәрі бірдей сол «алтын сандығының» қақпағын ашып, ішіндегі дарияның суындау тұнық сырын жүртқа жария етіп ақтара бермейді.

Осы орайда зейнет демалысына шыққаннан кейін «Асыл мұра» атты орталық құрып, өлкетану жұмысымен мықтап шұғылданып жатқан Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев, Таңат Сүгірбаев сынды зиялды ақсақалдардың жөні бөлек. Олардың білек біріктіре атқарған ұлан-тайыр шаруалары өздерінің тұстастарына да, кейінгі толқын жастарға да – ой саларлықтай өнеге.

Біз, әсіресе, Қайролла ағамыздың ізденімпаздығына, еңбекқорлығына және екі тілге бірдей жүйріктігіне тәніміз. Қайрекен Қызылжар өнірінен шыққан талай иғі жақсылардың ғибратты ғұмырлары мен елге сінірген еңбектерін талмай зерттеп, көптеген көлемді мақалалар жазып, облыстық және республикалық баспасөз беттерінде жариялады. Солардың ішінде, түркі әлемінің жарық жүлдізы, жыр пайғамбары – ұлы Мағжан туралы зерттеу еңбектерінің орыны бөлек, шоқтығы биік.

Қайролла ағамыз – біздің облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің ең белсенді авторларының бірі. Редакцияда болып, әңгімелескен сайын, өз басым, Қайрекеннің бойындағы тағы бір тамаша қасиеті – қарапайымдылығына айрықша риза болып: «Өмір бойы ұстаздық еткен адам ғана осындай кішіпейілдіктен айнымай, әрдайым Ұстаз қалпында қалатын болар,» - деген сүйіншті ойға берілемін.

Расында да, қай ортада болса да, Қайролла ағамыз өзін өте қарапайым ұстап, үлкен кісілерге жарасатын байсалды қалыптан, аса әдепті де биязы мінезден, азды қанағат тұтатын тәубешілдіктен жазбайтынын байқап жүрміз. Сол мінезімен-ақ «Менің қасымда сен кімсің?» дегендей сыңай танытып, кісімсіп, өркөкіректеніп тұратын кейбір қатарластарынан ерекшеленіп, қадірі артып, азаматтық тұлғасы көз алдымызда асқар таудай биіктей түседі.

Асыл ағамыз сексен жаста да қолынан қаламын түсірмей, Қызылжар өнірінің шынайы шежіресін өндірте жаза бергей!



## АТАШКА



Бала кезімізді еске түсірсек, ата  
ның бізге сыйлаған алғашқы кітап  
тары еске келеді. Сол кітаптардың  
ішінде балаларға арналған «Бал  
дырыған» журналы да, қазақтың  
мақал-мәтеддер жинақтары, қазақ  
халқының ертегілері, тіпті дүние-  
жүзілік классикалық әдебиет шы-  
ғармаларын да кездестіруге бола-  
тын. Ата біздің жан-жақты да-  
мыған, білімді, мәдениетті адам  
болғанымызды қалады, сондықтаң

ің сыйлаған әр кітабы ерекше мағынамен берілетін.

Бала шақтан қалған тағы да бір  
елік. Атамызбен қалаға қыдырып  
ққанда, атаны танып, сәлем  
көптігіне таң  
қалатынбыз.

Сонымен қа-  
тар мектепте  
оқығанда да,  
мектеп әкімши-  
лігі, мұғалімдер  
атаның әр түрлі  
іс-шараларға,  
мерекелерге құрметті қонақ ретінде  
келуін қалайтын, сол уақытта атамызды  
мақтаныш ететінбіз.



Сол себепті ата да бізді мақтаныш тұтатындей, лайыкты немере болғымыз келді.

Ата мен әженің өмірge деген ынгасы, дұрыс көзқарасы, талпынысы бізге үлгі болатындей әсер қалдырады. Атанаң өмірдегі негізгі ұстанымдарына - адамгершілігі мол, адап, еңбекшіл, ұжданды адам болуы жатады. Сол себептен бізге берген тәлім-тәрбиесі осы қасиеттерге негізделген.

Атанаң тағы бір жақсы қасиеті – әрқашанда туғантыстарды маңайына жинап, олардың күнделікті істеп жүрген жұмыстарын, хал-жағдайларын толық сұрап-біліп отырады. Өзі сияқты біздердің де көп оқып, көп білгенімізді қалайды. «Күнделікті газет-журналдарды қарап отырындар, өмірдің ырғағынан қалып қоймандар», - деп ескертеді. «Жұмыста тиянақты, шыдамды болындар, бір бастаған істерінді ертеңге қалдырмауға тырысындар, кез-келген кісілермен жақсы қарым-қатынаста болындар!», - деп айтады. «Ертең сендер де біз сияқты қартаясындар, ата-аналарыңың айтқанын тындандар, келешектерің алда, жалқау болмаңдар, әрқашанда жақсы атақ алып жүріндер», - дейді ата мен әже екеуі.

Біз, атанаң немерелері әрқайсысымыз мектеп кезінен бастап өнердің әр түрлі салаларына, спортқа, окуда, ғылыми іс-шараларға белсенді қатысып, үлкен жетістіктерге жеттік.

Атанаң бізге берген ақыл өсиеті біздің өмірімізде жалғасын тауып, алға жетелейтін күш-қуат болуына сенімдіміз.



Олжабай қажы  
Зейнолла Олжабайұлы,  
ауылшаруашылық қызметінің  
ардагері, зейнеткер



## ІЗДЕНІС ЖҮГІ АУЫР

Ардагер ұстаз, көп жылдар облыстық білім басқармасы басшыларының бірі болған, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы Қайролла Мұқановты сырттай білгеніммен, жақын танысып білуім 1990 жылдардың бас кезі. Осы жылдары еліміздің өмірінде елеулі өзгерістер болғаны белгілі. Өсіреке ана тілімізге байланысты. Республикада, сол сияқты облысымызда «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Осы қоғамның біздің өнірдегі тәрағасы марқұм Қосыл Омаров және белсенді мүшесі Қайролла Мұқанов Булаевқа арнайы іссапармен келіп, менімен кездесіп, біздің аудандағы Қарағанды кеңшарына бару керектігін айтты. Ондағы мақсат - аталған кеңшардың атын өзгертіп, оған сол жерде кіндік қаны тамған атақты Баян батырдың есімін беру. Осы ұсыныс кеңшар тұрғындарымен кездесуде айтылып, пікір алысылды. Батыр Баян жөнінде келелі дәйектер тілге тиек болды. Қайрекен бұл кездесуде екі тілде тең сөйлеп, батырдың жасаған ерліктері, жорықтары жөнінде жиынға қатысуышыларға мол мәлімет берді. Кездесу өте мазмұнды да нәтижелі етті. Олай дейтінім, біздің ұсынысымызды алдымен кеңшар директоры Социалистік Еңбек Ері И.И. Миллер қолдап, басқа да

қатысушылар Баян батыр есімін кеңшарға беру дұрыс деп шешті.

Міне, осы кездесуден кейін Қайролла бауырымызбен тіл табысып, жиі-жіі пікір алысып тұратын болдық. Батыр Баянға байланысты іс-шараларымызды әрі қарай жалғастыруда. Қайрекенің көп еңбектеніш, қолгабыс танытқанын, оның ұлтжандылығын айтпай кетуге болмайды. Соның нәтижесінде жұмыла қолға алған еңбегіміз еш болған жоқ. Бұл құндері Булаев, Астана қалаларындағы екі мектепке және Қызылжар қаласындағы бір қошеге Батыр Баян есімі берілді.

1998 жылы Қызылжар қаласына қошіп келгеннен кейін Қайрекенмен жиі қарым-қатынас жасап, ақыл-кеңес алғып жүремін. Ал 2001 жылы «Асыл мұра» шығармашылық орталығы құрылып, оның іргесін қалаушылардың бірі Қайрекен болды. Орталық қызметкерлерінің тынымсыз еңбектері өз жемісін беруде.

Кенес дәуірі кезеңінде пайдалануға тыйым салынған құжаттарды Омбы, Алматы, Тобыл қалаларының мұрағаттарынан тауып, зерттеп, халықта жария етті. Иә, ол дәуірде Қожаберген жырау, Сегіз сері, Баян батыр, Шал ақын, Құлеке батыр, Тоқсан би есімдері көпшілікке таныс болмады, ал өмір жолдары мен шығармашылықтары жөнінде жүртшылық беймәлім еді. Міне осы бабаларымыз жөнінде Қайрекенің қаламынан көптеген еңбектері жарық көрді. Ал ғылыми-танымдық шығармалары өзіне бөлек. Олардың қатарында «ҰмысЫн сұлу», «Өлкө тұлғалары», «Жумагали Тлеулин - деятель Алаш Орды», «Ақын ізі» атты кітаптары бар. Өзінің кіндік қаны тамған жерінің тарихына арналған «Ынтымақ ауылы» кітабын қалай атамасқа! 2004 жылы Қайрекенің «Арнаулар» атты кітабы жарық көрді. Бұл туындысы ел агаларына, жолдас-

жораларына, туыстарына арналыпты. Маған кітап өте ұнады, жақсы әсер қалдырды.

«Асыл мұра» орталығы он жыл ішінде 50-ден астам кітап шығарған болса, соның бірсының авторы - осы Қайрекең.

Қайролла Мұқанұлы өніріміздің атақты батырлары, билері, ақын-жыраулары, еліміздің тәуелсіздігі жолында құғын-сүргінге түсken қайраткерлер туралы көлемді мақалалар жазып, олардың өмір жолдарын баяндайды, келешек үрпаққа үлгі етеді.

Қайрекенің жасының ұлғайғанына қарамастан күні бүгінге дейін қаламы қолынан түспей, ерінбей-жалақай әр уақытта ізденіс үстінде екенін көре отырып таңданамын және сүйсінемін. Ол айтқан сөзіне, уәдесіне берік, еңбек-құмар адам. Мұндай адамдар сирек кездеседі Облысымызыда, қалада болып жатқан түрлі мәдени іс-шараларға қатысып, жайғана қатысып қоймай аталы сөзін айтып, терең зерттеулерін жүртшылыққа ұсынады. Ұлы жерлестеріміз, атақты жазушылар Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мұсіреповтың 100 жылдық мерейтойларын өткізу қарсаңында облыстық әкімшілік арнаулы комиссия құрған болатын. Комиссияны басқару Қайрекене тапсырылған еді. 100-ден астам ақ шаңқай киіз үйлердің ішінен ең таңдаулыларын анықтау өте жауапты жұмыс болды. Осындай жауапкершілікті түсінген Қайрекен бастаған комиссия екі күн уақытын бөліп, киіз үйлердің бірін қалдырмай аралап, әділ бағасын берді Осы жұмыс барысында Қайрекенің әділдігіне, табандылығына тәнні болды.

Бұдан екі жыл бұрын, яғни 2010 жылдың қазан айында, Шымкент қаласында Бекет атаның 260 жылдығына арналған салтанатты жиынға бардық. Біздің өнірдің делегациясының құрамында зиялды қауым өкілдері, соның ішінде Қайрекен де болды. Міне осы сапар барысында оның

қаншалықты тарихты, әдебиетті терең білетіндігіне көзім жетті. Осындағы білгір азаматпен сапарлас болғанымды ризашылықпен еске аламын.

Қайролла бауырым 80 жылдық ғұмырында талай жарқын жаңалықтардың, иғлікті істердің үйіткесі болып жүр. Бір сөзбен айтқанда, ол бұл жасқа биік парасат иесі ретінде үлкен абыраймен жетті. Ол жүріп өткен жол - өзгелерге үлгі боларлық өнегелі жол.

Көп жылғы мінсіз еңбегі үшін Қайролла Мұқанұлы «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталғанын білеміз. Еліміздің Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында оған «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» атағы берілгенде Қайрекенмен бірте қуанған болатынбыз. Бұдан екі жыл бұрын академик Е.Бекетов атындағы сыйлықтың иегері болып, тәсбелгіні омырауына таққан болатын.

Иә, Қайрекенің бергенінен берері көп деп ойлаймын. Ол ұлағатты ұстаз, отбасының үйіткесі, энциклопедиялық білімі бар азамат. Еліміздің белгілі ғалымдарымен, жазушыларымен достық қарым-қатынаста, келелі мәселелер жөнінде олармен пікір алысып тұрады.

Құрметті Қайреке, 80 жылдық мерейтойынызға шын жүректен құттықтаймын. Сізге ұзақ ғұмыр, деніңізге саулық, отбасыңызға аманшылық, баянды бақыт тілеймін. Қаламыңыз мұқалмасын, ойыңыз сарқылмасын! Әумин!





Оразалин Сәкен Оразалыұлы,

бұрын прокурор

болып істеген зангер

## ҚАЙРОЛЛА ДОСТАН КӨП ҮЙРЕНДІК

Мен 1950 жылы Октябрь ауданының орталығы Марьевкаға 8-ші сыйныпта оқуды жалғастыруға келдім. Оқу айы басталғаннан кейін сол мектепке жиналған қазақ балаларымен таныса бастадым. Бір-екі айда біраз қазақтың жас жігіттері мен қыздармен таныстым.

Сол жігіттердің біреуі Қайролла Мұқанов еді. Таныстардың ішінде Аманжол Қошанов, Қабдрахман Жарылғапов, Нұргожа Бектұров, Мейрәм Едресов т.б. болды.

Қыз балалардан таныс болғаным Ләйлә Шопанова, Дариха Нұртазина, Зәуken Оспанова, Мәриәм Қондыбаева т.б.

Мениң алғаштан байқағаным Аманжол мен Қайролла бұл мектептің еркесі деуге болатыны. Оқулары жақсы, өмірге деген көзқарастары дұрыс болған соң бұлар сияқты оқушыларды мектеп директоры, басқа мұғалімдер сыйлас, еркелетіп, өздеріне көмекші ретінде санаған.

Қайролла Мұқанов учком председателі екен, мен де сол учкомға мүше болып сайландым. Сабактан бос уақытымызды басқа балаларды тәрбиелеуге жұмсайтынбыз.

Аманжол Қошанов пен Қайролла Мұқановтың сол кездің өзінде орнықты, ақылды, оқығандары көп екені сезіліп тұрды. Осы жігіттерге еліктеп мен де білімді толықтыруға тырыстым.

Сол жылдары Қайролланың ықпалымен көп әдеби кітаптарды, әсіресе қазақтың жазушыларының кітаптарын оқыдым. Жақсы кино келсе жиналып киноға барамыз. Кинолардың алдында, не болмаса артынан қыз-бозбала болып бос кластарға кіріп әр тематикаға әңгіме құратынбыз, тереңірек танысатынбыз.

Осы жүргіс-тұрыстардың ұйтқысы ұйымдастырушысы Қайролла болатын. Әңгімеміз әзіл, ойын, қалжың болса да Қайролла жиналғандарды окууды жақсы оқуға, әдепті, тәртіпті болуға шақыратын. Аманжол Қошанов пен Қайролла Мұқановтың ұйғаруымен оқу оқып жүрген қазак жастарына тәлім-тәрбие беру үшін, олардың өнерлерін ояту үшін «Абай атындағы достық жастар ұйымы» деген кружок ашылды.

Бұл кружок 2-3 жылдай едәуір жұмыс істеді. Жігіттер, қыздар «Жастар дауысы» атты журналға мақалалар, өлеңдер берді. Ол журнал қазір 60 жыл өтсе де Қайроллада сақтаулы.

Қайролла менің жан досым, қадірлі жолдасым.

60 жылдан аса оқуымыз, қызметіміз қатар келеді, сол сыйластықпен осы күнге дейін келе жатырмыз.

Ардақты досым Қайролла Мұқанұлы!

80 жылдық мерекең құтты болсын! Жан жолдасың Күлзагимен жүз жаса, жанұяңа, балаларыңа, немерес-шөберелеріңе саулық, амандық тілеймін!



Оспанов Кемел Қарашаулы,  
Тілдерді дамыту жөніндегі  
басқарма бастығы

## АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Қазақта жиі айтыла қоймайтын осы бір керемет тіркесті Қайролла Мұқанов ағамызбен байланыстырысак, әбден жарасып-ақ тұр.

Ол кісіні мен бала күнімнен білем. Әкем Қараша 40 жылдан астам ғұмырын ұстаздыққа арнаған жан болатын. Ал, Қайролла Мұқанұлы Облыстық білім басқармасында бастықтың орынбасары болып қызмет атқарып жүрген кезі. Жоспарлы іссапармен біздің Бұлаққа келгенде, әкем арнайы шақырып, қонақ қылып жіберуші еді. Шаңырағымызыда әкеммен еркін отырып әңгімелесіп, қазақ мектептерінің жағдайы туралы көкейкесті мәселелерді ортаға салатын. Мектепте оқып жүрген бозбала шағым болса да, бұл кісінің сез төркінінен ұлтына деген ерекше бір жанашырлықты сезуші едім.

Қашанда қаламын өткір ұштаған, қолтаңбасы анық, көзқарасы айқын Қайролла ағай қалың көвшіліктің көніл төркінінде осындей қадір-қасиетімен орын алған. Оның ізденіс-еңбектері құнарлы, ой-сөз жүйелері мен көзқарастынының орнықтылығы бұл күнде ешкімді бей-жай қалдырмайды. Ақсақалдың тарихшы ретіндегі тарихи зерттемелері бір төбе болса, ал халқының алтап азаматы, тіл жанашыры ретінде ана тіліміздің дамуына қосқан сүбелі еңбегі өзіне бір төбе.

1991 жылды еліміз дербес мемлекет атанаып, Тәуелсіздігін жариялаған тұста Петропавл қаласының қақ ортасында қазақтың қаракөздері үшін “Салтанат” балабақшасының есігі айқара ашилды. Оның ашылуына мұрындық болған Мәлік Мұқанов, Қабдөш Қалиев, Өмір Ескали, Зейнолла Әкімжанов сынды тіл жана шырларының бел ортасында Қайролла Мұқанов ағамыз да жүрді. Олар «Қызылжарда қазақ балалары үшін балабақша, мектеп ашу қажет!» деп, жарғақ құлақтары жастыққа тимей, құзырлы орындарға хат жазып, жоғарыдағылардың талай табалдырығын тоздырды.

Жетпіс жыл бойы тар құрсауда бұғып жатқан туған тіліміздің кең тыныс алуына тұрткі бола жүріп, «Баламыз орыс тілін білмесе, нанын тауып жей алмайды» деген атапаналарды балаларын қазақ тілінде тәрбиелеп, оқыту үшін қазақ балабақшасы мен мектептеріне беруге көндіруге белсене араласты. «Қазақ тілінің болашағы жоқ!» деген солшыл саясаткерлердің тамырына балта шауып, қарағайдай қасқайып қарсы тұра білді. Өнеш жыртып, табан тоздырудың арқасында Қызылжардың ортасында орналасқан № 3 орта мектеп қабырғасында қазақ сыйыптары ашилды. Еңбек жеміссіз бола ма?! Оның артынан № 6 қазақ орта мектебі ашилды, ізінше қазақ классикалық гимназиясы бой көтерді. Бүгінгі күнге дейін осы білім мекемелерінде талай шәкірт ана тілінде тәрбиленіп, білім нәрімен сусындалап, болашаққа қанат қақты.

Бұл - Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолындағы тарихи үлкен ерлік!

Бүгінде сексенниң сенгіріне келсе де, елі үшін еңбектенуден тайынбаған Қайролла ағамызбен қарым-қатынасымыз үзілген емес. Мемлекеттік тілге арналған байқауларда қазылар алқасының құрамында қатысып, өз әділ бағасын беруге әрқашан да әзір. Сондай-ақ Қайролла Мұқанұлы еңбек етіп жүрген «Асыл мұра» облыстық

орталығымен бірігіп, «Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары» деп аталатын кітап шығару жоспарланып отыр. Бөлім мамандары облысымыздың барлық ауданынан елді мекендер атауларының шығу тарихы бойынша мәліметтер жинақтады. Бұғынгі күні өлкетанушылар мен мұрағат мамандары бұл мәліметтерді сараптаудан өткізуде.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында өткен Тілдер фестивалінде Тіл жанашыры ретінде Қайролла Мұқанов ағамыздың еңбекі еленіп, «Мәдениет қайраткері» атағына ие болды.

Әрине, ағамыз бұдан да үлкен құрметке лайық түлға. Меніңше, ақылшы да қамқоршы ағамыз Қайролла Мұқанұлы үшін ең үлкен, баға жетпес құрмет – ол жас үрпақтың тілге деген құрметі деп ойлаймын...





## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗЫ ӨЛКЕМІЗДІҢ

Абыз жасқа аяқ басып келіпсіз,  
Қос ғасырдың көпірінен өтіпсіз.  
Екі қоғам, екі түрлі өмірді,  
Таразылап осы күнге жетіпсіз.

Өнірімнің өткеніне үңіліп,  
Дерегі мол тарихына жүгініп.  
Суыртпақташ тартқан сөздер бүгінде  
Кітап болып тұр сөреде тізіліп.

Қожаберген атамызды тірілтіп  
Қатпарланған тарих тінін жібітіп.  
Қазағымның жақсысы мен жайсаңын  
Қайтардыңыз қалған жүртқа ұмытып.

Өмір - өзен агады дамыл таппай,  
Ілесіп жүре бергін қалыс қалмай.  
Ұлағатты ұстазы өлкеміздің,  
Тың еңбек жаза бергін әлі талай.

Жаны жаз, мейірімді, асыл аға!  
Қосылсын жасыңызға жасыңыз да.  
Жақсының хаты өлмейді, аты өшпейді,  
Бақ құсы қона берсін басыңызға!

Өтеев Айдарбек,  
Тимирязев аудандық «Нива»  
газетінің әдеби қызметкери

## ДАЛАНЫҢ ДАРҚАН ДАРЫНЫ

Қайролла Мұқанов туған елдің халқын, табиғатын өзекжарды өбектеп сүйген, сүйіп қана қоймай сол ұлы дарқан даланың болмысына өлшеусіз олжа салып келе жатқан кесек тұлға. Өйткені тұла бойына Аллаһ тағала соншалықты адамилық жомарт мырзалықты сыйлай салған.

Қайролла Мұқанов зерттеулер арқылы тылсым тарихтың шаң басқан қазыналы қоймасынан сілки аршып алып, тот баспас сом алтындей бізге Ынтымақ ауылының бұдан 30-70 жыл алдында өмір сүріп, өз ауылының тірлігі үшін қызмет қылған азаматтардың аттарын зерттеп тауып, оларды дүниеге қайта әкелді.

## ЫНТЫМАҚ АУЫЛЫ

Сенбі. Күндізгі екінді кезінде:

- Ағатай, ертең жексенбі күні Ынтымақ ауылында жазушы, жерлесіміз Қайролла Мұқанов ағамыздың соңғы шыққан «Ынтымақ ауылы» деген кітабының тұсау кесері болады. Егер сіз келісім берсеңіз сізді ала кетейін деп ауданымыздың белді, танымал азаматы Фазез Серікұлы Шаяхметов үйіме келді. Мұндай үлкен іске келіспеске бола ма. Фазезбен жексенбі күні жүретін уақытты белгіледік.

...Ынтымақ. Жан-жақтан жиналған халық. Қаладан да, көрші ауылдан да шақыртылыпты. Хабар тиғен таныстар өз көлігі болмаса да өткіншілерге ілесіп келгені қанша.

Той басталды. Тойды бірінші болып Степной елді мекенінің мал дәрігері Гүлнэр Шәймерденова баянды асқақта тартып:

Кіндігімнің жас қаны  
Тамған жері – ауылым,  
Шабытымның асқары,  
Самғау жері ауылым,  
Жастығымның күәсі,  
Шұрқыраған ауылым  
Жусаны мен жуасы  
Бұрқыраған ауылым – деп әуелетіп әнмен тойдың бетін ашты.

Бұдан кейін осы тойдың себепкөрі болып отырған Қайролла Мұқановтың «Ынтымақ ауылы» кітабының тұсау кесері өткелі тұрғанын хабарлап, кітаптың дүниеге келуіне демеушілік жасаған Баймусин Еркеш Бәриұлы қысқаша сөз сөйлемді жалпы бағдарламаны Дмитриевка орта мектебінің директоры Шаяхметова Құләш жүргізді.

Сөз кезегін алған Қайролла ағамызы:

- Эркімге кіндік кесіп, кір жуған жері тым ыстық көрінеді емес пе. Менің де осынау жұмыр жердің бетінде өзім туyp-өскен алтын ұя мекенім, аяулы ауылым Ынтымақ ауылы туралы кітап жазу көptен арманым еді. Мені жігерлендірген, шабытыма шабыт қосқан осы кітапты шығаруға және де бүгінгі «Ынтымақ ауылы» кітабының тұсау кесер тойына демеушілік жасаған, Баймусин Еркеш Бәриұлына, Сүгіров Ұлан Қажынәсіпұлына, Шаяхметов Фазез Серікұлына ағалық алғысымды білдіремін» - деп толқып тұрып ризашылығын білдірді.

«Ынтымақ ауылы» кітабының қысқаша мазмұнына тоқталар болсақ автор тұған ауылы, оның тарихы туралы мәлімет берген. Кітап «Шежіре» және «Ауыл тарихы» атты

екі бөлімнен тұрады. Әрине, әрбір бөлімнің мазмұнына тоқталу мүмкін емес. Егер кім оқуға қызығушылық танытса Ынтымақ ауылының әрбір отбасына, тойға қатысқан, сырттан барған әрбір адамға Қайролла Мұқанов ағамыз бір-бір кітаптан сыйға берді. Кітаптың сөзі жеңіл, бұл кітаптағы адам аттары сіздерге таныс.

Зерттеу кезінде қалалық мұрағаттан аттары табылған. Құртайдың Мұқышы, оның баласы Ғабдолла, Мұстафин Қанафия, Сұгиров Қажынәсіп Қабиұлы, Ғабдуллин Тәуке Ғабдоллаұлы, Қабиев Зейнолла Қабиұлы, Сағынай Төкенқызы, Мусин Есбай, оның жұбайы Ұмсын Хасенқызы, Қасымов Сабыр Ахметжанұлы т.б. әрқайсысы әртүрлі салада жұмыс істеп өз елінің өркендеуіне үлес қосқандар.

Автор өз кітабында адамдардың атын табысуға келінім Гульфайраның еңбегі көп соған көп раҳмет депті. Бірақ тегінің кім екені жазылмапты. Ол туралы автор өз түсініктемесінде ауыл адамдарының, әсіресе Дмитриевкада тұратындардың, есімдері мен фотосуреттерін жинауға көп-көп көмек берді деп түсініктеме беріпті.

Той барысында жақын достары, ағайын туысқандары, кітапқа демеушілік жасаушылар игі тілектерін білдірді. Қ.Мұқановтың жұбайы Құлзаги Ақанқызы, үлкен қызы Роза алып келген сый-сияппаттарын тиісті адамдарға тарқатты. Дмитриевкадан қазақ-украин орталығы ән шашу етіп, соңынан ас беріліп той мәресіне жетті.

Түйін. Адам жүргегі кішкене, бірақ кең дүние соған сиып кетеді. Ол ауырдың да, жеңілдің де, бейнеттің де, зейнеттің де ұясы. Сол ұяны Қайролла ағадан көруге болады деп түйдім.



Пішенбаев Қайрат Сәкенұлы,  
«Нұр Отан» ХДП СҚОФ  
төрағасының бірінші  
орынбасары

## ҚАЛАМЫН СЕРИК ЕТКЕН ҚАЙРОЛЛА АҒА СЕКСЕНДЕ ДЕ СЫР БЕРМЕЙДІ

Қайролла Мұқанов... Терісей өнірге тегіс таныс азамат десек, артық айтқандық емес. Әсіреле, оқу, білім, мәдениет және ақпарат саласына жетік азаматтар осынау еңбеккор, еріну-жалығумен жаңы қас, өлкеміздің тарихының білгірін жақсы таниды әрі құрмет тұтады.

Жастайынан бойында білімге құштарлық ұялаған Қайролла Мұқанұлы азапты аштық аранын ашқан жылдары өмірге келіп, жетімдік пен өмір ауыртпалығының дәмін тата жүріп, қазак, орыс тілдерінде жақсы білім алған.

Болашағының тірегі білім екенін ерте андаған бозбала ізденіп жүріп, жоғары білім алуға ұмтылады да, 26 жасында Қазақ мемлекеттік университеттін тамамдал, туган жерге келісімен бүкіл өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне арнады.

Карапайым мектеп мұғалімінен басталған жолы оны осы мамандықтың қияларына шығарып, данышпан Абай айтқандай, «Ақырын жүріп, анық басты». Шал ақын ауданындағы Городецкое ауылдық мектебін басқарып, тәжірибе жинақтады, басшылық, ұжымды ұйымдастыру

қызметтерінде ысылды. 1971 жылы Қайролла аға облыстық оку бөлімі бастығының орынбасары болып тағайындалып, осы қызметтің құрметті зейнет демалысына шыққанша, адаптацияда тындырымдылықпен атқарды.

Қайролла ағаның тұлғасына, мінезіне, тындырған әрбір ісіне қарап баға беретін болсақ, оны мол сұлы, арнасы кең, ағысы баяу үлкен өзенге теңер едік. Өйткені, үлкен өзен тез арада таси қоймайтының дай, ағаның да мінезі орнықты, биязы, аз сөйлеп, көп тындаитын кемел жан. «Мен мынаны тындырып таstadtым!» деп түймедейді түйедей қылып дабыралап жүретін кейбіреулердегі емес, ол өте қарапайым, айғайдың орнына ақылын жұмысайтын, дақпыртшылдыққа жаны қас адам.

Қандай бір істі қолға алмасын, өзінің біліктілігіне ғана сенетін оның артында айызынды қандыратын иғі істері бой көрсетеп тұрады. Әсіресе, ұлтымыздың тарихына жанашыр, қазақтың сүт бетінде қаймақтары дерлік асыл азаматтарының ғұмырнамаларына, шығармаларына тереңдеп баратын біліктілігі мол зерттеуші екеніне көзіміз анық жетеді. Ол еліміз тәуелсіздік алардың елең-алаңында қазақ тілінің болашағының қамын жеп, алаңдаған нағыз азаматтығын баспасөздегі және басқа да ақпарат құралдарындағы мақалаларымен, лебіздерімен, сұхбаттарымен танытты. Қазақ және орыс тілдерін тел емген ағамыз ана тілімізді орыс тілді басылымдарда жанын сала қорғады. Бұл үшін ол халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымында тәр-ағаның орынбасары қызметтің атқарып, аянбай еңбек етті.

Зейнет демалысына шықса да, «Жан сауға!» деп, қолды қусырып отырмай, осы қоғамдық жұмысына қоса, өнір тарихын, оның асыл азаматтарының ғұмырнамасын зерделей зерттеді. Қашанда, қай уақытта да зерттеудің күндіз қолға шам ұстагандай тиянақтылықты талап ететін жұмысынан қаймықпастан, мұрағаттардың мұраларын

електен өткізді. Ол ол ма, ағамыз қазақ тарихының ақтандактарын ашу үшін Қызылжарды былай қойып, Қарағандының, Алматының, Омбының мұрағаттарында уақыт аямай еңбек етті.

Осы жанкешті ізденістерінің арқасында Қайролла аға алаштың ақыны Мағжан Жұмабаевтың, зиялы азаматтар, ағартушылар, оқығандар Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Қошке Кеменгерұлының, Жұмағали Тілеулиннің, Көлбай Тоғысовтың өмір деректерін зерттеп, шығармаларын жүртшылықта таныстыруды. Дауылпаз ақын Баймағамбет Ізтөлинге арнап кітап шығарды.

Өніріміздің елеулі тұлғалары Толыбай сыншының, Қожаберген жыраудың, Тоқсан бидің, Сегіз серінің, Шал ақынның, Үкілі Ыбырайдың және басқа да дала данышпандарының ел-жүртттың назарына түспей жүрген мұраларын қамтыған зерттеу еңбектерді ұсынды.

Бұған ол марқұм аса білікті ұстаз, асыл азамат Фалым Қадірәлин құрған «Асыл мұра» орталығына қызметке орналасқанда жақсы жол ашты. Облыстық мұражайдың жанында ашылған осы ғылыми орталықта 2001 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ағамыз, серігі F. Қадірәлин өмірден озғаннан соң оның тіккен туын құлатпай, әріптес-мұдделестері Таңат Сүгірбаевпен және Социал Жұмабаевпен бірге өлкетану ісімен қажымай-талмай шүғылданып келеді. Осы істің орайымен Қайролла аға өніріміздің төл тумалары марқұм академик Евней Бекетовпен, қаламгер Герольд Бельгермен, ғалымдар Оразгелді Баймұратовпен, Мұрат Айтхожинмен, Марат Кенжегозинмен, Зейнолла Молдахметовпен, Аманжол Қошановпен және басқалармен жақсы араласып, олардың еңбектерін көвшіліктің игілігіне айналдыруды.

Сонымен қатар, өнірімізге әйгілі Барлыбаев әулеті хақында еңбек жазды. Осы жақында ғана шежіреші карт,

Құлеке батырдың ұрпағы Қошан Жантілеуов жайында да өлшеусіз еңбек құрастырып, жұртшылықтың алғысына бөленді.

Зерттеушілік, айғақтарға мұқияттылық қанына біткен Қайролла қарттың өміріндегі елеулі бір еңбегі - 2006 жылы облыстың жетпіс жылдығына арналған өнір әнциклопедиясын шығаруға қатысуы. Аса ыждағаттылықты талап ететін бұл еңбекті құрастыру жұмысы бірнеше айларға созылғанын білеміз. Әрбір дерек, әр адамның өмірінің оқиғалары назардан тыс қалмауы үшін қаншалықты тиянақтылық қажет етілгенін біле, мұрағаттарда көз майын тауысып еңбек еткенін көре жүріп, оның шыдамдылығына қайран қалмасқа болмады. Ол сондай-ақ «Солтүстік Қазақстан» газетінің сексен бес жылдығы аталаған өтілердің қарсаңында «Сарғайған параптар сыр шертеді» деген тақырыппен газет шежіресін тізіп шықты. Бұл газеттің «Кедей сөзі» атауымен алғашқы саны шыққан 1920 жылдан байлайғы тарихы еді. Қайролла қарт оны облыстық мұрағатта айлап отырып, оқырманның игілігіне айналдырды.

Сексеннің сенгіріне шығып отырған ағамыз әлі де сергеқ, ізденимпаз, еңбеккор қалпында қолынан қаламын түсірмesten, зерттеу еңбектерінен ірге бөлмей, «Асыл мұра»ғылыми орталығында жұмыс істеп жүр.





Рыб Константин Андреевич,  
директор лицея «Лорд»,  
ученик юбиляра

## РОДОМ ИЗ ДЕТСТВА

Хотя я не родился в Городецком, все школьные годы я был учеником одной школы. У меня был только один учитель начальных классов, один классный руководитель и один директор школы.

Я застал период становления этой школы. Можно сказать, что эта школа была детищем Кайроллы Муканова и дружного, молодого, компетентного коллектива учителей-энтузиастов. Не только я, но каждый из тысячи ее выпускников оценивает ее судьбоносную значимость в своей жизни. Здесь наши нравственные истоки, здесь закладывалось наше будущее и проходило наше самоопределение. В том, что мы такие, что мы несем через всю свою жизнь, есть доля причастности и наших учителей, и нашего директора Кайроллы Мукановича. Взыскательно и строго они присутствовали в нашем жизненном выборе и тогда, когда явно взыскать с нас уже не могли.

Мое первое знакомство с Городецким относится к 1957 году. И еще один фактор перемен – реформа образования 1958-го года. Семилетнее образование становилось всеобщим. И посему в Городецком началось строительство новой семилетней школы. Летом 59-го главный учебный корпус был построен.

Мы оставались в Октябрьском, и я серьезно готовился к школе. Даже, как Филипок, немного читать умел. Научил меня отец. Правда, страшило меня письмо, ввиду моей леворукости. До семи лет мне немного не хватило. Но директор Октябрьской начальной школы – Лидберг Василий Сидорович, послушав мое чтение, дал согласие на зачисление. Я был уверен, поскольку моего старшего брата Володю взяли в неполных шесть. Но случилось совсем иначе. Перспектива интерната для старшего брата была заменена перспективой переезда. Появилась возможность в августе 58-го купить дом в Городецком, и 24 августа наша семья оказалась на новом месте.

Итак, школа началась для меня в 59-м году. В этом же году она началась и для нового директора Муканова Кайроллы Мукановича, который, по сути, ее создавал как семилетнюю, а потом и среднюю.

Это был и директорский дебют Кайроллы Мукановича. Перевели его к нам из Хрущёвской школы нашего Октябрьского района. Медалист Марьевской школы, выпускник философского факультета Казахского государственного университета – он сразу сплотил вокруг себя работоспособный и молодой коллектив энтузиастов. Создавалась атмосфера, традиции, в которых происходило созидание личностей.

Старший костяк школы составляли учителя начальных классов: Жигулина Полина Дмитриевна, Кротенко Мария Григорьевна, Жигулина Александра Емельяновна, которые еще помнили учительский дебют в нашей школе Евнея Арыстановича Букетова - крупного казахстанского ученого-химика, основателя Карагандинского университета. Кстати – тоже выпускника Марьевской школы.

Дух времени и молодость учителей определяли и наполняли нашу школьную жизнь, имели решающее значение в нашем становлении. Запомнились праздники на

День пионерии, когда на природе собирались дружины трех школ, проходили концерты, соревнования и пионерский костер. Фестивали художественной самодеятельности в Марьевке с демонстрациями и многолюдием. Походы в лес и на охоту. Могу похвалиться, - в начальной школе каждый мальчик нашего класса стрелял из ружья нашего учителя Николая Васильевича. Он заботился о нашей физической подготовке, занимался с нами акробатикой. Хорошие способности в акробатике проявили Шкrebko Николай и Аляпкин Юра. С акробатическими номерами мы выступали не только на сцене, но и на полевом стане. И в 45 лет я не утратил еще умения ходить на руках. В спортивных авторитетах у нас были старшеклассники Матюхин Виктор, Кремер Адам, заработавшие на областных лыжных соревнованиях на приз «Пионерской правды» серебряный кубок. Позже и я приобщился к лыжному спорту.

Кайролла Муканович проявил себя незаурядным шахматистом. С победителем ежегодного школьного турнира он встречался лично. Приходилось и мне играть со своим директором в четвертом классе.

Кайролла Муканович привил мне особое отношение к книгам. Помню, как прорабатывал он первоисточники, классику, энциклопедии, как рассказывал нам об археологических изысканиях Картера в Египте, о расшифровке иероглифов Шампольоном, об афинском Акрополе и римском Колизее, о Фермопилах и Марафонской долине. В первый год изучения истории я узнал, что такое «спартанское воспитание», «слаконичный стиль» (пришел, увидел, победил), «тroyянский конь».

Постепенно, как эрудированный специалист, философ, он учил нас мыслить: анализировать, сопоставлять, находить причины, проводить аналогии и делать выводы. Мы учились критично мыслить, аргументировать, доказывать, чего явно не хватает современному

преподаванию. Предмет истории подращивал нас нравственно и интеллектуально. Культура – это достижения человечества, которые надо сохранить и передать потомкам. Осваивать эти достижения в целом нам предстояло на истории. Когда стали говорить о проблемном обучении, как педагогической инновации, призванной формировать мышление, теоретический стиль, я находил, что это на наших уроках истории уже давно работало.

Целина постепенно меняла облик села. Появились новые жители и новые улицы, а также контора, садик, спортзал. В 62-м образован Городецкий совхоз. Село было подключено к единой энергосистеме, проведен водопровод. Началось газоснабжение села. Но целина преподнесла и сюрприз – ветровую эрозию почвы и последующий неурожай. Зона рискованного земледелия поставила новые проблемы. Я помню пугающее чернотой апрельское небо 62-го года, сплошь завешанное пылью.

А в школе появились приехавшие на целину новые учителя Панова Эльвира Ивановна и Кротенко Нина Федоровна, сыгравшие значительную роль в нашем образовании. Эльвира Ивановна с пятого класса стала нашим классным руководителем и учителем русского языка. В конце четвертого класса она проверяла наш контрольный диктант и нам сказали, что она принимает класс после Николая Васильевича, который определен был завучем школы.

Школа, как и вся страна, готовилась отметить 20-летие Победы. Создавались мемориальные комплексы: Мамаев курган, могила Неизвестного солдата. Готовилась стела погибшим односельчанам и в нашем саду. Шестьдесят девять имен погибших односельчан. Мы, пионеры, ходили по семьям погибших, собирали воспоминания живых воинов. Помню нравственные уроки инвалида войны, старшего лейтенанта запаса Бутрика Николая Степановича, который рассказывал нам о тяжелых боях и потерях под

Ржевом летом 42-го. Там он остался без правой руки. Запомнились рассказы о войне Николая Корнеевича Чесенко, закончившего войну взятием Кенигсберга. Он нам рассказывал о Маншук Маметовой, которая служила в их части. Жигулин Илья Васильевич рассказывал о боях под Сталинградом. Победили потому, что к сорок второму году научились поглубже рыть окопы. Не знал я тогда, что через тридцать лет в этих самых окопах, в которых воевали наши земляки-воины 314-й дивизии, мне доведется побывать. И что в списках захороненных в братской могиле у Александро-Свирского монастыря под городом Лодейное Поле я найду фамилии своих земляков из Городецкого: Амелина, Кунделя, Иванова. На ленинградской земле, в Музее воинской славы г. Лодейное Поле я понял, - здесь чтят и помнят заслуги воинов-казахстанцев.

К 50-летию Победы мы совершили сверхмарафонский эстафетный пробег от мест боев 314-й стрелковой дивизии на финской границе до Петропавловска – 3250 км.

Математические кружки и олимпиады, литературные вечера и конкурсы приучали нас выходить за строчки учебника, будили интерес, пристрастия и мотивы. А когда появились факультативы, я в первую очередь записался на факультатив по искусству к Эльвире Ивановне. Оживали личности и обстоятельства, разыгрывались жизненные драмы Маяковского, Горького, Цветаевой. Менялось восприятие их творчества и отношение к творчеству.

Наши сочинения живо интересовали Кайроллу Мукановича. Он их читал. А нас он поддерживал, вел, заботился о наших итоговых результатах. За успешную учебу нас поощряли книгами. Он и сам задавал нам сочинения. Например, о будущем нашего села. И давал задания по подготовке истории села. И на всю эту внеурочную работу хватало времени нашим учителям.

Мы постепенно становились личностями, которые обретали уверенность в себе и могли дерзать. Жизнь показала, что мы получили в школе хорошее развитие и смогли дальше противостоять обстоятельствам и обрести себя в этой жизни. Наша самодостаточность – это жизненная позиция, система ценностей и все, что позволяет, не сбиваясь с курса, реализовать себя.

Оценивая потом свою школьную пору, когда мне было уже с чем сравнивать, я осознал, насколько мне повезло со школой. Сейчас это называют конкурентоспособностью. А тогда это дало мне возможность отлично учиться на физмате, поступить по общему конкурсу в аспирантуру в Москву и стать самодостаточным специалистом. Причем узкий профиль для нашей профессии не подходит. Определив для себя стезю, я понимал, что обязан развивать и учить детей также хорошо, как когда-то научили меня. И в этом прежде всего будет выражена моя благодарность учителям и мой моральный долг. За прошлое, но перед будущим. Педагогические удачи – это когда сформирована база, есть трудолюбие и развиты смыслообразующие мотивы саморазвития. Это – как выход на орбиту, когда задано направление, отработаны все ступени и достигнута требуемая для устойчивой орбиты космическая скорость. Во время Международной астрономической олимпиады мне довелось побывать на космодроме Байконур. Какую мощь человеческого духа и мысли является собой рев двигателей стартующей ракеты! Учителя делают такое же дело. Настоящие, какими были учителя в моей судьбе. Чтобы воспитать личность, нужно самому быть личностью.

После жестокой засухи шестьдесят третьего года село снова стало подниматься. Все классы в школе имели параллели, а общее количество учеников приблизилось к 350. Было принято решение – школа станет средней. На школьном дворе появились новые корпуса, спортивный зал. В

школе появилось новое оборудование по физике, химии, трудовому обучению, новый спортивный инвентарь. Расширился и педагогический коллектив. Благодаря авторитету К.М. Муканова как специалиста и руководителя, повысился статус школы в районе. Конечно, это была не Марьевская школа. В 66-м году была сдана плотина Сергеевского гидроузла, и райцентр вместе со своей школой ушел под воду. А сергеевским школам еще предстояло зарабатывать свой статус.

В 68-м году Городецкая средняя школа давала свой первый выпуск. Это был тот самый класс Марии Григорьевны. Интересно, их классным руководителем была тоже Кротенко, но уже Нина Федоровна, замечательный и требовательный учитель математики. Мне нравится находить ученика, который, как и я когда-то, испытывал бы не только беспомощность и недоумение перед олимпиадными проблемами, но и стремился бы выйти на уровень их понимания, уважительно относился бы к ним за их способность подрачивать наш интеллектуальный потенциал, выводить за горизонт, скрываемый рамками обычного учебного процесса. Открывать такую физику для себя может и не каждому надо, но и не каждому дано. Я убежден, такой развивающий потенциал заложен в каждом учебном предмете, и задача профильной старшей школы – обеспечить «критическую массу» учебного времени на выбранный профильный предмет, чтобы зажечь саморазвитие ученика.

Звезды светят неотраженным светом. Думаю, профессионально, бережно и умно эту задачу в отношении нас решали когда-то и Вы, Кайролла Муканович. Подтверждением тому являются судьбы учеников. В нашем выпуске стала доктором химических наук, лауреатом Государственной премии Абильтаева Ажар. Во многих успехах выпускников есть доля труда учителя. И вся его жизнь...



Салықов Кәкімбек Салықұлы,  
ақын, мемлекет және  
қоғам қайраткері

## ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ, ҰЛТЖАНДЫ ҚАЙРАТКЕР

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Қайролла Мұқановты Солтүстік Қазақстанда білмейтін адам аз шығар. Оның атқарған қызыметін, қаламгерлік өнерін, ақындық талантын, ғалымдық зерттемпаздығын айтпағанда, бір көрген жан жынысп қана құлім қағып тұрған ұялшақ қыздай сүйкімді мінезін еске сақтап кетеді. Елжүртқа сүйкімді болып өту ол да үлкен бақыт. Өмірде бірге оқыған балғын достарым, кен қазып, тас қопарысқан ер жүрек кенші достарым, ел басқарып, ат жалын тартып мініп, кен жалғанды мол шарлағанда кездескен қанаттас жолдас-жораларымның ішіндегі зәуде бір кездесетін, зиба бойлы, зерен жұзді, жадынан зерек туган зиятты бекзат досым Қайролла дер едім. Сезімталдығы мол, мейірбандығы одан да зор, жан сырын дос жүрегіне жеткізе білер риясyz досым да осы Қайрекен.

Сол Қайрекемді көптен біліп, жасы кіші інім гой деп өзіне сәйкес сыйлы да жылы қабақпен араласып жүрсем, “жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты” дегендей ол бір жылғы туған құрдасым болып шықты. Бізде рузыруды сұрау болмайтын, ал жасына келсеқ, әрі інім, әрі досым жетпістен жаңа асып жүр ме десем, секеннің

сөңгіріне келіп қалыпты. Сондықтан да бисмиллядан қымбатты Қайреке, сексен белесті игеріп, зор биікке шыққан мереілі жасын құтты болсын! Сексенің сөңгірінен тоқсанның тоғайына асықпай-саспай баяғы байсалды да бапты, ұстамды да ұлағатты мінезіңмен аяңдап жүре бер!

Менің Қайролланың жасын есептемей, сұрамай өзімше топшылап қана жүруімде бір гәп бар. “Ол – туған жердің жақсы жігіті, жақсы досым”, – деп таныстырған бұл күндеі үлкен оқымысты академик Аманжол Қошанов болатын. Біздер: Уәлиханов Шота, Аманжол студент кезімізді бірге өткіздік. Шота құрдасым, мектептес, сыныптас, парталас болса, Аманжолдың бізден кішілігі болды. Қайролламен бірге оқыдық дегеніне қарап Қайролланы да Аманжолмен тетелес болар деп болжаппын. Бұл қателігімнің ешқандай кемістігі де жоқ, неге десеніз, Қайрекең маған қарағанда әлдекайда жас, қызыл шырайлы, қылышылдан тұрған жас жігіт сияқты. Бұрын биязылау, ұяндау, үндеместеу көрінетін Қайрекем, қазір ел ағасы болып, көш басында сөзге шебер, қөненің көзіне зерек, тарихты білуінде еш мұлтік жоқ адудынды қайраткер екеніне көзім жетті.

Қытайдың ұлы ғалымы, заңғайыр ақылманы Лао-Цзы: “Білікті кісі көп сөйлеп тебінбейді, көп сөйлеген шешенде білім көрінбейді”, – деген екен. Сол ұлы сөзді Қайрекене арнап айтылғандай сезінемін. Оған қоса айтарым: өзіміздің данышпан ғалым, қазақтың Абай, Шоқан, Мұхтарға теңдес асыл перзенті Қаныш Сәтбаев ағамыздың да: “Тәрбиесіз, тәлімі аз білімдіден тәрбиесі мол ғалым оза береді”, – деген сөзі ойға еріксіз оралады.

Қайрекенің жан-тәніне анасының ақ сүтімен сінген тәрбиелілігі, тәртіпке тәуба етуі үлкен өміріне ұдайы азық, басты ұстанымы болды. Бір сөзben айтсақ, тәлім мен тәрбиенің құлы болуы Қайрекенің үлкен қайраткер болуының темірқазығы дер едім. Білімі ұлғайған сайын

тәлім мен тәртіпке берілгендігі ұлғая түсті. Оған ойлылық қосылып, төзімділік пен шыдамдылық мінезін мұқият байытты.

Өмір жолына көз салып байқап қарасақ, қай кезеңде болсын тәрбиелілігі алған біліміне көрік беріп отырды. Осының бәріне сүйкімді жүргіс-тұрысы қосылып, өмір пәлсапасын ұғындыра түсті, ақыл деген асқар шың қосылып, өзін ұлken тәлімгер етті. Ол өмір бойы ұстаздық құрды, одан әрі өрлей келе ұстаздардың ұстазы – Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің менгерушісінің табаны құректей 23 жылдай орынбасары, алты жылдай облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдіскері әрі аға оқытушысы қызметін атқарды. Қазіргі сексен жасының 42 жылын оку-ағарту тәлімгерлік жұмысына арнады.

Түсіне білген адамға “ұстаздық құрған жалықпас” деп Абай атамыз айтқандай, “жалықпас” қажыр-қайраты әлі де мол Қайрекен бұл күнде Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының “Асыл мұра” ғылыми-зерттеу оргалығында ғылыми қызметкер болып істейді. Осы күнгі бұл қызметі Тәуелсіздіктің берген бостандығының жаршысы, тоталитарлы керенау Кеңес идеологиясының тұрпайы бұрмалап, қазақ тарихына келтірген кеселдерінен ақиқатты аршып алуға зор үлес қосып отырған киелі жұмыс екеніне ешкім күмән келтірмейді. Мысалға Серіз сері (Мұхаммед-Қанафия) Баҳрамұлы Шақшақовтай дауылпаз ақын, ақтангер ел қорғаушы кеменгер, Исатай мен Махамбеттің досы болып, майдандас тарихи күндер өткізген дарабозды “болмаған адам” деп данғаза кетерген жалақорларға нақты жауап беріп, соқыр көріп, санырау естірдей етіп айқындал берген де осы “Асыл мұраның” қызметкерлері.

Олар “Гауһартастың” авторы, ұлы композитор, үздік ақын Серіз серінің екі томдық шығармалар жинағын

дүниеге әкелді, көптеген әндеріне анықтама жасады. Ел ішіне ірткі салғандай жалақор дау-намайдың басылуына себеп болар тасқа таңба басқандай тамаша деректерді үлкен зерттеушілік күшпен тауып, данышпан бабамыздың атын ақтап, ел-жұрттан үлкен баға алды. Бұл сияқты ұлы істерге үлкен тәжірибесі бар, ұстаздық ақ пейілінің кір шалмас адалдығы бар Қайролла Мұқановтың күш қосуы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосылған зор үлес деп санаймыз.

Қайролла Мұқанов тамаша қаламгер, үлкен публицист, елге танымал ақын. Міне, осы өнері және де жоғары білімі бойынша тарихшы болғаны, бірер жыл философиямен айналысқаны осы күнгі “Асыл мұрада” атқарып жүрген қызметіне дайындық іспеттес көрінеді. Қайролла мен қызметтес, әріптестері Социал Жұмабаев, Таңат Сүгірбаев үшеуі үлкен ұжымның қызметін атқарып жүр. Солтүстік Қазақстан облысында қазақтар саны өзге ұлттардан әлдеқайда аз болса да, ежелгі де, кешегі ұлылар мен ғалымдардың, дүлділдер мен сал-серілердің сапалы саны жағынан өте биік ел. Сегіз серінің руы Керей, оның ішінде Ашамайлы атақты Көшебеден тараған текті атанаң ұрпағы. Үш жүзге аты әйгілі Толыбай сыншының 24 баласы болыпты. Ең кенжесі – Қожаберген жырау (1663-1763). Ал, сыншының сегізінші баласы Қарабастан жеті бала туган, үлкені – Асқап. Оның екі баласының үлкені Көшектен 12 бала туса, сегізіншісі Сегіз серінің атасы Шақшақ екен. Гәп осы Шақшақ атасында:

“Орысша білім ал деп атам Шақшақ,

Оқытты төрт жыл мені ұстаз жалдал”, – деп Сегіз сері бабамыздың өзі айтқан екен.

Сегіз серіні Біржан сал ұстазым десе, Қожаберген жыраудың Бұқар жырау шәкірті болғаны анық. Ол әз-Тәуке ханның тұсында “Жеті Жарғының” озық ой мен сұлбасын дайындаған, негізін құрап, билер сараптауына ханның

қолдауына ұсынған ерекше дарын. Тарихта “Жеті Жарғы” жеті бидің еңбегі деп аталса, сол жетеудің алғашқысы Қожаберген десек те қателік жоқ. Бұл пікірді академик Манаш Қозыбаев та қолдаған. Ұлы тарихшы дана жыраудың “Елім-ай” әні “мың тірліп, мың өлген” қазақça сан ғасырлар әнұран ретінде қайғысы мен қасіретін белісіп, асыл арманға бастады. Ал оның “Елім-ай” атты дастанын оқығанда ондағы қолбасшылығын, ержүрек сардарлығын, ойшыл даналығын байқаймыз. “Кеуденде шыбын жаңың болса егер, Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын!” – десе, тағы бірде: “Шәкіртім қайда екен Бұқар жыршы, Сөзіне оның халқым құлақ түрші”, – дегені оның тек қана әскери қайраткер емес, мемлекет қайраткері, ұлт қорғаушысы екенін анық байқатады. Қожабергентанудың көшбасшысы Манаш Қозыбаевтың: “Елім-ай” ұлтымыздың Илиада мен Одиссеясындай эпикалық өміршеш трагедиясы”, – деуі ұлы сөз. Қожаберген бабамыздың атақ-даңқын осы өреде көтеру керек.

Ақиқатында “Елім-ай” қатардағы тарихи дастан емес, ол бір дәуірдің қазақ шеккен қайғы-шерін, одан есеп қалған тірлік сырын айғақтаған эпикалық дария-жыры, қария-хаты. Ол шын мәнінде Әз-Тәүке хан, Абылай хан, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке би, қаз дауысты Қазыбек би қатарында аталатын ұлы тұлға. Жоғарыда айтылған зерттеушілердің ішінде Қайролла Мұқановтың болғаны қандай жақсы. Қайрекен әрі философ, әрі тарихшы майталман, оған қоса ұстаздық құрган – әділдіктің қорғаны екенін танытып жүр.

Қожаберген жыраудың “Баба тілі” атты дастанын зерттеушілер жеке кітап етіп шығарыпты, өте дұрыс жасаған. Бұл күнде ұлтымыздың тебіренісін тудырып, заман желісінің қазақ тілінің өркендеуіне кедергі шалыстары барша қазақты қатты толғантып отыр. Ойлап тұрсақ, қай заманда болсын тілін көл қорғаған қызығыштай қорып өткен

ел екенбіз. Қожаберген жыраудың жаңа табылған еңбектерін “Баба тілі” жинағына қосыпты, оның ішіндегі:

“Хан деуге аузың бармайды,  
Тәуkenің ұлы – Болатты.  
Неге десен, ол сұлтан,  
Өзбекше тілді қалапты.

Шора деп қалай айтарсың,  
Мақтаншақ төре Баракты.  
Қазақтың тілін қолдамай,  
Сыныққа сылтау жамапты.

Қыз алам деп Қалмақтан,  
Күшік төре тозып жүр.  
Өзбекше сейлеп азфана,  
Кейде арқасы қозып жүр.

Әбілхайыр төре де,  
Татаршалап жазып жүр.  
Жаңбыр жаумай су болып,  
Өзінен-өзі азып жүр”, –

деген ғажайып шумақтарын оқығанда Қызылжардағы “Асыл мұра” және белгілі заңгер Бекет Тұргараев басқарған “Жеті Жарғы” және Қожаберген жырау” қоғамдық қорының атқарып жатқан еңбектеріне сүйсінуім арта түсті. Осынау ұлы мұраларды инемен құдық қазғандай теріп, ел иғілгіне айналдырулары Тәуелсіздіктің тағы да бір асыл шарапаты деп білемін.

Сөз етіп отырған құрдас-досым Қайролла Мұқановтың осындағы ұжымда тер аямай еңбек етуін мақтан етемін.

Ел тарихының әйгілі тұлғаларына арналған “Елтұтқа” (Астана “Құл тегін”, 2001) атты кітапты қолыма алғанда қашалықты қуансам, ішінде Тәуке ханды (1626-1718) өте орынды паш еткенде, оның Бас қолбасшысы, саяси-

құқықтық тәртіпті ел ішінде орнатудағы ең басты ақылшысы, орындаушы іскері қазақтың ойшыл дана ұлы жырауы Қожаберген бабамыздың жоқтығы қатты қынжылтты. Сондықтан да Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев пен Т. Сүгірбаевтың “Асыл мұрадағы” атқарып отырған қызметтері бүкіл Алаштың ұрпағына қажетті іс деп түсінуіміз керек.

Қайролла Мұқановтың еңбек жолы жайлы біраз сыр шертіп, бүгінгі күндері “Асыл мұрада” атқарып жүрген қызметіне де азғана тоқталдым. Әу-бастан оның қаламгерлігі, әсіресе әңгімелері, зерттеу мақалалары, бірнеше кітап болған шығармалары ақындықтан басталыпты. Алғашқы өлеңдерінің бірінде:

“Қара шашы көзді тартқан алыстан,

Кара көзі күн нұрымен шалысқан.

Кеше кешке мектепте бір қызы көрдім,

Өжет, қайсар, өткір сөзben жанышқан”, –

десе, бұл да шындық, өйткені негізінде қой аузынан шөп алмас, қызы мінезді Қайроллаға өжет болып қыздардың бәрі де көрінген ғой. “Кеше кешке” дегеніне қараганда, “ұн деместен үйдей пәле шығады” дегендей, өзінде де бірдеме бар ғой, қаншама өжет болса да, сұлу қызben кешке қарай кездесуі өткен күндерді елестетіп кетті. Ақындықпен өмір бойы айналыспаса да, қаламға деген алғысы маған ұнады: “Ойдан шыққан өткір сөзді найзадай, ақ қағазға түсіруден тынбайды” деп ғалам сүйген қаламға ерекше ықыласын білдіреді. Ойындағысын сонау алғашқы өлеңдерінде қаламы бұлжытпай түсіріпті.

“Ол қыздырған махаббаттың лебі,

Құшақтаған сүйгенінің білегі,

Өзгертеді-ау, жас өмірді құлпырып,

Ұмтылып тұрған бір-біріне тілегі”, –

дегеніне қарап тап осылай жаза берсе жақсы еді деген ой келеді. Әттең... Өзі айтқандай, “Кәсіпқой ақын емеспін, мектепті бітіргеннен соң өлең жазуды қойып кеттім”, – дейді.

Бірак, өлең деген ана сүтімен бойға сіңген бір дерт қой, “қойып кеттім” дегеніне қаратпайды. Қайрекеңнің есейе келе де, ел жайлы, өмір жайлы дос-жарандарына, туған жер, ата-анаға арналған өлеңдері әк қағазға тұсе берді. Ақыры “Арнаулар” атты кітап болып Алматыдағы “Жібек жолы” баспасынан 2004 жылы жарық көрді. Әсіресе ана тілін қорғауға, дәріптеуге, уағыздауға арналған шумақтары көніл көншітеді.

“Ардақтасақ асыл аbzал ананы,  
Үйрететін бізге әрдайым жаңаны.

Білу керек ана тілін тамаша,  
Тудыратын білімді мен дананы”, –

десе, ана тіліне деген жүрекжарды шындығы осымен тоқтамайды. Қайрекең мектепте бірге оқыған “талдырмаш, құмырсқа бел, аққұба қызды” өзі немерелі болған кезде кездестірсе, “толқытты тіл туралы сөйлегенің”, – деп өзге құпияны ашпаса да, тілге деген ықыласын көніл қүйіне қосып жырлапты.

Өлеңді “тастап кетіп” аз жазса да, қара сөздің шебері болып жаттығып, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ардақты азаматтар туралы көптеген эссе, әңгіме, мақалалар, зерттеулер жазып, Қайрекең ірі публицистік дәрежеге жетті. Алаш партиясының мүшесі, журналист, дәрігер, қазақтың асыл перзенттерінің бірі Жұмағали Тлеулин туралы жазғаны кеңестік тоталитаризмнен жәбір көрген актангер азаматтың бейнесін тұнғыш ашқан қаламгер болды. Қызылжарда орналасқан “Союзцелинвод” тресінің әйгілі бастығы Қаттай Кеншинбаевтың өмірін Солтүстік өңірі түгіл, Қорған, Түмен облыстарының тұрғындары кеңінен біледі. Ол кісінің басшылығы кезінде бұл трестің су құбырларының

ұзындығы Солтүстік Қазақстан, Қекшетау, Қостанай облыстарына тарады. Есілдің бойында қазіргі Сергеевка қаласының қасындағы тоған теңізге айналып, оның суы сонау Батыс Қазақстандағы елдерге де жетті. Су құбырларының ұзындығы бойынша бұл трест Гиннестің кітабына енгөн болатын. Елді ауыз суымен қамтамасыз етуде, ауылдарды абаттандыруда Қаттай ағамыздың еңбегі орасан зор еді. Қайрекеңнің кітабына ел алғысын молынан айтты.

Академик Е.А. Бекетовтың өмірі мен ғылыми, ақындық, жазушылық, ұстаздық ұлы ғұмырын ел ішіне жеткізуге Қайролла мол еңбек сінірді, ардақты жерлесіміздің атындағы сыйлыққа иегер болды һәм медәлін тағынды. Қаламгердің 2008 жылы әулие ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі туралы зерттеу кітабы жарық көрсө, қазірде сол кітапты толықтырып, ақтантар ақынның Алаштың ардақтысы, қазақтың сүйген ұлы екенін анықтай түсетін еңбегін аяқтады. Бұл кітап Мағжансұйғіш қауым үшін, бүкіл атам қазақ баласы үшін нағыз асыл мұра боларына сенім мол. Қайролла әріптесі Социал Жұмабаевпен бірігіп атақты Тоқсан бидің өмірі мен атқарған ел алдындағы әділ қызметі туралы, Алаштың асыл ұлы Баймагамбет Ізтөлин жайлы үлкен еңбек жазды. Ал екеуіне марқұм Ғалым Қадіралин қосылып, үшеуі Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың екі томдық толық жинағын, Қожаберген жыраудың бір томдық кітабын ел қолына үлкен абыраймен жеткізді.

Қайролла Мұқанов өзінің негізгі атқарған қызметімен қатар көптен бері ел агасы, ақсақалдық, қоғамдық жұмыстарды да үлкен бедел, биік абыраймен атқарып келеді. Ол Солтүстік Қазақстан облысының белгілі азаматы ретінде өзінің ағалық тәжірибесін аянбай ак ниетпен таратып жүр. Атап айтсақ, Қайрекең 1972-1995 жылдары Халық ағарту ғылым істері жөніндегі Солтүстік Қазақстан

облыстық кесіподақ комитетінің Президиумының мүшесі, Облыстық атқару комитетінің жанындағы байқау комиссиясының, Облыстық табиғатты қорғау қоғамы Президиумының мүшесі болды. 1992 жылдан бастап осы күнге дейін облыстық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, 1990 жылдан 2005 жылға дейін облыстық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасының орынбасары, 1995 жылдан осы күнге дейін облыстық Сәбит Мұқанов атындағы әмбебап кітапханаадағы өлкетанушылар клубының мүшесі болып істеп келеді. Соңғы жылдары ол Петропавл қалалық ономастикалық комиссиясының мүшесі болды.

Осы аталған үлкен де жауапты жұмыстарға қоса Қайролла үлкен ғылыми зерттеушілік жұмысын үнемі жүргізіп отырды. Бұл орайда ұстаздық ыждағатпен Солтүстік Қазақстан облыстық, Алматыдағы Орталық республикалық және Омбы, Томск, Тобыл қалаларындағы мұрағаттарды қопарып, көптеген құжаттарды сарапап, бірсыныра бұрын белгісіз болған құжаттарды жинады. Сонымен қатар өлкеміздің зиялды қарт адамдарымен сұхбатасып, олардан да біраз тарихи материалдар, естеліктер, шежіре жазып алып, жоғарыда аталған тарихтың ақтаңдақтарын ашуға зор үлес қосты. Қайролла досым атақты академик Манаш Қозыбаевпен де сырлас болып, зерттеу жұмыстарына үлкен бағыт алды. Академик пен ауылдағы қайраткер Қайролла досымыздың бұл игілікті ісіне сүйсіндік. Академик Аманжол Қошанов екеуміз бұл тамаша байланыстың үлкен жетістігіне шын жүректен қуанып, Манаш досымызға алғысымызды айтып жүрдік. Қайролла өзінің өте көнтерлі, тәрбиелі де тәлімді, кішіпейіл де мейірбан, сүйкімді мінезімен кімнен, қай жерде, қандай зерттеуіне керек деректерді алса да өмір бойы жалғасып, хабарлас, қанаттас дос болып кетіп жүрді. Тұрпайының

қасы көп, сыпайының досы көп деп түйіндеsem, Қайролла бұл сөзімді анықтауға мысал болды.

Қ.Мұқановтың жас басынан шеккен ауыр тауқыметін айту оңай да ауыр. Мен үшін “Құрдастарға” атты өлеңімде айтқан шындық оның да басынан өтті ғой.

Отыз екінші жыл төлі – құрдастарым,  
Тірлікегі ең жақын сырластарым.

Мұндастарым – опаттан олжа болған,  
Тірі қалған тірнектер – жылдастарым.

Айықпастай көбейткен шешем мұнын,  
Женіл сөз ғой

“Ауыр жыл” десем бүгін.

Анам шеккен қиямет еске түссе,  
Тірі тамұқ сол шығар кешкен күнім.

Аз болғандай қисапсыз бір басқа мұн,  
Соғыс келді, ел зары тынбас қалың.

Сиыр жегіп,  
жер жырттық жалаң аяқ,

Тоғыз жаста сол елді қорғасқаным.

Егін-шөптің соңында сана бітті,  
Білмей өстік шалдуар шалалықты.

Құлын күннен қол шалғы сыңғырымен,

Соқа жұтып әкетті балалықты, – десем, ол Қайролланың да басынан өткен тағдыр ісі. Әрі қарай ойды жалғасақ:

Мұн мен шерді іштегі құрықтаған,

Құрдастарым,

Баспадың бұрыс қадам.

Сапқа ілікsec сарқыла күш төгумен,

Тағдыр бізді табиғи сұрыптаған.

Қой бағыстық қол салмай асыққа да,

Болғамыз жоқ “бұзаубас” “жасық” бала.

Қасыққа да ертерек жармасамыз,

Ашқарақпыз жан құштар ғашыққа да, –

десем бұл ортақ мінезіміз жоғарыда Қайролланың жас кезіндегі алғашқы өлеңдерін келтіргенімде “Ғашыққа да ашқарақпзы” деуімнің дәлелі ғой.

Ардақты данамыз, асыл бабамыз Шоқан Уәлихановтың “Рыцарлық” деген ұғымына өзінше зерлеп Ахмет Байтұрсыновтай көсем данамыз былайша жауап беріпті: “Ошақ басы, үй-ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен азаматтары есептеспей ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз”. Қобланды батыр жырын талдай отырып, Ахаңың ата-анадан, жардан, туысқаннан да “батырға қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі”, – деуі дана сөз. Қайролла Мұқанов та күні-түні жалықпай жарты ғасырға жуық ұстаздық етсе, Солтүстік Қазақстан үшін үлкен қызмет атқарғаны. Ол “жұрт қамы”, “жұрт ісін” ойлай жүріп, еліміздің әдебиет, мәдениетін зерттеп, жас басынан ойшыл маман, орнықты азамат болуға тырысты. Оның соңғы жылдары “Асыл мұра” құрамында атқарып жүрген жұмысы “ұлы мақсат, ұлы мұраттың” елім деп еңіреп туғандықтың белгісі. Қожаберген жыраудың қолбасшы батыр, ұлттымыздың көрнекті қайраткері, Бұқар жырауға ұстаз болған Әз-Тәуkenің ел ішінде заңдылықты орнату жолында бірінші көмекшісі, “Жеті Жарғының” авторларының бірі болғандығын дәлел ете тұра қожабергентануды лайықты дәрежесіне көтеруді ойлап, қызмет етіп жатқандарының өзі тек Қожаберген емес, оның ұзақ өмірінде кешкен қазақ халқының тарихының сырын айқындау кезек күттірмейтін зор мәселе. Осындай атқарып жатқан қызметтеріңе, құрметті Қайреке, сәт тілеймін! Сексеннің сенгіріне жеткен мереілі белесің құтты болсын! Сен қол босатпай ауыр жұмыс атқарып жүрсін, ол талабыңа бүкіл ел табыс тілейді. Сондықтан қарттыққа жол бермей, “рыцарлық” талпыныспен тоқсанның тогайына қарай талпына бер! Құрдастығымыз да

құтты болсын, мені жылдың басында тұғандықтан Шота,  
Шерхан, Жақсылық, Нұрғожалар аға деп жүреді. Қайреке,  
сен де сол баяғы биязы да сүйкімді інілігіңен тайма, асыл  
інім, көп жаса! Сөз соңында тағы да айтарым:

Өмір берген ардақты құрдастарым,  
Сендер жайлы таусылмас жыр-дастаным.  
Сенгіріне сексеннің жетіп қалдық,  
90-ның да көрейік нұрлы аспанын! –  
деп арнау сезімді аяқтамақшымын. Тәуелсіз еліміз ішкі  
даудан, сыртқы жаудан аман болсын, қарқынды үрдіспен  
алға баса берсін!



Самрат Жақсыбай,

Президент Грантының иегері,  
Журналистер одағы сыйлығының  
лауреаты, Мәдениет қайраткери



## ЗИЯЛЫ ҚАУЫМНЫҢ ЗЕРДЕЛІ ӨКІЛІ

Қызылжардағы қазақ интеллигенциясының белді өкілі Қайролла Мұқанов ағамыз. Ол кісіні сонау, тіл үшін болған күрес жылдарынан бері жақсы білемін. Ол жылдары қазақ мұддесін қорғап сөз айтудың өзі үлкен қатер болатын. Өйткені, ұзақ жылдар бойы орыстың мұддесін ғана жақтаған коммунистік режим басқа ұлттардың да өз мұддесі, ұлттық мұраты болуы мүмкін екенін ойға да алмайтын.

Барлық мақсат, ресми саясат КСРО халқын жаппай орыстандыруға жұмылдырылған еді. Ал алда-жалда бір адам өз ұлттының мұддесін айтар болса, оны «ұлтшыл» деп мүйізден шыға келуге билік те, билікке алыс-жақын жүретін интеллигенция да, тіпті көшедегі қарабайыр халық та дайын тұратын. 37-38 жылдарда сондай тұлғаларды қырып тастағандықтан кейінгі ұрпақ қатты қорқып қалды.

Қорқыныш синдромы саналарға берік сіңген болатын. Осы күні барлық қысастықты Сталинге ғана жабуға тырысушылар көп. Бұл қате пікір. Сталин қырғын жасаумен ғана көзге түсті, бірақ одан кейінгі Хрущев, Брежнев замандарында да ұлттық мұддені жақтаушыларды қудалау тоқтаған жоқ. Айырмашылығы мұнда түрмеге салу, ату емес, жұмыстан қуу, «психушкаға» қамап тастау жаппай

орын алды. Сондықтан ұлттық интеллигенция, әсіреке іс басындағы қызметкерлер ұлттық мұддені қолдаудан, оны қорғап сөйлеуден ат-тонын ала қашып тұратын.

Горбачев кезіндегі жылымық басталғанда барлық ұлттық республикалардағы этностар өздерінің тілін, ділін, салт-дәстүрін жоқтап шыға келді. Соның ішінде Қазақстанда да ұлттық мұддені қолдаған қозғалыс дүрк оянды.

Қазақ қауымы тығыз қоныстанған оңтүстік облыстарда бұл істі қолдаушылар көп, қарсылар аз болса, солтүстікте керісінше, қалың қоныстанған келімсектердің арасында мұндай істі көтеру әлі де қауіпті еді. Бірақ соған қарамай бір шоғыр азаматтар ұлттық мұддені жоқтап, жоғалтқандарымызды жаңғыртуды талап етіп, мәселені турасынан қойып жүрді. Сол шоғырдың бел ортасында Қайролла Мұқанов ағамыз жүрді. Ол үлкен қызметте жүрсе де «мүйізделуден» қаймықпай, ұлттық іске жанашырлық білдіріп, атқа мінген еді. Осының өзі оның табанды патриот екенін көрсеткен.

Ол кезде Қайрекен облыстық білім беру бөлімі (қазір басқарма) бастығының бірінші орынбасары. Яғни, осы саладағы қазаққа тиесілі орынның ең биігінің құлағын ұстал отырды. Әрі білімді, әрі табигатынан мәдениетті, ұстамды, зейінді адам басқа этностардың өкілдері әлдеқайда басым болған үлкен ұжымда зор құрметке бөленіп отырганын көзіміз көріп, қызығушылықпен қарайтын едік. Қандай да бір жұмыспен бара қалғанда ұжымның барлық мүшелері Қайрекенді қатты сыйлап, құрақ ұшып тұратын. (Адамның жұғымдылығы да зор қасиет қой, Қайролла ағамыздың осы қасиетін де мен өзіме үлгі ететін едім).

Тіл үшін күреске шыққан белсенділердің арасында да Қайролла ағамыздың шоқтығы биік болды. Ол өзінің ойын білгірлікпен, салмақты ұстамдылықпен, салиқалылықпен

жеткізетін. Баспасөз беттерінде де ойлы, пікірлі мақалаларды жиі беріп тұрды.

Ол кісінің тағы бір артықшылығы - ол орысша да, қазақша да жүйрік жаза білетін. Жалпы тіл үшін құреске шыққан ұлт жана шырларының арасында орысша жаза алатындар үш-төртеу ғана еді. Олар: Мәлік Мұқанов, Қосыл Омаров, Қабдеш Қалиев және осы Қайрекең ғана болды.

Қайрекенің пікірлері мен айтқан ұсыныстарына жергілікті билік құлақ асып тұрды. Қоғамда осындай салмағы бар ағаларымыз болмаса тіл үшін құрестің нәтижелілігі де төмен болар еді. Құдайға шүкір, біздің жерден басқалар санасатын Қайролла ағамызың секілді патриоттар шыққанын бүгін ризашылықпен еске аламыз.

Қайролла ағамызы «Асыл мұра» орталығында да өнімді еңбек етіп, бірнеше кітаптарды өзі де шығарып, ұжымдық жинақтарға да атсалысты.

Жалпы, өніріміздің тарихын жаңғыртуда «Асыл мұраның» орны айрықша. Ол жүргт әбден ұмытқан талай есімдерді тірілтіп, талай оқиғаларды қайта оралтты. Оның қаншалықты пайдалы болғанын болашақ ұрпақ әлі айтатын болады. Ал біз осы ағалармен қатар еңбек еткенімізге, оларды жақсы білгенімізге қуанамыз.

Өз басым Қайролла Мұқановты нағыз интеллигент адам деп есептеймін. Ол кісінің ешқашан пендешілік қылыққа түскенін, жоқ нәрсені теріп, сөз қуғанын да ұзақ жылдар жақын араласқанда көрген емеспін. Өз басын әрқашан жоғары ұстап, бір мінезден таймай жүретін қасиетті ағамыздың әлі де ұзақ жылдар баянды өмір сүруін тілеймін.



Сейітбеков Жұмаш Сейітбекұлы,

ардагер ұстаз,

зейнеткер

## **ҚАЙРОЛЛА – ПЕДАГОГ, МАЙТАЛМАН АҚЫЛШЫ**

Қайролла Мұқанұлы Алматының жоғары оқу орынын өте жақсы бітірген дипломды мамандығы тарихшы қоғамтанушы екенін мен 1960 жылдары тамыз конференциясында күзгі басқосуда білдім. Бұл басқосуда бірнеше баяндамалар тындалып, алдағы жаңа оқу жылына қалай программалық істер тындыру айтылып, талдау жасалып, бір нұсқа қабылданатын.

Сол уақыттарда мектептерде оқу құралдары өте тапшы, мұғалімдер бір-бірінен сұрасып жүретін. Сабакқа окуышылар үшін қажетті көрнекіліктерді мұғалімдер түнімен отырып өртөңгі сабакқа қолдан жазушы едік-ау, соның өзі сапалы білім беруге мұғалімді де, окуышыны да қызықтыратын.

Ал бүгінгі сабактарды технологиялық ұфындыру, қосымша өздік білуге деген қажеттерде тіпті сан жоқ. Бірақ, сапа да - санда әлсіз...

Қайролла Мұқанұлы, мінезі ауыр, әр нәрсені пайымдауы жағынан ұстамды, бейғамдығы жоқ, сосын әрбір ұлылықішілі, тарихи-саяси-қоғамдық мәселелердің занды шешілуіне ерекше жауапкершілікпен қарап, нақты пайдалы жолдарын нұсқайтынын көптен білемін. Ол туралы жалғыз

мен емес, көп тарихшы жолдастар айта жүрерін тағы айта аламын. Сондықтан болар, облыстық білім басқармасы менгерушісі Виталий Иванович Сакун Қайролла Мұқанұлын Городецкий орта мектебінде директор болып жүргенде облыстық білім басқармасы құрамына орынбасар етіп алып кетті. Бұл мақсатты іс, облыс мектептеріне білімді де, тәжірибелі маман қажеттігі екен.

Білім сапасын көтеру ісі 1960-шы жылдардан жоғары-төменгі оқу орындарында талапқа сай болу талап етіле бастады. Міне, жаңаша оқу-тәрбие ісіне өскен жаңа қадам сұраныс туындағы бастады.

Ауыл жасы, қала жастарындай емес жан-жақты өмірге бейім, еңбек жолында ұтымды тауып тұрары заман өзгерсе де қажетін, қадір-қасиетін сақтап тұр.

Бұл көзқарасымды мен сол елде, «Ынтымақ» ауылына мұғалім болып бірталай жыл ұрпақтар тәрбиелеуге Қайролланың жақын ағасы Зейнолла Қабиевпен бір мақсат, бір тілекте жаңалық талабына сәйкес бірталай пайдалы істер тындырғанымызды, ауыл адамдары жырдай естеріне сақтапты.

Үлгі болып Ынтымақтың жастарына, сол кездің киын-қыстау жағдайына шамаға қарай серпіліс жасағанымызды ел басқарып адамгершілігімен сенімге, іскерлікке ие болып жүрген Ғазез Шаяхметов, Ұлан Сүгіров, Бектұровтар әuletінен бүгінгі Қазақстан экономикасын, мәдениетін индустрія-инновациясына тер төгіп үлес қосуышылар барышылық, тәуба айтамыз. 1961-1967 жылдары мен сол Ынтымақ ауылында біте қайнап бір мақсатта жүріп, ұрпақтарға білім-тәрбие бере жүріп, ауыл ақсақалдарынан көп-көп қазақ көнелері Арын, Әубәкір, Зейне, Мұқан, соғыс ардагерлері Қожантай, Шәріп, Еслем, Габбас, Баймусиндер әuletі, Елубай, Сартай, Серікбай, Оспан, Бейсен, Жарылғаповтар, қайсысын атай берермін сол ұйымшыл

елдің ақылы ұшан-теңіз 30-35 қарттарынан 26-27 жастағы мен көп құндылықты үйрендім. Сол қарттардан қазір біреуі де жоқ. О дүниелікті Аллаһ рахмет-шапағатын берсін дейміз...

Зейнолла Қабиев екеуміз елде бас көтерер депутат атана жүріп, Степной селолық советінің сенімділері атанып, ауылдың мәдени-тұрмыс жағдайын көтердік. Ауылға Есіл суын жеткіздік, мемлекеттік электр жүйесіне қосып құнітүні үйлерде, көшеде жарық жаңып тұрды. Жұмыс қолы жетіспейтін, келген механизатор, малышларға арналған жеке үй салынды. Дүкен, кеңсе үйі, мектеп іске қосылды.

Ал енді туған жеріне бұрын болмаған елеулі өзгерістер болғанына ара тұра облыстан келе жүре көз салған ел азаматы Қайролла Мұқанұлының да көңілі жадырағаны хақ. Өзі осы ақылды ауыл қарттарынан негізгі тәрбие-тәлім алған Қайролла Мұқанұлы ғылыми-білгілермен иық теңестіре өз ақиқат жолынан мына ауыскан заманың тайғақ жолы тайғаната алмасына мен де достары да берік сене алады.

Бүгін, 80-ге келдім деп тас-түйін тұр білдірер Қайрекен бе –жо-жоқ! Облыста бұрын соңғы болмаған тарихи қоғамдық әлеуметтік құндылық болып есептелетін жаңалық құрылды, халықты рухани байытатын «Асыл мұра» орталығы құрылды. Қарттық жасқа арпалыса аяқ басқан білім-ғылымға саналарын үстемелеп, оқырмандарды рухани байытуды ойластырған бір топ мұғалімдер Ғалым Қадірәлі (марқұм) бастап негізін салған «Асыл мұра» тарих беттерін ашып, белсене іске кірісті, бұл 2001 жыл еді.

Әрбір жазылған ақпарат журналдарға көз майын тауысып, елегіze ойлаған мақсаттастар облыс әкімдігіне кіріп бұл үшін қаржы, жұмыс орнын алуға жетісті. Бұған дейін өз қалталарын қағып алысқа шыға алмай қала

архивтерін шаңнан арылтып, керегін тауып облыстық баспаларда жарық көрсетіп, оқушы қауымды серпілтті.

Галым Қадірәлі бастап, Қайролла Мұқанұлы, Социал Жұмабаев енді Омбы, Қорған, Тұмен, Алматы тарихи архивтерінің беттеріне үніле қарап, қажеттерін тауып, жазып алды. Бір-біріне қатты талап қойып, кісі аты, іс-әрекет, беделді жағы, халық үшін пайдалы т.б. құндылықтарға аса жауапты болуына келісті. Өйткені тарихи деректер оқушы қауымға сенімді, әрі дұрыс ұрпақ жалғасар мемлекеттік маңызы бар дүниеліктер.

Алғашқы жылдары «Асыл мұра» тобы жиналған деректерді жүйелей бар ынта-жігерімен облыс бойынша жер көлемі, халықтар ата-тегі, дәстүрлері, негізгі шаруа жағдайы сауда-саттық қарым-қатынастарына байланысты алғашқы кітаптарын, энциклопедия, басқару ісі, мәдени-қоғамдық тұрмыс-тіршіліктерін оқушы халықтардың күткені де осы еді ғой. Жақсыдан жадына сақтар бірауыз сөз, жалғасын тауып тұрса бүгінгі қазаққа бұдан артық тәуелсіз елімізге не қажет!

Қазағымыздың қасиетін кетіреп үш нәрсе бар. Олар оқымау, еріншектік, өзін-өзі сыйлай білмеу. Бұл керітартпалыққа, басқаға еліктеуге, керексіз бұзылуға тартып тұрады. Сондықтан жалғыз жүріп жол тапласан, көплен жүріп адас - деген халық сөзі болған.

Қалай десек те «Асыл мұра» жазып шыгарған мазмұны бай кітаптар халық арасында орасан зор қызығушылық туғызып пайдасын беріп, сұранысын көбейтті. Осы «Асыл мұра» жұмысын одан әрі қарай дамыта беруде бүгінгі басқарушы тәжірибесі мол, жоспарлы жұмысты Таңат Сүгірбаев, Қайролла Мұқанұлы, Социал Жұмабаевтар талмас жігермен, қолға алған істерін халықтар қажетіне облыстық тарихи атаулы мерекелеріне ұсына берсе нұр үстіне нұр.

Мен осы «Асыл мұрамен» жиі-жіі байланысымды ұмытқан емеспін, сол сияқты жақсы істерінен күн сайын облыс ақпараттарында жазғандарын оқу мен үшін өмір қажеттігі, оқи отырып сергіп, аса ризашылық білдіремін.

Солтүстік Қазақстан өнірі үшін ғана емес, басқа Қазақстандағы осы облыста туып-өсіп, облыстарда сенімді ел басқарған адамдар үшін де мәртебе екендігі айқын.

Сөзімнің сонында қадірлі замандасым, Қазақстан мәдениетіне, білім-тәрбие ісіне адал істер тындырып көптеген жоғары марапаттарға лайықты Қайролла Мұқанұлының 80 жасы қайраттылықпен 90-100-ге келсе еken деп жан жары анқылдаған, ақжарқын Құлзағимен өз жолынды ата-баба тілек-баталарын айнитпай берік ұстаған ұл-қыздарың, туыстарың алдағы уақытта да жақсы өмір көріп, мықты денсаулықта, бақытты тұрмыста қажымас қайрат иелері болсын деген ақ тілегімді сіздерге ұсындым. Бәріңе Жаратқан жақсылығы, берекелі бірлігі, сәттіліктегі жалғаса берсін!





## ЕЛДІН ҚАЛАУЛЫ АЗАМАТЫ

Ақыл-ой парасатының кеңдігімен, өмірдегі белсенді қызметімен, ойындағысын жеткізіп айта алатын тілмартығымен елдің зор ілтипатына ие болып, сүйіспеншілігіне бөленіп жүретін адамдар болады. Олар биік лауазым иесі болмаса да, онымен жұзбе-жұз таныстықты күтпей-ақ жалпы жұрт оны назарында ұстайды, сезін қалт жібермей тыңдайды, ісіне сүйсінеді. Одан әрқашан тың бір ой күтеді, сүйенішіндей, тірекіндегі демеу дәметіп жүреді. Менің түсінігімдегі Қайролла Мұқанұлы – осындай тұлға.

Тағылымды ұстаз, тарихшы, өсу, ержету, есею, өміріндегі барлық кезеңдерді өлкеміздің даму жолына арнаған, білімі мен біліктілігі сай еңбек иесі, ардақты азамат бүгінде 80-нің шынына шығып отыр. Осы жасқа ол үлкен абыраймен, зор беделмен келді.

Мерейлі жасқа келген Қайрекен өмірінің өрнегін шын мәніндегі кісіліктің келбетіне, енбекқорлықтың үлгісіне айналдыра білді. Сондықтан болар, оның ғұмыры – адамгершіліктің, зиялыштың, жауапкершіліктің, кәсібіліктің жарқын үлгісі десем, артық айтқандық болмас. Ол өзіне сеніп тапсырылған қызметті елінің сенімі деп түсініп, орта мектептің директорлығынан облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасары қызметіне дейін жоғарылад, бар ғұмырын бір салаға – білім беруге, ағарту саласына арнады.

Ертеректе бір топ жастар ақылман қартты ортага алып:

- Қария, ел осы бақыт кілті деп жатады, сіз оны қалай түсінесіз? – дейді.

Сонда әлгі қария былай деп жауап беріпті:

- Қарақтарым, бақыт кілті деген кең ұғым. Оны әркімнің жүрген жолы, артында қалған шуақты іздерімен өлшеген орынды. Егер бақыттың кілтіне ие болғыларың келсе, кез келген мамандықтың соңынан жүре бермей, өздерің ұнатқан, елге пайдалы, бейімдерін бар салаға күш салған жөн. Бақытты болам десендер, арың таза болып, елдің мұн-мұқтажына құлақ асып, қолдан келгенше жәрдем беріп, олардың алғысына бөлениңдер. Сонда ғана сенің мына дуниеге бос келмегенің, азamat деген жоғары атаққа сай болып, бақытты, мәнді ғұмыр кешкенің.

Осы бір кез келген адамды ойға қалдыратын терең мағыналы жауапқа Қайрекенің ғибратты өмірі айқын дәлел бола алады.

Міне, бұдан он бір жыл бұрын шаңырағын өзі көтерген «Асыл мұра» орталығында қызмет ете жүріп, Қайролла Мұқанұлы Қызылжар өнірінің тарихын, әр кезеңде еліне еңбегі сіңген, алайда белгілі себептерге байланысты кейінгі ұрпаққа есімдері белгісіз болып келген атақты жерлестеріміздің өмірін, халқына жасаған еңбегін, шығармашылығын зерттеп, құнделікті баспасөз арқылы жарыққа шығарып, оқырманға таныстыруда.

Сонымен қатар әйгілі жерлестер жөнінде деректер табу мақсатында Алматы, Қарағанды, Қекшетау қалаларына барып, мұрағаттар мен мұражайларда еңбектенді. Ресей Федерациясының Омбы, Тобыл қалаларының мұрағаттарын атап ақтарды.

Оның бір ерекшілігі – ол қай тақырыпты қарастырса да алдымен терең зерттеп, сол тақырып аясын аша түсетін, кенеите түсетін деректерге айрықша ден қоятындығы. Қөптеген ғылыми-танымдық кітаптардың авторы. Қайрекенің 15 кітабы жарық көріпті. Солардың ішінде «Ұмсын сұлу», «Жұмағали Тлеулин – деятель «Алаш Орды», «След поэта», «Академик Е. Бекетов» атты кітаптары және

атақты тұлғалар жайлы жазылған тарихи очерктер оқырманның үлкен сұранысына ие.

Осындай салмақты еңбектері бүгінгі жас ұрпакқа қажетті құнды дүниелер екені даусыз. «Өлкө тұлғалары» атты кітабында ұлы жерлес ақынымыз Мағжан Жұмабаев жайында жазылған мақалалар, көптеген естеліктер мен зерттеулер басылды. Қайрекеңің қаламынан Нығмет Сыргабеков, Бәйкен Әшімов, Тайжан Берденов, Марат Кенжегозин, Мұқаш Елеусізов, Бақытжан Қанапиянов, Ғабдолла Шоқаев және басқа да белгілі жерлестеріміз жөнінде көлемді мақалалар шықты.

«Жүрек төрінен орын алған» атты мақаласында халық жүргегінен мәнгі орын алған Жұмабек Тәшеновтің асқақ адамгершілігі хақында әңгіме өрбітсе, «Осы жұрт Смағұлды біле ме екен?» атты мақаласында С. Садуақасұлы туралы қалың оқырмандарға біраз мәлімет беріп, оның есімі Қызылжар қаласының бір тәуір көшесіне берілсе деген өз ұсынысын айтты.

Қайрекең «Ынтымақ ауылды» атты кітабында өзінің ауылдың тарихи кезеңдері, халқына адал қызмет еткен адамдар жөнінде баяндайды. Бұл кітапта пайданылған көптеген тарихи фактілер ауыл өміріндегі айқын оқиғалардың күэлері – соғыс және еңбек ардагерлерінің естеліктерін сәтті толықтыра түскен.

Қайрекең халқымыздың бұрынғы еткен батырлары, билері, ақын-жыраулары, еліміздің тәуелсіздігі жолында құғын-сүргінге түскен қайраткерлері туралы жүйрік қаламының қуатымен көлемді мақалалар жазумен бірге, олардың атаулы жылдары, дүбірлі тойлары кезінде терең зерттелген баяндамалар жасап келеді. Оның мазмұнды, ойлы мақалалары мен зерттеулері әркімнің-ақ көкейінен орын тепті.

Қайролла Мұқанұлы жоғары оқу орындарының, коллеждер мен мектептердің студенттерімен, окушыларымен кездесіп, оларға республикамыздың, облысымыздың, қаламыздың тарихы жөнінде және біздің өлкенің атақты тұлғалары туралы айтып береді. «Осындай кездесулер мен

әңгімелер жастарды үлтжанды және патриоттық рухта тәрбиелеуде көп септігін тигізеді», - дейді Қайрекен.

Иә, өмірдің талай белестерін артқа тастап, дуниеден жинаған рухани азығы мол, көргенінен түйгені көп, қарапайымдылықты өмірлік серік еткен, ерен еңбегімен өшпестей із қалдырып жүрген Қайролла ағамызды қадірлеп, мақтанамыз.

Тынымсыз еңбектің арқасында Қайрекен Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атанып, академик Е. Бекетов атындағы сыйлықтың иегері болды, Құрмет белгісі орденімен, бірнеше медальдармен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бұл сый-құрметтердің барлығы ағамыздың атқарған еңбектерінің жемісі деп білемін. Халық сыйлаған Қайрекен сексеннің сенгіріне елдің қалаулы азаматы ретінде, байыпты қаламгер, өлкетанушы ретінде шығып отыр. Қытайдың бір данасы Чжуан Цзы: «Өмірге құштарлығы жоқ адамды адам деудің өзі бекер» деген екен. Өте орынды айтылған сөз. Қайрекен өмірге құштар адам, қолдан келгенше аз уақытта мол іс атқару, соның арасында елге қызмет етуді маңызды санайды, азаматтық парызым деп біледі.

Халықта «Ақылы асқанды аға тұт» деген сөз бар. Бұл біреуді аға тұтқанда жасына ғана емес, басына да қарай қастерлеуді айтса керек. Бабаларымыз жасы кіші болса да билер мен сөз зергерлерін төрге отырғызып, қадір тұтқан ғой. «Жаны жайсан жан қартаймайды» дегенге сайсақ, жайсан міnezімен, қамқор пейілімен абырой биігіне, ардагер тұғырына көтерілген Қайролла ағамызды 80 жылдық мерейтоймен құттықтап, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, еңбегіне жеміс және отбасы амандығын тілеуді інілік парызым деп білемін.

Иә, құрметті оқырман, Қайролла Мұқанұлы сияқты зиялыш кісілеріміз көп болғай, оларды көре білейік, тани білейік, қадірін біле берейік, сонынан ере білейік!



Сүгіров Ұлан Қажынәсіпұлы,  
«Москворецкий»  
совхозының директоры,  
шаруа қожалығының басшысы,  
мерейтой иесінің інісі

## ҚҰРМЕТТИ ҚАЙРОЛЛА-АҒА!

Парасатты ақылыңызben бойымызга жылы шуақ ұялатып, ақ көніл, кең пейіл, асқар тау, ардақты да қадірлі сіз, бүгінде жұртшылық құрметіне бөленген ел ағасы болдыңыз.

Ойлау, сөйлеу мәдениетіңіз аса жоғары, жинақы арқауы берік, мазмұнының терең болуына көп назар аударасыз.

Жұзіңіз жарқын, ойыңыз айқын, үлкен білімді Ұстазсыз - осының бәрі Сіздің бойыңызға біткен табиғи қасиеттеріңіз. Өз замандастарыңыздың шығармашылық табыстарының еркендеуіне қайталанбас зор үлесіңізді қостыңыз.

Қайролла-ага! Сізді мерейтойыңызben құттықтай отырып, өміріңізге зор денсаулық тілейміз. Ойлаған ойыңыз олжалы, мерейтойыңыз мерекелі, берекелі болсын. Бойыңыздан қуат, жұзіңізден шуақ кетпесін!

Құтты болсын мерейтой

Ұзак өмір сүріңіз.

Асқар шың боп биіктен

Алдымызда жүріңіз!

Бәледен, кейбір жаладан

Құдай Сізді сақтасын,

Жүріңіз жайнап жан-ага,

Аман болып өзіңіз және отбасыңыз!



Уәлихан Шот-Аман Ыдырысұлы,  
Қазақстанға еңбегі сіңген  
сәулетші, ақын,  
жазушы, ғалым

## МҰҚАНОВ ҚАЙРОЛЛАҒА 80 ЖАС


Қайролла менің жан досым,  
Аштық жылы туғанбыз.  
Көрсек тағы сан қысым  
Зорға аман қалғанбыз.

Терді төктік аянбай,  
Ұлылардан үлгі алдық.  
Мәңгі есте қалардай  
Еңбектендік, жол салдық.

Қайролланың ізі үлкен,  
Тарихта мәңгі қалдырған.  
Ойменен, терең біліммен  
Сусынын елдің қандырған.

Оның әрбір ісіне  
Әлі де құлак түреміз.  
Оның алып күшіне  
Біз сенеміз, сенеміз.

Сексенге келіп қалсаң да  
Кәрілігінді сезбедік.  
Тоқсанға келіп алсаң да  
Жұз жаста да бол берік!



Уәйісов Рұстем Сәдуұлы,  
ардагер ұстаз, аудандық партия  
комитетінің хатшысы, зейнеткер

## **ӨҢІРІМІЗДІҚ БІРЕГЕЙ АЗАМАТЫНА АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУ**

Уақыт зымырап, зулап өтүде. Ұлы ғұлама Ахмет Игунеки: «Бұл дүние бір керуен сарай-ды, кететіндер түсіп содан тараиды. Алғы тізбек қөшіп ұзап кеткенде, келіп түскен тізбек соған қарайды» дегендей Қайролла Мұқанұлы ол, сол кісінің өкшесін басып келе жатқан мен Рустем Сәдуұлы да алдыңғы буын агалардың сексенге толып той тойлағанын таңырқап жатқанда сексен деген жастың өзіме де келіп қалғанын сезбеппін.

Қайролла Мұқанұлын жарты ғасыр уақыттан бері білемін. Қазіргі Жамбыл ауданында ұстаздық қызмет істеп жүргенімде, Алматыдағы КазГУда оқып жүргенімде семинар сабағы өтетін, біздің курстың студенттерін он-оннан үш группаға бөлді. Менің группамды бір мұғалімнің үйіне барып өткізуімізді бұйырды. Алматы қаласының дәл ортасындағы зәулім үйдің бір пәтеріне барлығымыз саулап кірсек, төр жақта арбага таңылған, зор денелі, екі иығына екі жігітті отырғызысаң да былқ етпейтін бір азаматты көріп, таңырқап қалдық... Аты-жөнімізді атап, қай облыстан келгенімізді айтып жатырмыз. Менің фамилиям «У»

әріпінен басталатын болғасын, тізімнің соңында тұрамын ғой, маған бір қарап, сабақ біткесін сен аз уақыт қаларсың деп ескерту жасады. Сабақ бітті, екеуміз ғана бөлмеде. Мұғаліміздің аты-жөні Дәрішев Байтұрсын еken. Сіздің облыстан Қайролла Мұқанов деген азамат оқып еді, өзінің ғылымға деген ынтасты зор, екі тілде бірдей сөйлейтін, ізденімпаз азамат болатын. Мен оған университетті бітіргесін осында қал, оқуынды аспирантурада жалғастыр деген менің сауалымды ескермеді. Үйде кемпір-шалым бар деп кетіп қалған еді, мен одан көп үміт күтіп едім. Сен еліңе барғасын Қайролланы тауып ал, менімен хабарлассын деп мені босатқан еді...

Дәрішев ағамыз қандай сауатты, көп біледі, тақырып бойынша сөйлеген сөзі бірінен соң бірі ірктелмestен жалғасып, тақырыпты тұжырымдап, миыңа құйып беретін білгір-дарын иесі екенін сезіп, іштей кейіп, не болды екен, қалай екі аяғынан айрылды деп кәдімгі өзіміздің ағамыздай көпке дейін ой үстінде болдық. Апат айттып келмейді дегендей, екі аяғы поездың астында қалса керек.

Сессиядан келгесін Қайролла Мұқанұлының қай ауданда қызмет істейтінін біліп, ағамен хабарластым. Хат жазып, адресін бердім. Хат арқылы бір-бірімізді білісіп танысқан соң, араға бірнеше жыл салып, өткен фасырдың жетпісінші жылдары Қызылжар қаласында қауыштық. Қайролла Мұқанұлы облыстық оқу бөлімінің бастығының орынбасары болып келді.

«Басқадан кем болмас үшін білімді, бай, күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек, күшті болуға – бірлік керек», - деген Ахмет Байтұрсыновтың өсиетінен бастау алатын бұл ойлар күллі қазақ балаларына арналған десек те болады. Ахмет бабамыздың өсиетін орындаі отырып Қайролла Мұқанұлы барлық өмірін бала тәрбиесіне сарп етті. Ел үшін, халық

үшін аянбай еңбек етті. Сол жылдары облыстың оку басқармасында жетекшілік еткен Қайролла Мұқанұлы асқан іскерлікті, белсенділікті, ерекше ұйымдастырушылықты оята отырып, көп істерді тындырып, қашанда болсын қоғамдық іске келгенде де, оның бойындағы жігері тасып, иғі істердің алдыңғы шебінде жүрді. Үнемі жүзінен жылылық есіп тұратын Қайролла Мұқанұлының адамды өзіне тарта білетіні, бауырмалдығы, ашық-жарқындығы, шыншылдығы ерекше көзге түсетін. «Жақсыға ісің түссе үзігінді жалғайды, жаманға ісің түссе бүтінінді жалмайды» деген гой халық, ол қашанда адам баласынан жақсылығын, көмегін, ақылын аямайды.

«Дүние жалған арбайды, адамгершіліктен өзге еш нәрсе әлемде бір-ақ қалмайды», - деп ғұлама Фирдоуси айтқандай, әрдайым адамгершілікті бәрінен биік қоятын Қайролла Мұқанұлы кезінде істеп кеткен иғі істері талай оку белімінің қызметкерлерінің жадында жаңғырып тұратынына мен өз басым толық сенемін. Өйткені оку жылы аяқталғанда, басталар алдында жиналыс өтіп, әр мәселені талдап, шешім шығарады емес пе. Сол құжаттарды орындаған қызметкерлер жазып, Қайролла Мұқанұлына оқып, тексеруіне ұсынатын көрінеді. Дайындалып әкелген құжаттар басынан аяғына дейін сау тамтығы қалмастан қызыл пастамен түзетіліп, соңынан, қортындыларын жазып, қайта қарап жазып шығуларын айтады екен. Өздері орыс ұлтының адамдары болса да нақты, тұжырымды пікірлерін жаза білмейтіндеріне қысылып, өздерін-өздері қамшылап дұрыс жазуға талпыныс білдіретін көрінеді.

Кез келген адаммен тіл табыса алатын оның білімділігі, парасаттылығы, дарындылығы, еңбекқорлығы сезіліп тұрады. Басына қыншылық түсіп, алдына келген адамдарға Қайролла Мұқанұлы ақыл-кеңесін беріп, жөн сілтеп, қолдан отырудан еш жалықкан емес, «Сыйлы болып төрге шықсан,

есік жақтағыларға қарай отыр» дегендей, қарапайымдылығы сезіліп тұрады. Қызметінде білікті жетекші болса, отбасында ұстамды да, ақылды ер азамат болып, үйдің үйтқысы бола біледі. Қайролла Мұқанұлы әке, ата ретінде үлгілі, батырлығы қай заманда да қазақ ұлдарына үлгі болмақ деп ойлаймын. Басшылық қызметте жүргендердің көпшілігі, бір немесе екі баламен шектелетін болса, жұбайымен екеуі үш қызы, бір ұл өсірген жандар. Барлық балалары да жоғары білім алып, бүгінгі таңда әр салада қызмет етуде. Осы төрт баласынан дүние есігін ашқан алты немерелері әке мен шешені мақтан етері даусыз. Міне, осы үрпақ жалғасы – немерелері атасының сексен жылдығына кітап шығаруға бастама жасап, тілек білдіруі орынды-ақ.

Ақсақал - өмірлік тәжірибесі мол, ел тарихын, шежіресін, ұлттық салт-сананы, әдет-ғұрыпты, жоралғы-қағиданы жетік білетін зерделі, халық арасында абыройлы, дарындылығымен көпке танылған азамат. Бұл ақсақал облысымызда лауазымды қызметтер атқарып, зейнетке шыққаннан кейін де қол қусырып үйде отырмай, «Асыл мұра» ұжымында еңбек етіп, жиырмаға тарта кітап жазып, қазақтың қаламгерлерінің, ойшыл қазына қарттарының біріне айналды. Бүгін 80-нің сенгір биігіне шыққан ағамыздың қуанышына мен де ақ тілегімді жолдай отырып, 1964 жылы сексен жасқа толғанда Кенен Әзірбаев «Сексен жасқа» деген өлеңін шығарған екен. Сол өленді келтіре отырып құттықтауымды аяқтауымды жөн көрдім

«Атақты сексен, келдің бе,  
Алайын деп сырымды.  
Сезікті сексен, келдің бе,  
Табайын деп мінімді?  
Сүйкімсіз сексен, келдің бе,  
Қатырғалы буынды.  
Айналдырмай аулақ жүр,

Көрсетпеймін шенімді.  
Тұсауым жоқ аяқта,  
Сүйенгем жоқ таяққа.  
Сыр алдырман сексенге,  
Тоқсан, жүзің қай жақта!  
Биыл келдім сексенге,  
Тай үйретем тепсендеге.  
Екі Кенен тумайды,  
Алатаяуга ексең де»

- дегендей, осы жайдары жүзіңізден таймай, алшаңдал жүре беріңіз. Тоқсан деген көрініп тұр, ар жағында есігін қақсақ жүзіңіз де алыс емес.





Шеріпов Мигаш Смағұлұлы,  
Халық ағарту ісінің ардагері,  
университетте 5 жыл курсас  
болған жолдасы

## СЕКСЕНИҚ ҚҰТТЫ БОЛСЫН БАУЫРЫМ ҚАЙРОЛЛА!

Ауасын бірге жұтып, суын ішкен,  
Тұрғандай бір ауылда өмір кешкен.  
Жүгірген, шапқылаған оймен, қырмен,  
Шіркін-ай! Балалық шақ, шығар ма естен?!

Жастықтың жалын оты лаулап жанған,  
Қол бұлғап, шақырғандай үміт алдан.  
Кез еді тоғыстырған екеумізді,  
Жан болдың бір көргеннен баурап алған.

Аяулым алтын бесік гүл Алматым,  
Іштік біз бес жыл бойы бал шәрбетін.  
Білімді, адамдықты бойымызға,  
Сінірген мәңгілікке нұр Алматым!

Өмірдің ацы-тұшы дәмін татқан,  
Кеш жатып, көрген ерте таңды атқан.  
Жан едім аз да болса, тәжірибем бар,  
Оралған аман-есен жауған оқтан.

Кеттім мен бауыр басып Қайролламен,  
Бітірген мектепті алтын медальменен.

Теңдесу тұлектермен қыын еді,  
Кеш келген сусындауға білімменен.

Шындалды достығымыз күн-күн сайын,  
Тұруши-ек қолқабысқа болып дайын.  
Болмады түсінбестік арамызыда,  
Болатын пікірталас бізде әрдайым.

Айтыста жеке-дара шығатын ол,  
Астарлы ой ойлауға қабілеті мол.  
Айтушы-ек біліміңің арқасында,  
Ашылар ғалымдыққа даңғылды жол.

Ғылымның шындарына шықпағанмен,  
Болмады шыққандардан ешқандай кем.  
Қайта ол тәжірибемен үштастырып,  
Адамдық тәрбиеге қойды-ғой ден.

Қайролла отағасы болды енді,  
Кездескен қыындықтың бәрін женді.  
Немере, шөберелер үлгі алады,  
Ақылмен салмақтайды артық-кемді.

Қайролла сексен жасың құтты болсын.  
Һәмәнда Құлзағимен жолың болсын.  
Қауышып достарыңмен жиі-жій,  
Әрқашан бастарыңа бақыт қонсын!

Алпыс жыл өтіпті-ғой содан бері,  
Жарасып достығымыз біз жүргелі.  
Көк байрақ - ту астында жұз жасайық,  
Жасасын, жайнай берсін қазақ елі!



Шегиров Кайыртай Мейрамович,  
доктор математических наук,  
профессор,  
племянник юбиляра

## **ЧТОБ НЕ ОБОРВАЛАСЬ ВРЕМЕН СВЯЗУЮЩАЯ НИТЬ...**

Кайролле Муканову исполняется 80 лет. Юбилей – это, прежде всего, возможность выразить свое отношение к главному действующему лицу знаменательного события. В обыденности повседневной суэты нам кажутся неуместными слова, выраждающие глубокие чувства, сокровенные мысли, высокие оценки...

Кайролла Муканович принадлежит к поколению моих родителей. Разница в один-два года, конечно, имела значение в их взаимоотношениях между собой, но для меня они все ровесники. Их детство и юность – это военные и не менее трудные послевоенные годы, их молодость – это целина и космос. Самая главная черта того поколения – цельность характера. Их слова не расходились с делом, поэтому они были немногословны. Именно про таких людей сказал Конфуций: «Они считали позором для себя не успеть за своими словами». Собственным примером они учили нас добру и справедливости. Они не произносили высоких слов и пышных фраз, мы просто видели и знали, что честь и совесть для них – не абстрактные понятия. Мы учимся у них отношению к людям, к работе, к жизни.

Следующая важная характеристика юбиляра – его профессия. Учитель, педагог, работник образования – этим предопределено обращение к нему по имени-отчеству. Нашу тетю, сестру моего папы, мы зовем Кульзаги-тэте, но нашего жезде – только Кайролла Муканович. Они вырастили и воспитали прекрасных детей – Розу, Сару, Гульнар, Марата, все они нашли свою дорогу в жизни. В наши не столь частые приезды в Кызылжар мы редко заставали Кайроллу Мукановича дома – только в выходные дни или во время обеденного перерыва. По обычаю, расспрашивая о житье-бытье, он прежде всего интересовался успехами в учебе, его вопросы касались разных сторон школьной жизни – какие предметы нравятся и почему, какие учителя в школе, все ли предметы преподаются, как оборудованы классные кабинеты.

В ходе бесед не высказывалось ни порицания, ни одобрения, но для меня они были своеобразным отчетом и оставались в таком качестве, даже когда я закончил школу. К слову сказать, подобные беседы-отчеты со старшими служили хорошим стимулом для дальнейшей работы – их заинтересованное внимание ко многому обязывало, заставляло ответственно относиться к себе и своему делу.

В качестве штриха к портрету юбиляра. Как-то мы вместе возвращались в Петропавловск из аула на стареньком ГАЗ-69. У меня был билет на поезд, и водитель, мой троюродный братишка, с которым мы давно не виделись до этого и были рады встрече, «выжимал» из двигателя невозможное. Была реальная опасность окончательно добить движок, так и не успев к поезду, да еще и остаться всем на дороге у сломавшейся машины. Кайролла Муканович во время очередной остановки для охлаждения разогретого двигателя предложил остановить попутную машину, на которой я и успел доехать в город к

отправлению своего поезда. Тем самым он снял моральный груз с водителя – ответственность в случае моего опоздания на поезд. Казалось бы, что тут такого – ведь решение почти очевидно. Но нужно понимать и учитывать менталитет казахов. Водитель, мой братишко, не мог предложить мне это – ему казалось, что тем самым он проявит неуважение. То же самое предложение с моей стороны задело бы его гордость. Необходимо было авторитетное решение уважаемого человека, которому все охотно бы подчинились. Кайролла Муканович «прочел» ситуацию и своевременно разрешил ее.

И все-таки главное его призвание – История. Административная работа не давала возможности в полной мере реализовать потребность в исследованиях истории родного Северного Казахстана. Все это время историк Кайролла Муканов по крупицам собирал самые разнообразные материалы, в которых запечатлены фрагменты протекающего перед нашими глазами времени. Но и они – лишь осколки ушедшей эпохи. Соединить их в единую ткань, «оживить» сухое изложение фактов способна лишь человеческая память. И потому, выйдя на заслуженный отдых, Кайролла Муканович посвящает все свое время работе, смысл и назначение которой – чтобы не оборвалась «времен связующая нить». Он занят любимым делом, и это – счастье.

У казахов есть емкое слово – жасау. Один из его смыслов – жить, еще один – делать, творить, создавать, более глубокое его значение – творить жизнь. Хочу пожелать юбиляру – кеп жасаныз!

## Мұқанов Қайролла Мұқанулының марапаттары



- 1) «Құрмет белгісі» ордені
- 2) Ұбырай Алтынсарин медалі
- 3) «KCPO Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі
- 4) «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі
- 5) «В.И. Лениннің 100 жылдығына арналған» медалі
- 6) Қазақ ССР Жоғары Кенесінің Құрмет грамотасы
- 7) Қазақ ССР-інің Құрмет грамотасы (Қазақ ССР-інің Президенті Н.Ә. Назарбаев қол қойған)
- 8) Қазақ ССР халық ағарту министрлігінің Құрмет грамотасы
- 9) Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің Құрмет грамотасы
- 10) Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің Құрмет грамотасы
- 11) «1973 жылғы Социалистік жарысының жеңімпазы» белгісі
- 12) «1941-1945 жж. Ұлы Отан Соғысында Жеңістің 60 жылдығы» медалі
- 13) «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медалі
- 14) «Жеңістің 65 жылдығы» медалі
- 15) «Еңбек ардагері» медалі
- 16) «Академик Е.А. Бекетов» медалі
- 17) Петропавл қаласы әкімінің Алғыс хаты
- 18) «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі

- 19) Қазақстан Республикасының мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісі
- 20) Қазақстан журналистер одағының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының Құрмет грамотасы
- 21) Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасы
- 22) Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасы
- 23) «Нұр Отан» ХДП төрағасының Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хаты.

## Награды Муканова Кайроллы Мукановича

1. Орден «Знак Почета»
2. Медаль Ибрая Алтынсарина
3. Знак «Отличник просвещения СССР»
4. Знак «Отличник просвещения Казахской ССР»
5. Медаль «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина»
6. Почетная грамота Верховного Совета Казахской ССР
7. Почетная грамота Казахской ССР (подписанная Президентом Казахской ССР Н.А. Назарбаевым)
8. Почетная грамота Министерства просвещения Казахской ССР
9. Почетная грамота Северо-Казахстанского обкома партии
10. Почетная грамота Северо-Казахстанского облисполкома
11. Знак «Победитель Социалистического соревнования 1973 года»
12. Медаль «60 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»
13. Медаль «Конституции Казахстана 10 лет»
14. Медаль «65 лет Победы»
15. Медаль «Ветеран труда»
16. Медаль и премия имени академика Е.А. Букетова
17. Благодарственное письмо акима г. Петропавловска
18. Медаль «20 лет независимости Республики Казахстан»
19. Знак Министерства культуры Республики Казахстан «Мәдениет қайраткері»

20. Почетная грамота Совета Северо-Казахстанского филиала Союза журналистов Казахстана
21. Почетная грамота Северо-Казахстанского областного Совета ветеранов
22. Почетная грамота акима Северо-Казахстанской области
23. Благодарственное письмо председателя НДП «Нур Отан» Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева





## ДИПЛОМ

МУКАНОВ КАРИСМА МУНАНЫШ — областной съезд  
бюджетников базы министерства.

Абад Күнанбаевчының 150 жылдық мерейтойдана  
арналасын ғылыми-мәденийлік конференцияда жасалған  
жазынды бағытамын мен елеулі еңбай үшін  
**МАРАПАТТАЛАДЫ**

**НАГРАЖДАЕТСЯ**

за активное участие в научно-  
конференции, посвященной 150-летию

Абад Күнанбаева

Учёный  
Орган

Петропавловск — 1993 — наука  
Петропавловск — 1993 — норм



1893



1993

## ДИПЛОМ

МУКАНОВ КАРИСМА МУНАНОВИЧ  
М. Жұмабаевчының 100 жылдығына арналасын  
пәнсиянияттың окуда бедсенділігі үшін  
**НАГРАДТАЛАДЫ.**

**НАГРАЖДАЕТСЯ**

МУКАНОВ КАРИСМА МУНАНОВИЧ  
за активное участие областных подшефных,  
посвященных 100-летию со дня рождения

М. Жұмабаева.

Учёный совет  
Оргкомитет

Петропавловск — наука, 1993  
Петропавловск — норм, 1993





## **КАЙСУНЫ ДИПЛОМЫ ДИПЛОМ УЧАСТИКА**

# Мұқанов Қайролла Мұқанұлы

15

## **Конференцияның жылдаштару комитеті**

23 декабря 2010 года в Петродворцов Гуманитарный колледж имени Магдана Жумабеева

# **ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА**

ИУКАНОВ Каирзакха Жуканович, заместитель начальника Северо-Казахстанского управления народного образования, награждается за долголетний добросовестный труд и успешную работу в области народного образования и активное участие в строительстве жизни.



Председатель ЦК профсоюза  
работников народного хозяйства  
и дважды Кизлярский ГСР

*S. D. K.*



Казак ССР жамбыл  
Орталық мінистрлік НІМ  
14.04.1969  
Р.Т. Сарсеков



# **КУРМЕТ ГРАМОТАСЬ**

Салтүстік Қазақстан облыс беру басқармасының орынбасары.

VOL. 1, NO. 1

БІЛІМ беру саласыңдагы көп жаңдық адам  
шебері мен қогамдық әмбірге балсанде ха-  
тысқаным ушін НАГРАДАЛАСЫ

«ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД В ОЗНАМЕНОВАНИЕ  
100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ  
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА»



## УДОСТОВЕРЕНИЕ

Мусаков  
Айратшо

Мусакових

от имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

«ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД»

В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ

СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ


ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА»

Медалью «За юбилейный труд»  
в честь 100-летия со дня рождения  
Владимира Ильича Ленина  
награжден депутатом парламента  
Каргытайского районного Совета  
М. Саденов

7. аугуст 2000 г.

8272

Казахстан Республикасы  
Президенттің  
2010 жылғы 10 наурыздан  
№ 321 Жарлығымен  
**МУКАНОВ**  
**Кайролла**  
**Мұханұлы**  
1946-1945 жылдар  
Халық саясатчысы  
Академик (2004)  
Академик Академияның мембери



КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Казахстан Республикасы  
Президенттің  
2011 жылғы 10 наурыздан  
Жарлығымен

**МУКАНОВ**  
**Кайролла**  
**Мұханұлы**

«Казахстан Республикасының  
жергиліктілігінде 20 жыл»  
негізіндегі нарындың мембери



## КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ

МУШЕСІ БИЛЕТ № 1546

Кайролла Мұханұлы  
**МУКАНОВ**

Казахстан Республикасы  
Журналистер Одагының  
мүшесі



2006 ж.  
2006 ж.

## СОЮЗ ЖУРНАЛИСТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЧАЙСЕСКИЙ БИЛЕТ № 1546

**МУКАНОВ**  
Кайролла Мұханович




Член  
Союза Журналистов  
Республики Казахстан



БАЛАНСИРДАСТЫРЫЛЫМА НАҚЫСЫ  
ПОДПИСЬМЕННОГО СЪЕМА ЖУРНАЛИСТОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Президенттің 11-шілдесінен  
Союз журналистов РК

С. Матисе





ПОДПИСЬ МУКАНОВЫХ







Медаль «Молодая патриотка»  
Министерство культуры СССР,  
Министерство образования СССР

**УДОСТОВЕРЕНИЕ**  
**Муканов Н. Н.**  
заместитель  
затруднившегося Соб. № 1000

Магаданской области

ПОБЕДИТЕЛЬ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОГО  
СТРОИТЕЛЬСТВА 1975 ГОДА





## Карбонаты и силикаты ЗЕКАНОВ

*Генерал МИХАИЛ  
ВАСИЛОВИЧ КУЗНЕЦОВ  
Награжден золотой  
ПЕЧАТЬЮ ГРАМОТОЙ  
Свердловской областной  
Думы за выдающиеся  
Коммунистические  
品德 и честолюбие  
в работе по пропаганде широких  
избирателей, а также  
за успешное воспитание  
трудящихся.*



# КОЧЕТКАЯ ГРАМОТА

Награждаются начальники областного  
и городского землемерных управлений за активное прогрессивное  
воспитание кадрового образовательного логотипа.

*Pistilorus* (2,000 ft.)  
SI. NO. 90-1 SI. NO. 90-2








A circular postmark from St. Petersburg, Russia, featuring the text "Санкт-Петербург" (Saint Petersburg) around the top edge and "Почта России" (Russia Post) at the bottom. The center contains the date "1992" and the month "август" (August). The postmark is slightly tilted.

# **ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА**

За заслуги в науке и технике в области по-  
лучения и использования ядерной энергии  
имени Николая Григорьевича Сахарова

ЗАЧИСЛЕН - ЗАМОСТРОГО ВАРДАНИНОВО  
МОСКОВСКОГО ОГИБДД МВД РОССИИ

*Microtus m. pennsylvanicus* (Pursh) *Microtus m. pennsylvanicus* (Pursh)





## АТАММЕН МАҚТАНАМЫН!

Мен кішкентай күнімнен бастап атам мен әжемнің бауырында тәрбиеленіп өстім. Шешем Мәскеуде аспирантурада оқып жылына екі-ақ рет келетін. Мениң жалаңақ балалық шағым түгелімен ата мен әженің көз алдында өтті деуге болады. Жазда әр демалыс күні – саяжай. Мен үшін саяжай өте қуанышты жай болатын. Әлі есімде № 6 автобусты көп тосатынбыз (саяжай қалалық пляждің маңында болды). Автобустан кейін 2 шақырымдай жаяу жүретінбіз. Саяжайда ата бізben бірге таңертенген кешке дейін шаршамай жұмыс істейтін. Ол тек түскі тамак кезінде жарты сағат қана үзіліс жасап, қайта жұмысқа кірісетін.

Оның еңбексүйгіштігі мен жұмысқа төзімділігі таңғаларлық болатын. Осындай қасиетті ата мен әже бізге – немерелеріне үйретуге тырысады. Тіпті қазір 80-ге келсе де, атамыз кітап та шығарады, газет-журналдарға мақалалар жазады, жергілікті облыстық, республикалық бағдарламаларды үзбей қарайды немесе үй ішінде бір жұмыстармен айналысады, әйтеуір уақытын бос өткізбейді. Оның жұмыс уақыты таңғы сағат 6-дан басталып кейде түн ортасына

дейін созылады. Ол осы күнге дейін (!) жұмыс істеп жүр («Асыл мұрада») таңертеңгі 9-дан кешкі 6-ға дейін. Жұмысқа әрдайым, біздің машинаға, мінбей, жаяу барады.

Атаның тағы бір жақсы қасиеті: қарапайымдылығы. Оны қанша марапаттаса да, мақтаса да ол ешқашан «жұлдыз ауруға» шалдықкан емес.

Жұз пайыздық сеніммен айта аламын: мен Қайролла Мұқанұлының жиені болғаныма мақтанамын!

Бұл кітаптың біздің ұрпаққа жол көрсететін жарық жұлдыз болуын тілеймін. Біздің отбасымыз бұдан да тату, мықты, бірлігі жарасқан әulet болуын қалаймын. Қазір ойланған келе атамның «Уақытты бос өткізбе!», «Ешкіммен араздаста!», «Өзіңнің жұмысыныңды адаптация бер!» деген нұсқауларының аса құнды екенін түсінемін.

Атаның мерейтойын жақсы деңгейде өткізуі өзіме парыз деп санаймын, ішкі отбасылық мәселелерді ақылмен шешуді зор абырай деп білемін.

Атам қалада, облыста болып жататын қоғам жұмыстарына да белсene қатысады. Оны әрқашан ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, тікелей эфирге, тағы басқа шараларға шақырып жатады. Қысқасы, біздің атамыз – мәңгілік қозғалтқыш!

Оның адаптацияларына да белсene қатысады. Оны әрқашан ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, тікелей эфирге, тағы басқа шараларға шақырып жатады. Қысқасы, біздің атамыз – мәңгілік қозғалтқыш!

Атамды 80 жасқа толуы қарсаңында оған мықты деңсаулық, әріптестері, жолдастары, туыстары арасында бұдан да зор құрметке ие болуына, шығармашылық еңбегіне мол табыс тілеймін!

**Мұқанов Олжас**



## **ГОРЖУСЬ СВОИМ ДЕДОМ!**

Аташке - 80! Не верится! Что я могу рассказать читателю про своего деда? Казалось бы, об этом человеке я могу поведать если не всё, то наверняка почти все! Чего уж проще! Ах нет... Гораздо труднее, на мой взгляд, передать все свои мысли, эмоции, переживания, изложить переполняемые тебя чувства в текстовую форму повествования. Итак, начинаю...

С малых лет я воспитывался у дедушки с бабушкой. Мама училась в аспирантуре в Москве и приезжала домой только 2 раза в год. Можно сказать, что все мое босоногое детство прошло на глазах моих ата и эже.

Каждые выходные летом - дача. Для меня это всегда было радостным событием: еще бы - работать наравне со взрослыми! Помню, долго ждали автобус 6-ку (дача была в районе городского пляжа, с/т «Учитель-1»), потом с баулами шли еще километра два пешком. На даче ата работал вместе с нами с утра до самого вечера, практически не зная усталости. Лишь во время обеда он мог передохнуть с пол-часика и - снова за работу.

Что поражает в деде больше всего - его невероятная работоспособность и трудолюбие. Эти качества и по сей день

они вместе с бабушкой хотят привить нам, молодому поколению - своим внукам. Даже сейчас в свои 80 он пишет книги, статьи в газеты, читает, смотрит местные, областные, республиканские программы или просто что-то сам делает по дому, не желая просто тихо-мирно доживать пенсию. Невероятно: его день начинается в 6 утра, а заканчивается иногда далеко за полночь!

Еще одна положительная сторона деда - скромность. Сколько бы его не награждали, поощряли, просто хвалили, не было ни малейшего намека на «звездную болезнь».

Подумать только, ата работает до сих пор! С 9 утра и до 6 вечера. На работу ходит исключительно пешком. Даже когда у нас появилась возможность подвозить его к работе, ата всегда отказывался, говорил, что дойдет сам.

Еще ата активно участвует в общественной жизни города и области. Его постоянно приглашают па различные мероприятия: круглые столы, семинары, встречи, прямые эфиры. Короче говоря, дед - это вечный двигатель! Он всегда в курсе важных событий нашего края.

О нем, как профессионале своего дела, можно просто судить по обширному списку наград, грамот, медалей, орденов. Ведь далеко не каждому дано получать благодарственные письма, почетные грамоты, подписанные министрами, а то и Президентом страны! Деда уважают и ценят. К примеру, когда говоришь, что ты - внук Кайроллы Муканова, лица людей сразу светлеют, они всегда справляются о здоровье деда, начинают вспоминать былые времена.

Я хочу, чтобы эта книга стала своеобразным путеводителем по жизни, неким компасом для моих младших сестренок и братишки! Хочу, чтобы наша семья стала еще более крепкой, сплоченной и сильной. Сейчас уже сам начинаешь порой задумываться, начинаешь понимать огромное значение четких наставлений деда: «Уақытты бос өткізбе!»,

«Ешкіммен араздаспа!», «Өзіңдікін істей бер!» («Не теряй зря времени!», «Ни с кем не ссорься!», «Молча делай свое дело!»).

Со стопроцентной уверенностью могу сказать: я горжусь тем, что я - внук Кайроллы Муканова! Провести юбилей деда считаю своим долгом, решать внутренние дела Семьи - делом чести!

В канун 80-летия хочу пожелать деду всего самого наилучшего. Дай Аллах ему крепкого здоровья, еще большего уважения коллег и товарищей, родных и близких, дальнейших творческих планов, исторических находок!

**Олжас Муканов**



# МАЗМҰНЫ /СОДЕРЖАНИЕ

Қайролла Мұқанов (өмірбаяндық анықтама).....	4
Кайролла Муканов (биографическая справка) .....	8
Кайролла Мұқанов. Менің қысқаша өмірбаяным .....	11
Кайролла Муканов. Пройденный путь.....	29
Әбдірахманов Т.Ә. Қайролла аға Мұқанов – ұстаздардың ұстазы.....	42
Әшімов О.Б. Тағылымды ғұмыр.....	46
Баешова (Абильтаева) А.К. Любимый учитель, талантливый педагог.....	51
Башмаков А.А. Кайролла Муканович как миропонимание.....	55
Беева З.С. Человек родной земли.....	58
Бектұров Н.Қ. Адал дос туралы сөз.....	63
Бубнов Г.М. Прекрасный педагог, уважаемый человек.....	65
Викторов Е.И. Все живое особой метой отмечается с ранних пор.....	69
Демьяненко П.Н. Растить новое поколение.....	72
Ергөбек Қ. Жазулы хатқа айналған қария.....	77
Жұмабаев С.Ж. Қаламы қарымды Қайрекен.....	84
Жунусов Х.Ж. Интеллигентный, эрудированный руководитель.....	93
Исқақов Ж.Ғ. Ана тілінің жанашыры.....	97
Карабатырова А.К. Сеет разумное, добро, вечное.....	100
Клименко В.И. Педагог, наставник, исследователь-краевед.....	103
Кондратова В.И. С юбилеем, Кайролла Муканович!.....	105
Қабиев З.Қ. Қайролланы туған кезінен білемін.....	107
Қажымұратова М.М. Доссымыз Қайроллага.....	109
Қали О.Қ. Мұқанов Қайролла 80-де.....	111
Қанғожин М.М. Құрметті Қайрекеме.....	117
Қошанов А.Қ. Ағартушы-ұстаз, қоғам қайраткері.....	119
Лебедева Т.В. Учитель с большой буквы.....	125
Мәлікова С.З. Қайролла Мұқановтың тұғанына 80 жыл.....	128

Муканова Г.К. «Ләйлә». Папа. Ата Қайролла.....	132
Мұқанова (Ақанова) К.А. Жолдасым	
Қайролла туралы аз-мұз сыр.....	137
Мұқанова Р.Қ. Өнегелі түлға.....	146
Мұқанова С.Қ. Ата-анамыздан үлгі алып өстік.....	149
Мұсырман К.И. Азаматтың тұлғасы аскар таудай.....	156
Немерелері (Олжас, Жұлдыз, Ғұлнәз,	
Жанаң, Жәдігер, Нәдия) Аташка .....	158
Олжабаев З.О. Ізденіс жүгі ауыр.....	160
Оразалин С.О. Қайролла достан көп үйрендік.....	164
Оспанов К.Қ. Асылдың сыйнығы.....	166
Оспанова М.З-Ф. Ұлағатты ұстазы өлкеміздің.....	169
Өтеев А.Ә. Дағаның дарқан дарыны.....	170
Пішенбаев Қ.С. Қаламын серік еткен	
Қайролла аға сексенде де сыр бермейді.....	173
Рыб К.А. Родом из детства.....	177
Салықов К.С. Парасатты ұстаз, ұлтжанды қайраткер.....	184
Самрат Ж. Зиялы қауымның зерделі өкілі.....	197
Сейітбеков Ж.С. Қайролла – педагог,	
майталман ақылшы.....	200
Сүгірбаев Т.А. Елдің қалаулы азаматы.....	205
Сүгіров Ұ.Қ. Құрметті Қайролла аға! .....	209
Үәлихан Ш-А.Ы. Мұқанов Қайроллаға 80 жас.....	210
Үәйісов Р.С. Өңіріміздің бірегей азаматы.....	211
Шәріпов М.С. Сексенің құтты болсын,	
бауырым Қайрола!.....	216
Шегиров К.М. Чтоб не оборвалась	
времен связующая нить.....	218
Қ.М. Мұқановтың маралаттары.....	221
Награды К.М. Муканова.....	223
Мұқанов Олжас. Атаммен мақтанамын!.....	233
Муканов Олжас. Горжусь своим дедом!.....	235

ҰСТАЗ. МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ.  
ӨЛКЕТАНУШЫ  
2012 ж.

ПЕДАГОГ. ДЕЯТЕЛЬ КУЛЬТУРЫ.  
КРАЕВЕД  
2012 г.

Редакторы: Социал Жұмабаев

Корректорлары: Дәмет Бектасова,

Елена Мурзалиева

Дизайнері: Сәуле Ахмадиева

Компьютерде тергендер: Нұржамал Байтепова,

Олжас Мұқанов

Подписано в печать в 2012 г. Формат 60x84/16.

Тираж 120 экз. Заказ № 2798.

Отпечатано в типографии АО “Полиграфия”.  
СКО, г. Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 11.



# ЖМСЫН СИЛУ

КИККАТ ПЕНДАРЫ